Қазіргі кезеңде ана тіліміздің саяси және әлеуметтік тұрғыдан мәртебесі артып отырғаны баршамызға мәлім. Олай болса, тілдегі ескі тұрмыс салтқа байланысты бастапқы мән-мағынасы өзгеріске ұшырап, немесе мағыналары көмескіленген тұрақты сөз тіркестердің тарихын тереңірек зерттеп, олардың мағыналық қыр-сырын айқындау аса маңызды деп білеміз. Мәселен, «қалталы адам» тұрақты сөз тіркесінің құрамындағы «қалта» сөзі киімнің бір бөлшегі ретінде кездескенімен, оның символы «ақша» ретінде көрініс табады. Немесе, «жерден жеті қоян тапқандай» тұрақты сөз тіркесінің бастапқы мәні жөнінде де түрлі пікірлер айтылып жүр. Кейбір тілшілер «қоян» сөзін аспандағы аймен байланыстыра қарастырғаны белгілі. Мәселен, шығыс елдерінде айда қоян бар, ай жарық кезде кейбір елірме, ұстамалы аурулардың қозу қаупі бар деп сенген. Ал түркі тілдес алтайлықтар бас сүйегі бүтін күйінде өлген қоянды, тіпті болмаса, тек оның бас сүйегін тауып алудың өзі «ардіна», яғни бақыт деп аталады. Ол баланың дүниеге келу рәсімімен байланысты деген сенім бар. Осындай бас сүйекті тауып алған үй иесі оны беліне байлап жүрген. Ал отбасында балалар саны жеткілікті болған шақта, оны кадірлеп, сандыққа салып сақтаған. «Ардіна» күші оны тауып алған адамның үй-ішіне ғана емес, оның малына да құт әкеледі деп есептеген. Яғни, қоянды береке, молшылықпен байланыстырылады. Сонда *«жерден жеті қоян тауып алғандай» деген* тіркесте «қуаныш» деген астарлы мағына жатыр. Уақыт өтіп, даму барысында көптеген еркін тіркестердің мағынасы өзгеріп, тұрақты тіркеске айналады. Соның бірі – *«топырақ шашу»*. Қазір бұл тіркес көбіне біреуге «өтірік жала жабу, қаралау» мәнінде қолданылады. Бұл тұрақты тіркестітің халықтың ежелгі әдет-ғұрпымен байланысты екені күмәнсіз. Мәселен, мал иесі қасқыр жоламас үшін бір уыс топырақты алып, үш қайтара арбап оқытады да, қораны айналдыра, әлгі топырақты шашатын болған. Бұдан соң қасқыр қораға кіре алмайды деген сенім болған. Яғни, топырақ шашу рәсімі арқылы кімді болса да аластауға болады деген наным халық сенімінде үлкен орын алған. Сол сияқты *«жынын алған бақсыдай»* тұрақты тіркесі де осы наным-сенімнен шыққан. Мағынасы – «алба-жұлба» дегенді білдіреді. Бұл тұрақты тіркес ертедегі бақсылар жын шақырып ойнауынан туындаған айқын. Себебі біз білетініміздей көшпелі халықтар ерте заманнан тәңірге сиынды. Ал бақсылар тәңірді аспан деп түсінгендіктен жындарын көкке қарап шақыратын болған. Бақсылардың ерекше мінез қылықтары болады. «Ойыннан» кейін

әбден қалжырап шаршаған бақсылардың жай-күйіне қарай қазақ тілінде «жынын алдырған бақсыдай» деген тіркес қалыптасқан деп тұжырымдауға болады.

Ағылшын тіліне қатысты мысалдарға келсек, «*smoke like the Baptist day bonfire*» деген тұрақты тіркесінің мағынасы – өте көп темекі тарту, тіркестің дәлме-дәл аудармасы – баптистер күніндегі оттың түтіні тәрізді темекі тарту. Ерте кезде баптистер мерекесіне орай адамдар алаңда үлкен от жағып, оттың қасында билейтін болған. Немесе, «*Flourish like a bay tree*» тұрақты тіркестің мағынасы «жетістікті, табысты, жемісті болу» дегенді білдіреді (жалпы мағынасы лавр сияқты гүлдеу). Рим империясының дәуірінде «bay - tree», яғни лавр өсімдігі Италияға Грециядан алынып әкелінген болатын. Содан бері бұл өсімдік жеңіс пен бейбітшілік символы ретінде қарастырылады. Тарихта Капитолидағы Юпитер діни шіркеуінде жеңіспен оралған батырларға осы лавр гүлшоғын сый-сияпат ретінде сыйлайтын болған. Сондай-ақ, «*good wine needs no bush*» тұрақты тіркесі де наным-сенімге байланысты туындаған, дәлірек айтқанда, «жақсы шарап мақтауды керек етпейді» деген мағынада жұмсалады. Бұрынғы кездегі дәстүр бойынша трактир қожайындары шарап сатылатын кезде белгісі ретінде трактир есіктеріне тал-шыбықтар іліп қоятын болған.

Діни сенімге байланысты пайда болған келесі бір тұрақты тіркес «*loaves and fishes*» – «жер байлықтары» дегенді білдіреді. Библияда Иса Пайғамбар өзін тыңдауға келген калың жұртты 5 нанмен және 2 балықпен тойдырғаны жайлы айтылады. *Ал «go to the land of Nod»* – деген тұрақты тіркестің жалпы мағынасы «ұйқыға кету». Бұл тіркестің мәні де Библия бойынша Nod деп аталатын жер туралы. Каин өз ағасын өлтіргеннен кейін құдай оны Nod жеріне қуып жібереді. Осыдан келіп Nod сөзінің «қалың ұйқыға бату» деген мағынасы пайда болған. Немесе, «құрбандыққа шалу» деген дәстүр тек біздің тілімізде ғана емес сонымен қатар ағылшын, орыс халықтарының наным-сенімдерінде де бар екен. Мәселен, ағылшын тіліндегі «to kill the fatted calf» (қонаққа ең таңдаулысын, жақ), орыс тіліндегі «лёгок на помине» деген тұрақты тіркестер халықтың діни нанымымен байланысты туындаған. Адамды жерлеген кезде тек өлген адамдарды емес, сонымен қатар алыс жолға кеткен адамдарды да еске алып отырған. Еске алуда алыстан адам келсе «легок на помине» деген тіркес қолданылған.

3. Халықтың әдет-ғұрыпы, қағидалары, заң нормаларына байланысты пайда болған тұрақты тіркестер

Әр халықтың әдет-ғұрпы мен заң нормалары, этикалық қағидалары – ұзақ уақыт, бірнеше ғасырлар ішінде жинақталып, бірте-бірте жазылмаған заңға айналған жол-жоба болып табылады. Өйткені әрбір ұлттың әлеуметтік-экономикалық жағдайы, елдің, жердің табиғи-географиялық сипаты, білімі, ғылымы, мәдениеті мен өнері, әр ұлттың өзіне тән мінез-құлқы мен сенім нанымдары тәрізді факторлар тиісті заң-жобалар мен адам құқығы жайлы пікірлердің пайда болып, өз кезегінде мемлекеттік заң шығару қызметіне де өз әсерін тигізетіні айқын.

Ұлттық әдет-ғұрыптардың қалыптасуы, дамуы, олардың өзгеріске түсуі сол ұлттың тарихи әлеуметтік, мәдени өмір сүру формасының дамуы мен өзгеруіне тікелей байланысты. Ұлттық салтқа айналған дүниелер қоғам қанша өзгеріске түссе де, сол ұлт тарапынан ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып отырады. Сондықтан болар бұрыннан қалыптасқан кейбір салттарымыз күні бүгінге дейін жалғасын табуда. Солардың бірі «*аттау кере ішкізу*» салты. Мағынасы адамның өлер алдындағы ең соңғы асы деп беріледі. Бұл салт тұтқынға түскен және өлім жазасына кесілген адамға жасалатын дәстүрдің бірі.

Немесе, ағылшын тіліндегі «*A good name is better than a golden girdle*» тұрақты тіркесі «атақ байлықтан артық» деген мағынаны білдіреді. Тіркестің мағынасын тарқатсақ, бұрынғы өткен заманда ағылшындар ақшаны дорбашаға салып, оны белбеуге тағып жүретін болған. Британияда «golden girdle», яғни «алтын белбеу», сол кездің ақшасы соверендер дегенді білдірген. Яғни адамның белбеуінде толық дорбаша соверендер, немесе жартылай дорбаша соверендер, аз мөлшерде, немесе дорбашада ақырғы соверендері бар деген ұғымды білдірген екен. Сондай-ақ, «by (with) bell, book and candle» «үзілді-кесілді қорытынды» деген мәнде

қолданыс тапқандығын көреміз. Бұл тұрақты тіркестің шығу көзі христиан дінінің салт-дәстүріне байланысты. Атап айтқанда, адамдарға шіркеуден шығар алдында *«by (with) bell, book and candle»* деген дұға оқылғаннан кейін ғана рұқсат етілген екен. Сонымен қатар, *«Drunk as a lord»* тұрақты тіркестің мағынасы да ағылшындардың әдет-ғұрпымен байланысты екені байқалады. Ағылшын патшасы Георгий III (1760-1820) басқарған уақытта ақ сүйек, ауқатты адамдардың арақ-шарапты көп ішуі, олардың ақсүйек өкілдігінен шыққандығының белгісі деп танылған. Кейіннен бұл тұрақты тіркестің мағынасы «өте мас адам» дегенді білдіруі заңды тілдік құбылыс. Ал ағылшын тіліндегі *«baker's dozen»,* орысша баламасы «чертова дюжина» тіркесінің шығу тарихы төмендегідей: бұрынғы кезде ағылшын халқының салты бойынша нан сатушылар нан пісірушілерден 12 бөлке нанның орнына 13 бөлке нан алатын болған, себебі 13-ші бөлке нан сатып алушыға тегін беріледі екен. Халықта қалыптасқан қағида бойынша 13 саны шайтан саны болып есептелгендіктен, бұл жамандықтың белгісі ретінде танылған.

4. Мал шаруашылығына, аңшылық кәсіпке қатысты фразеологизмдер

Қазақ халқы үшін төрт түлік малдың бабын табу, жер-судың ыңғайына қарай жайлау, қыстау, күздеу арасында көшіп-қонып жүруінде, табиғаттың жұмбақ сырларын, тылсым күшін түсініп, соған орай алдын-ала әрекет жасап, дағдыланған. Әр жердің шөбі мен суы басқа болатынын ескеріп, түрлі табиғи өзгерістерді қалт жібермей бағып отырған малының бабын табу, жағдайын жасау мақсатында бүкіл өмір бойғы тәжірибесін, күшін дала заңдылықтарына, талаптарына бағыттады.

Көшпелі шопан әрқашан өз өнерін жетілдіріп, жаңа әдістерді ойлап тауып, оларды дамыта отырып, көшпелі әлемді біртұтас дүние ретінде қабылдап, табиғатпен өз мүддесін үндестіре білген, табиғаттың негізгі заңдылықтарын түсініп, оған қайшылық жасамау керек деген қағидамен өмір сүрді. Төрт түлік малдың болмысын жаратылыс заңдылықтарымен сабақтастыра бақылау нәтижесінде, тілімізде көптеген тұрақты сөз тіркестері пайда болды. Мәселен, «молшылыққа кенелу» мағынасында жұмсалатын «ақ түйенің қарны жарылу» деген тұрақты мал шаруашылығына байланысты туындағаны айқын. Төтенше жағдайда жорықтан ең жақын туысы аман оралса, не көптен күткен әйелі ұл туса, өрісте жүрген ақ түйенің қарнына пышақ тығып алып, қол беретін дәстүр болған екен. Бүкіл даланы басына көтеріп боздаған түйенің даусын ел естігенде, қуанышты жаңалықтың болғанын біліп, бір жерге жиналады екен. «Тұяқ тайға жеткізер», «тай құнанға жеткізер», «құнан атқа жеткізер», «ат мұратқа жеткізер» мақалдары да жылқы жануарының қазақ халқы үшін киелі жануар екендігін аңғартады. Жылқы әсіресе, жауынгершілік көне заманның талабына сай өте құнды мал ретінде саналды. Себебі сол кезде жауды қуып жетуге немесе одан қашып құтылуға жылқыдан қолайлы мал болмаған.

Жылқы түлігіне байланысты пайда *«жілігі тату»* тіркесі «атты күтіп, баптау» ісімен байланысты пайда болған, өйткені қазақ атбегілері тұлпардың жілік майының толуына ерекше көңіл бөлгенін байқауға болады. Әсіресе, көшпелі мал шаруашылығының өзіндік дәстүрінен туатын тәжірибелік іс екендгін байқатады. Төрт түлік малдың басын көбейту үшін үйірге еркек малдардан бура, айғыр, қошқар салғанда олардың арасында тоғыз ұрғашыдан бөліп отырған. Немесе, «құлаққа ұрғандай танадай» тіркесінің негізгі мағынасы – есеңгіреп қалу. Малды ұрып, есеңгіретіп алып, есін жиғызу бастан ауырған малды емдеу үшін қолданылған, сондықтан бұл тіркестің жасалуына халық емінің бір түрі негіз болған деп айтуға болады. Алайда бұл тіркестің екінші мағынасы «жым-жырт, тыныштық» дегенді білдіреді. Бір сөзбен айтқанда, қазақ халқының шаруашылығымен байланысты қалыптасқан тұрақты тіркестері ертеден келе жатқан көшпелілер мәдениетінің тілдегі көрінісін сипаттайтынын көреміз.

Мал шаруашылығына байланысты өзге тілдердегі пайда болған фразеологизмдерден мысал келтірсек, орыс тіліндегі «врет как сивый мерин» – ұялмай-қызармай өтірік айту деген тіркесті айтуға болады. Бұл тұрақты тіркестің пайда болуына байланысты әр түрлі пайымдаулар бар. «Мерин» сөзі монғолдың «morin», яғни «жылқы, ат» деген сөзінен

шыққан. Тарихи деректерде «конь сив», «мерин сив» деген тұрақты тіркестердің бір бөлігі «сивый» «конь» сөзіне анықтауыш ретінде «күлгін, ақшыл» деген мағынаны білдіріп тұр. Жалпы «сивый мерин» тұрақты тіркесінің мағынасы – көп жұмыс істеп, әбден шаршап-шалдыққан кәрі ат. Ал бұл тұрақты тіркестің ауыспалы мағынасы немқұрайлы сөйлеп, сандырақтайтын кәрі еркек, не алжыған шал деген мағынаға жуық. Мұндағы: мерин – құлын, сивый – кәрі, яғни тұрақты тіркес мағынасы «кәрі адамдардың өз күш-қайратын, ой-санасын жастардың алдында мақтап, әрі мадақтап, солардан асып түспесе кем қалмайтындықтарын көрсеткісі келуі» деген ұғымды білдіреді. Бұл тұрақты тіркес орыс халқының наным-сенімдеріне байланысты күлгін түсті жылқыны ақымақ жануар деп есептеген. Орыс шаруалары күлгін түсті жылқыны жер жырту және т.б. ауыл шаруашылық жұмыстарына пайдаланбаған, себебі күлгін түсті жылқы жұмысты дұрыс істемейді немесе жұмысы жақсы жүрмейді деген наным қалыптасқан. Сонымен, қорыта айтқанда орыс халқының нанымына байланысты жылқы, ешкі, қой ақымақ, қорқақ жануар ретінде суреттеледі.

Ағылшын тіліндегі «*to get someone's goat»* – біреуді ашуландыру, жүйкесіне тию деген мағынаны білдіреді. Аталмыш тұрақты сөз тіркесінің мәні ат жарысы дәстүріне байланысты пайда болған. Атбегілер үлкен ат жарысы алдында бәйге ат тұрған қораға ешкіні бірге ұстаған. Атбегінің нанымы бойынша ешкінің бәйгеге шабатын тұлпарды сайыс алдында тыныштандыра алатын, жағымды әсері бар деп сенген. Ал қарсылас жақтың адамдары бәйге шабатын атты ашуландыру үшін оның қасындағы ешкіні ұрлап кетуге тырысқан. Егер ешкіні ұрлап кеткен жағдайда ат бәйгеден жеңіліс табады деп сенім болған. Немесе, «*beat a dead horse*» – уақытты босқа өткізу, дәлме-дәл аудармасы – өліп қалған атты ұру. Бұл тұрақты тіркес «қандай да бір шешіліп қойған, әрі қарай ештеңені өзгертуге келмейтін мәселені басқаша дәлелдеуге, шешуге тырысатын адам» деген мағынада жұмсалады.

Ағылшын тіліндегі жан-жануарлар атауымен байланысты пайда болған тағы да бір тұрақты сөз тіркесін мысалға келтірейік. Мәселен, «The black sheep of the family» – отбасындағы жағымсыз адам (паршивая овца) деген тұрақты сөз тіркесінінің мағыналық сипаты төмендегідей: қой жануары жүнінің түсі әдетте ақ болатыны белгілі. Ағылшын фермерлері қой төлдеуі кезінде генетикалық ауытқулар нәтижесінде қара қозылардың тууына аса қуанбаған. Себебі ақ қойдың жүні қара қойдың жүніне қарағанда әлдеқайда өтімді болған, себебі ақ түсті жүнді түрлі түске бояға мүмкіндік бар. Ал қара түсті жүнді ешқандай түске бояу мүмкін емес, сондықтан оған сұраныс аз болады деген ұғым қалыптасқан. Сонымен қатар, орта ғасырларда қара түсті аңдар мен жан-жануарларды сондайлық ұнатпаған. Діни наным-сенімге байланысты қара түсті жануарлар зұлым, қара күштің құлдары, соларға қызмет етеді деген сенімде болған. Сондықтан жүні қара түсті жан-жауардан тезірек құтылуға тырысқан.

5. Бір сыңары этнос тарихына қатысты пайда болған фразеологизмдер

Дүние жүзі халықтары өз ұлтының тарихын жасау барысында белгілі бір рөл атқарады. Адамзат қоғамы тарихи даму барысында халық тілінде түрлі тарихи жағдайлар, танымал есімдер, сан түрлі жер-су аттары, мақал-мәтелдер т.б. тілдік бірліктер тұрақты түрде қолданысқа түсіп, тілде тиянақты түрде қалыптасу үрдісін басынан өткереді. Тілде бұрыннан қалыптасып кеткен фразеологизмдердің, нақыл сөздер мен басқа тұрақты тіркестердің мазмұны жаңғырылып, мағыналық өзгеріске түсуі мүмкін. Кейбір адамдар аталмыш сөз тіркестерінің мағынасына мән беріп, естіген, жадында қалған тұстарын әңгімелеп, «сол кезден қалған сөз еді» немесе «сол айтқандай» деп, әлде бір оқиға нәтижесінен өзіндік ой түйіп, пайымдауға бейім болады. Келер ұрпақ үшін өз ұлтының бастан кешкен окиғалары бүгінгі заманда тарих қатпарларында елеусіз қалмауына, қайта көпшіліктің назарын аудартып, әлде бір болған оқиғалардың халық үшін ұмытылмай, қайталанып қолданыста болуы, сол ұлттың тілінде сақталып қалған сөздік қор мен тұрақты сөз тіркестеріне байланысты. Осы айтылған пікірге мысал ретінде *«Қайран менің өз үйім, кең сарайдай боз үйім»* деген сөз тіркестерін алайық. Қазақ халқының ауыз әдебиетінде Жиренше шешен жайлы аңыз-әңгімеде Жиренше байлардан қаншалықты керемет сый-құрмет көрсе де, жатса сирағы сыртына шығатын өзінің

жаман лашығына келіп, осы тұрақты тіркесті үйінде шалқайып жатқан айтқан екен деседі. Немесе, *«ит жеккенге айдалу»* деген тұрақты тіркестің мағынасы – «алыс, шалғай», немесе «Сібірге жер аудару» дегенді білдіреді. Аталмыш тіркестің мағыналық астарында Патшалық Ресей үкіметі ұстанған саясатын қолдамаған ел азаматтарын жазалау мақсатында елден алыс, қиырда жатқан Сібірге жер аударып отырған. Сібірдің кейбір халықтарының қыс кезінде шанаға ит жегіп, тіршілік ететіні белгілі жайт.

Ал ағылшын тіліндегі «(as) fat as an aldermen» тұрақты тіркесінің мағынасы «Олдермен сияқты өте семіз болу». Ағылшын халқы тарихында өте семіз Олдермен атты адам қалалар мен графстволардың мүшелерінен тағайындалған муниципалитеттің аға кеңесшісі болған. Немесе, «more kick than half pence» – «жақсылығынан жамандығы көп» деге тұрақты тіркестің мағынасы ағылшындардың тарихымен тығыз байланысты. Өткен заманда Англия көшелерінде қайыршы шарманщиктер адамдардың көңілін көтеру үшін және азын аулақ ақша табу үшін маймылдарды билететін болған. Бірақ бұл кәсіп шарманщиктерге көп табыс алып келмейтін, сонымен қатар маймылдар да адамдардан неше түрлі қорлық көретін еді. Сол сияқты орыс тіліндегі «Потемкинские деревни» – «жасанды, көзге көрінү үшін» деген мағынада жұмсалады. Бұл тұрақты тіркес II Екатерина кезінде мемлекет қайраткері болған Г.А. Потемкин атымен байланысты. Крым мен Ресей қосылғаннан кейін ханшайым Новороссияға сапармен аттанған жылы Г.А. Потемкин сол жердің гүлденуін мадақтап, тек ханшайым жүретін жолға ғана әсем үйлер салғызған деген жорамал бар.

Қорытынды

Қорыта айтқанда, әр тілдегі фразеологизмдер айналадағы қоршаған заттар мен құбылыстарға ұлт тарихы, ұлттық ой-санасы, мәдениеті тұрғысынан сипаттау арқылы сол ұлттың дүниетанымын аңғартады. Әр халықтың ұлттық ерекшеліктері, ұлтқа тән көзқарасы, өзіндік дүниетанымы болмаса, басқалардан қандай да бір айырмашылығымен ерекшеленбесе, әрі бұл қасиеттердің барлығы ұлт тілінде сақталып, сол ұлт тілінде жеткізілмесе, онда сол ұлттың менталитеті туралы ой толғау, пікір айту қиынға соғады. Мақалада баяндалған қазақ және ағылшын тілдеріндегі ұлттық сипаттағы тұрақты тіркестерін саралай келе, ағылшын және орыс тілдеріндегі тұрақты тіркестер көбіне дінмен және көне Рим, Грек аңыздарымен тікелей байланысты болып келсе, ал қазақ тіліндегі тұрақты тіркестер тек қазақ халқына тән салт дәстүрлерге негізделген байқау қиын емес. Сонымен қатар қазақ көшпенді халық болып, тек мал шаруашылығымен айналысқандықтан, мал шаруашылығына байланысты тұрақты тіркестер басымырақ болып келетінін, орыс тілінде мал шаруашылығына байланысты тұрақты тіркестердің аз екендігін, ал ағылшын тілінде мүлдем жоқтың қасы екендігіне көз жеткіздік.

Бұл басылымда қазақ және ағылшын тілдеріндегі тұрақты тіркестер мағыналық тұрғыдан тақырыптарға жіктеліп, қажетті лингвомәдени талдаулар жасалды, фразеологизмдердің астарындағы халық ауыз әдебиеті негізінде қалыптасқан тұрақты тіркестер тобы мифтік, ертегілік сюжетті фактілермен түсіндірілді. Кейбір ұлттық дәстүрлердің көріністері миф, ертегі, аңыздар түрінде тіл-тілден тұрақты орын алатындығы баяндалды. Демек, кез келген ертегі, аңыз халық арманының, оның мұң мұқтажының таным-түсінігінің көрінісі болса, осы ертегілік, аңыздық сипатта қалыптасқан тұрақты тіркестер философиялық ойдың ғасырлар бойы жинақталған ұлттық дәстүрдің, ұлттық мәдениеттің сұрыпталған тұжырымы, негізгі нәрі, қысқа да көркем бейнесі екені айдан анық.

Сондай-ақ, мақалада салт-дәстүрлер халықтың наным-сеніміне, өмірге деген көзқарасына, тіршілік кәсібіне байланысты туып, ұрпақтан-ұрпаққа ауысып, өзгеріп, өмірге қажеттілері дамып, жаңа қоғамдық қатынасқа қайшы келетіндері жойылып отыратындығы, нәтижесінде, қазақ халқының салт-дәстүрлерінің көпшілігі мал тұрмыс-тіршілікпен, көшіп-қонумен, шаруашылығына қатысты қалыптасқаны айқын байқалатындығы баяндалды.

Адамдардың қоғамдағы орны, белсенділігі, жетістігі тілді қаншалықты дәрежеде меңгергенімен, сөз құдіретін қалай бағалай алғанымен тікелей байланысты. Тіл құпиясы адамзат құпиясымен байланысты болғандықтан, тілдік бірліктердің, дәлірек айтқанда,

тұрақты сөз тіркестерінің, мыңдаған жылдар қойнауындағы қатпарланған жұмбақтардың сырын ашуға жол ашады.

Тіл-тілдегі фразеологизмдер ұлт өмірінің әр кезеңдерінде алуан түрлі құбылыстар мен оқиғаларды айшықты тілмен суреттеп, бүгінгі күнмен үндестіреді. Ендеше, фразеологизмдердің қалыптасу негіздерін халықтың ұлттық мәдениетімен байланыстыра қарастыру – тіл біліміндегі өзекті мәселердің бірі. Сондықтан, бұл мақалада қазақ және ағылшын тілдері фразеологизмдердің ұлттық және мәдени ерекшеліктерін қазақ және ағылшын халықтарының мәдениетімен байланыстыра айқындау басты мақсат болды.

Әдебиеттер

1. Телия В.Н. Русская фразеология. Семантический, прагматический и лингво-культурологический аспекты. – М., 1996. – 288 с.
2. Воробьев В. Лингвокультурология (теория и методы). – Москва: РУДН, 1997. – 332 с
3. Алдашева А. Аударматану: Лингвистикалық және лиигвомәдени мәселелер. – Алматы: Арыс, 1998. – 158 б.
4. Смағұлова Г. Қазақ фразеологиясы лингвистикалық парадигмаларда. – Алматы, 2010. – 280 б.
5. Маслова В.А. Введение лингвокультурологию. – Москва: Наследие, 1997. – 205 с
6. Телия В.Н. Язык и общество // Язык, сознание, коммуникация. Сб. статей. Отв.ред. В.В. Красных, А.И.Изотов. – М.: МАКС пресс, 2005. – вып. 30. – 260 с.
7. Аханов К. Тіл білімінің негіздері. – Алматы: Өлке, 2010. – 557 б.
8. Әбілқасымов Б. Қазақтың көне наным-сенімдеріне қатысты ғұрыптық фольклор. – Алматы: Атамұра, 1993. – 176 б.
9. Гак В.Г. Сопоставительная лексикология. – Москва: Наука, 1977 – 140 с.
10. Глазунов М.С. Наша культура – это традиции. – Москва: Современник, 1991. – 205 с.
11. Ғабитханұлы К. Наным-сенімге байланысты қазақ тіліндегі тұрақты тіркестер. Филол. ғылымдарының канд. диссертациясы. – Алматы, 1995. – 182 б.
12. Кайдаров А., Жайсакова Р. Принципы классификаци фразеологизмов и классификационные группы в казахском языке. – Алматы /Известия АН Каз ССР. 1979. – №3. – С. 65-73.
13. Копыленко М.М. Избранные труды по языкознанию. Том I. – Алматы: Институт по язкознанию им. Байтурсынова, 2010. – 444 с.
14. Копыленко М.М. Основы этнолингвистики. – Алматы: Евразия,1995. – 120 с.
15. Кунин А.В. Курс фразеологии современного английского языка. – Москва: Высшая школа, 1996. – 381 с.
16. Қайдаров Ә. Қазақ тілінің өзекті мәселелері. – Алматы: Ана тілі, 1998. – 306 б.
17. Кеңесбаев І. Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі. – Алматы: Ғылым, 1977. – 711 б.
18. Қазақ тілінің қысқаша этимологиялық сөздігі. – Алматы: Ғылым, 1966. – 239 б.
19. Смагулова Г.Н. Лингвокультурный статус казахских фразеологизмов // Материалы Греция. – Салоники. – С. 687-694.
20. Ысқақов А. Соқыр сенім және діни ұғымдар. – Алматы, 1968. – 120 б.
21. Allan K. Natural language semantics. – Oxford: Blackwell Publishers, 2001. – 456 p.
22. Alexander R.J. Fixed expressions in English: A linguistic, psycholinguistic, sociolinguistic and didactic study. Part 1 // Anglistic und Englischunterricht. 1979. – №6. – P. 171-188.
23. Kunin A. English-Russian Dictionary of Idioms. Moscow: Russky yazyk publishers, 2001. – 512 p.
24. Oxford Dictionary of idioms (Edited by Judith Siefring). Oxford University Press, New York, 2004. – 340 с.

References

1. Teliya V.N. Russkaya frazeologiya. Semanticheskiy, pragmaticheskiy i lingvo-kulturologicheskiy aspekty [Russian phraseology. Semantic, pragmatic and linguocultural aspects]. – M., 1996. – 288 p. (in Russian)

2. Vorobyev V. Lingvokulturologiya (teoriya i metody) [Linguoculturology (theory and methods)]. – Moskva: RUDN, 1997. – 332 p. (in Russian)
3. Aldasheva A. Audarmatany: Lingvistikalyk zhane lingvomadenietik maseleler [Translation studies: linguistic and linguocultural issues]. – Almaty: Arys, 1998. – 158 p. (in Kazakh)
4. Smagulova G. Kazakh frazeologiyasy lingvistikalyk paradigmalarnda [Kazakh phraseology in linguistic paradigms]. – Almaty, 2010. – 280 p. (in Kazakh)
5. Maslova V.A. Vvedenie v lingvokulturologiyu [Introduction to linguoculturology]. – Moskva: Nasledie, 1997. – 205 p. (in Russian)
6. Teliya V.N. Yazyk i obshchestvo [Language and society] // Yazyk, soznanie, kommunikatsiya. Sb. statey. Otv. red. V.V. Krasnykh, A.I. Izotov. – M.: MAKS press, 2005. – Vyp. 30. – 260 p. (in Russian)
7. Akhanov K. Til biliminin negizderi [Fundamentals of linguistics]. – Almaty: Olke, 2010. – 557 p. (in Kazakh)
8. Abilqasymov B. Kazaktyn kone nanim-senimderine qatysty ghurptyk folklor [Ritual folklore related to ancient Kazakh beliefs]. – Almaty: Atamura, 1993. – 176 p. (in Kazakh)
9. Gak V.G. Sopostavitelnaya leksikologiya [Comparative lexicology]. – Moskva: Nauka, 1977. – 140 p. (in Russian)
10. Glazunov M.S. Nasha kultura – eto traditsii [Our culture is traditions]. – Moskva: Sovremennik, 1991. – 205 p. (in Russian)
11. Gabitkhanuly K. Nanim-senimge baylanysty kazak tilindegi turaqty tirkester [Fixed expressions in Kazakh related to beliefs]. – Almaty, 1995. – 182 p. (in Kazakh)
12. Kaydarov A., Zhaisakova R. Printsipy klassifikatsii frazeologizmov i klassifikatsionnye gruppy v kazakhskom yazyke [Principles of classification of phraseological units and classification groups in Kazakh language] // Izvestiya AN Kaz SSR. – 1979. – №3. – P. 65-73. (in Russian)
13. Kopylenko M.M. Izbrannye trudy po yazykoznaniyu. Tom I [Selected works on linguistics. Volume I]. – Almaty: Institut yazykoznaniya im. Baytursynova, 2010. – 444 p. (in Russian)
14. Kopylenko M.M. Osnovy etnolingvistiki [Fundamentals of ethnolinguistics]. – Almaty: Evraziya, 1995. – 120 p. (in Russian)
15. Kunin A.V. Kurs frazeologii sovremennogo angliyskogo yazyka [Course of phraseology of modern English]. – Moskva: Vysshaya shkola, 1996. – 381 p. (in Russian)
16. Kaidarov A. Kazakh tilinin ozekti maseleleri [Topical issues of the Kazakh language]. – Almaty: Ana tili, 1998. – 306 p. (in Kazakh)
17. Kengesbaev I. Kazakh tilinin frazeologiyalyk sozdigi [Phraseological dictionary of the Kazakh language]. – Almaty: Gylym, 1977. – 711 p. (in Kazakh)
18. Kazakh tilinin kyskasha etimologiyalyk sozdigi [Concise etymological dictionary of the Kazakh language]. – Almaty: Gylym, 1966. – 239 p. (in Kazakh)
19. Smagulova G.N. Lingvokulturnyy status kazakhskikh frazeologizmov [Linguocultural status of Kazakh phraseological units] // Materialy, Gretsiya, Saloniki. – P. 687-694. (in Russian)
20. Ysqakov A. Soqyr senim zhane dini ugymdar [Blind belief and religious concepts]. – Almaty, 1968. – 120 p. (in Kazakh)
21. Allan K. Natural language semantics. – Oxford: Blackwell Publishers, 2001. – 456 p.
22. Alexander R.J. Fixed expressions in English: A linguistic, psycholinguistic, sociolinguistic and didactic study. Part 1 // Anglistik und Englischunterricht. 1979. – №6. – P. 171-188.
23. Kunin A. English-Russian Dictionary of Idioms. – Moscow: Russky yazyk Publishers, 2001. – 512 p.
24. Oxford Dictionary of Idioms. Edited by Judith Siefring. – Oxford University Press, New York, 2004. – 340 p.

Ж.У. Калимова
Шәкәрім университет,
071412, Республика Казахстан, г. Семей, ул. Глинки, 20 А
ORCID: 0000-0001-8391-8340
e-mail: zhibek_15_10@mail.ru

НАЦИОНАЛЬНО-КУЛЬТУРНЫЕ ОСОБЕННОСТИ ФРАЗЕОЛОГИЗМОВ В КАЗАХСКОМ И АНГЛИЙСКОМ ЯЗЫКАХ

Аннотация. В статье всесторонне рассмотрены национально-культурные особенности фразеологизмов в казахском и английском языках, относящихся к разным языковым группам, в рамках лингвистической культурологии. Был проведен анализ фразеологизмов в сопоставляемых языках, в частности, на основе историко-социальной и познавательной практики казахского и английского народов в разные периоды с выявлением соотношения языка и культуры, были описаны способы образования устойчивых выражений в двух языках, этапы формирования их в языке, проведен лингвокультурологический анализ, классифицирован на семантическую и тематическую группы.

В языке каждого народа с незапамятных времен очень много разных тонкостей, имеются устойчивые обороты, которые нашли свое отражение и широкое применение в языке. Устойчивые выражения, пословицы и поговорки, крылатые слова в языке – главное достояние, сокровище каждого народа, содержащее в себя национальные культурные и ментальные особенности, обычаи и традиции.

В данной статье подчеркивается, что смысловая основа устойчивых выражении в языке в полной мере отражается в традициях, обычаях и мировоззрении народа и, учитывая указанные факторы, охарактеризованы национально-культурные особенности фразеологизмов казахского и английского языков, рассмотрены их сходства и различия.

Важное значение имеет изучение фразеологизмов языка в рамках лингвистической культурологии с использованием сравнительно-сопоставительного метода. Потому что недостаточно познать природу национального языка, соединяющего такие понятия, как национальная культура, национальное бытие и национальный язык, только на основе собственной внутренней закономерности языка. В связи с этим, изучение и познание тонкой природы устойчивых выражений в языке становится возможно в результате тесного взаимодействия лингвистики с другими областями науки (антропология, психология, мифология, этнография, познание культуры и др.).

Одной из основной целью современной лингвистической науки является совершенствовать современные методы и приемы комплексных и систематических исследований для определения специфических национально-культурных особенностей каждого языка.

В процессе работы над статьей использовались такие виды методов как описательный (синхронный) метод, сравнительно-сопоставительный метод, лингвокультурный и историко-этимологический анализ, методы отбора и систематизации фактического материала.

Ключевые слова: лингвокультурология, фразеологизмы, национально-культурные особенности, национальная культура, обычаи и традиции.

Zh.U. Kalimova
Shakarim University,
071412, Republic of Kazakhstan, Semey, 20 A Glinka str.
ORCID: 0000-0001-8391-8340
e-mail: zhibek_15_10@mail.ru

NATIONAL AND CULTURAL FEATURES OF PHRASEOLOGICAL UNITS IN THE KAZAKH AND ENGLISH LANGUAGES

Abstract. The article comprehensively examines the national and cultural features of phraseological units in the Kazakh and English languages, which belong to different language groups, within the framework of linguistic cultural studies.

The article analyzes phraseological units in the compared languages, particularly based on the historical, social, and cognitive practices of the Kazakh and English peoples in different periods, to identify the relationship between language and culture. The article describes the methods of formation of set expressions in the two languages, the stages of their development in the language, and carries out a linguistic and cultural analysis, classifying them into semantic and thematic groups.

Since time immemorial, every nation's language has been rich in various nuances and has developed a great number of set expressions that have become widely used. These expressions, including proverbs, sayings, and idioms, are the cornerstone of each nation's cultural heritage, reflecting its unique customs, traditions, and mindset.

This article emphasizes that the semantic basis of stable expressions in the language is fully reflected in the traditions, customs, and worldview of the people. Taking into account these factors, the article describes the national and cultural features of the phraseological units in the Kazakh and English languages and examines their similarities and differences.

It is important to study the phraseological units of a language within the framework of linguistic cultural studies using the comparative method. Because it is not enough to know the nature of the national language, which combines concepts such as national culture, national being and national language, only on the basis of its own internal laws of language. In this regard, the study and cognition of the subtle nature of stable expressions in language becomes possible as a result of the close interaction of linguistics with other fields of science (anthropology, psychology, mythology, ethnography, cultural cognition, etc.).

The goal of modern linguistic science is to improve modern methods and techniques of comprehensive and systematic research in order to determine the specific national and cultural features of each language.

In the process of working on the article, the following types of methods were used: descriptive (synchronous) method, comparative-contrastive method, linguistic-cultural and historical-etymological analysis, methods of selection and systematization of factual material.

Keywords: lingoculturology, phraseology, national and cultural features, natural culture, customs and traditions.

Автор туралы мәлімет

Калимова Жібек Үсембаевна – филология ғылымдарының кандидаты, «Шәкәрім университеті» КеАҚ шетел және орыс тілдері кафедрасының доценті, Қазақстан Республикасы, Семей, e-mail: zhibek_15_10@mail.ru, ORCID: https://ORCID.org/0000-0001-8391-8340.

Сведения об авторе

Калимова Жибек Үсембаевна – кандидат филологических наук, доцент кафедры иностранного и русского языков НАО «Шәкәрім университет», Республика Казахстан, Семей, e-mail: zhibek_15_10@mail.ru, ORCID: https://ORCID.org/0000-0001-8391-8340.

Information about the author

Zhibek Kalimova – candidate of philological sciences, associated professor. Department of Foreign and Russian languages Non-Profit joint-stock company «Shakarim University», Republic of Kazakhstan, Semey, e-mail: zhibek_15_10@mail.ru, ORCID: https://ORCID.org/0000-0001-8391-8340.

Редакцияға енуі 02.08.2025
Жариялауға қабылданды 26.09.2025

https://doi.org/10.53360/3080-3861-2025-3(3)-4
ҒТАМР: 16.21.37

Г.М. Мамырбек
А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты,
050010, Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Құрманғазы к-сі, 29
ORCID: 0000-0002-7399-2122
e-mail: gulfar76@mail.ru

ТҮРКІ ЖАЗБА ДӘСТҮРІНДЕГІ ҚЫПШАҚ ТІЛІНІҢ ОРФОГРАФИЯЛЫҚ ПРИНЦИПТЕРІ

Аңдатпа. Бұл мақалада қыпшақ тілді жазба ескерткіштердің орфографиялық жүйесі тарихи-лингвистикалық тұрғыдан кешенді түрде қарастырылды. Түркітану ғылымында көне және орта ғасырдағы жазба мұралардың тілі тек тарихи дерек көзі ғана емес, сонымен қатар халықтық тілдің құрылымдық сипатын анықтауға мүмкіндік беретін маңызды материал болып табылады. Зерттеу барысында қыпшақ тіліндегі жазба ескерткіштердің жазу дәстүрін айқындаған үш негізгі принцип айқындалды: фонетикалық, инвариант және цитаталық (түпнұсқа) принциптер. Фонетикалық принцип ауызекі сөйлеу тіліндегі дыбыстық ерекшеліктерді дәлме-дәл жеткізуді көздейтіндігі анықталды. Мақалада қыпшақ жазба мұраларынан ерін үндестігі, дыбыстардың ұяңдануы, қысаң дауыстылардың түсіп қалуы сияқты құбылыстарға нақты мысалдар келтірілді. Инвариант принцип морфологиялық тұлғалардың тұрақты нұсқасын сақтап жазу үрдісін көрсететіні айқындалды. Бұл қосымшалардың әртүрлі варианттарының орнына жалғыз инвариант түрін қолдану арқылы жүзеге асқаны дәлелденді. Ал цитаталық принцип араб-парсы тілдерінен енген сөздерді түпнұсқалық графикалық қалпында беру арқылы көрініс тапты. Зерттеу дереккөзі ретінде «Кодекс Куманикус», Әбу Хайанның «Китаб ал-Идрак», Құтыптың «Хұсрау-Шырын» сияқты қыпшақ мұралары қарастырылды. Бұл

ескерткіштер қазақтың ескі жазба тіліне елеулі ықпал етіп, халықтық тілдің белгілерін сақтап жеткізгені анықталды. Мақаланың ғылыми жаңалығы қыпшақ тілінің орфографиялық жүйесін халықтық тілмен сабақтастыра талдаумен ерекшеленеді. Қыпшақ тілді ескерткіштердің жазу дәстүрі қазақ тілінің тарихи дамуындағы кезеңдік ерекшеліктерді, дыбыстық жүйенің сипатын және тілдің ұлттық сипат алу барысындағы өзгерістерін айқындауға айрықша үлес қосады.

Тірек сөздер: қыпшақ тілі, жазба ескерткіш, орфографиялық принцип, фонетикалық принцип, инвариант принципі, цитаталық принцип, ескі қазақ жазба тілі.

Кіріспе

Зерттеушілердің көпшілігі XV-XIX ғасыр аралығында араб жазуымен түзілген жазба мұралардың негізінен морфологиялық-этимологиялық принципке сүйенгенін алға тартады. Мұндай жазу үлгісі әрбір халықтың өзіндік фонетикалық ерекшеліктерін ескермей, ортақ бір жүйеге бағындырды және қосымшалардың түрленуін бейнелемей, бір ғана қалыпты сақтап отырды. Бұл жайт көне және орта түркі дәстүрінің жалғасы болатын. Осыған орай И.А.Батманов мұндай жүйенің бір жағынан әмбебаптығын атап көрсетіп, түрлі тіл өкілдерінің мәтінді бірдей жазып, әрқайсысы өз тілдік ерекшелігіне сай әртүрлі оқи алуын артықшылыққа жатқызса, екінші жағынан Орта Азия халықтарының дыбыстық жүйесіне сәйкес келмегендіктен, ұлттық тілдердің дербес дамуына кедергі болғанын айтады.

Осы себептен қазақ қоғамында қолданылған ескі жазба тілдің халықтық тілдің дыбыстық табиғатын дәл бере алмады деген пікірлер қалыптасты. Дегенмен, Әбілқасымовтың пайымдауынша, морфологиялық-этимологиялық принцип ескі қазақ жазба тілінде (XV-XIX ғасыр мен XX ғасырдың алғашқы ширегінде), әсіресе мерзімді баспасөзде ұзақ сақталса да, XIX ғасырдың екінші жартысынан бастап қазақтың ауызша әдеби тілі мен сөйлеу тілінің нормаларының ене бастауына байланысты әлсірей түсті.

Сонымен қатар, ескі жазба тілдің лексикалық құрамында халыққа бейтаныс араб-парсы сөздерінің мол қолданылуы, оғыз-қыпшақ және ұйғыр-караханид әдеби дәстүрлеріне тән белгілердің орын алуы оны халықтық тілден алыстатқан құбылыстар екені даусыз. Алайда осы ерекшеліктерге сүйеніп, ескі жазба тіл қазақтың сөйлеу тілін мүлде бейнелемеді деу шындыққа жанаса бермейді. Өйткені XV-XIX ғасырда түзілген жазбалардың өзінде ауызекі сөйлеуге тән сөздер мен қолданыстар жиі кездеседі.

Осы кезеңдердегі ескі қазақ жазба тілі үлгілеріне Қадырғали Жалайырдың «Жамиғат тауарихы», Әбілғазы Баһадүрдің «Түркі шежіресі», сондай-ақ XVIII-XIX ғасырларда хатқа түскен хан-би жарлықтары, ресми құжаттар мен жекелеген хаттар жатады.

Материалдар мен әдістер

Зерттеудің материалдары ретінде орта ғасырлардағы қыпшақ тіліндегі жазба ескерткіштер пайдаланылды. Атап айтқанда, «Кодекс Куманикус», Әбу Хайанның «Китаб ал-Идрак», Құтыптың «Хұсрау-Шырын» шығармасы және «Әл-Қауаниин» секілді дереккөздер талдауға негіз болды. Сонымен қатар XV-XIX ғасырдағы ескі қазақ жазба тілі үлгілері – Қадырғали Жалайырдың «Жамиғат тауарихы», Әбілғазы Баһадүрдің «Түркі шежіресі», сондай-ақ XVIII-XIX ғасырдағы хан-би жарлықтары, ресми құжаттар мен жеке хаттар қосымша тілдік материал ретінде қолданылды.

Зерттеу барысында тарихи-салыстырмалы әдіс, сипаттамалы талдау, фонетикалық және морфологиялық салыстыру тәсілдері пайдаланылды. Жазба мұралар тіліндегі орфографиялық ерекшеліктерді анықтау үшін лексикалық, грамматикалық және фонетикалық деңгейлерде кешенді талдау жүргізілді. Негізгі назар фонетикалық принциптің сақталуына, инвариант принципінің жалғау-жұрнақтарда көрініс табуына және цитаталық (түпнұсқа) принцип арқылы араб-парсы сөздерінің таңбалануына аударылды.

Сонымен бірге зерттеудің әдіснамалық негізін қазақ тіл біліміндегі орфографиялық принциптер теориясы мен түркітанудағы жазба мұраларды талдау тәжірибесі құрады. Әсіресе Н. Уәлиұлының инвариант-вариант теориясы, Б. Әбілқасымов, Х. Досмұхамедұлы еңбектеріндегі тұжырымдар басшылыққа алынды.

Қыпшақ тілді жазба ескерткіштердің орфографиялық дәстүрін зерттеу түркітану ғылымында әр кезеңде бірқатар ғалымдардың назарында болды. Әсіресе XV-XIX ғасырда

қалыптасқан жазба тіл ерекшеліктерін сипаттауда морфологиялық-этимологиялық принциптің рөлі туралы ғылыми пікірлер кеңінен тараған.

И.А. Батманов Орта Азия халықтарының жазу тәжірибесін сипаттай отырып, морфологиялық және этимологиялық принциптердің артықшылықтары мен кемшіліктерін көрсетеді. Оның пайымдауынша, мұндай жазу жүйесі әртүрлі тіл өкілдерінің мәтінді бірдей жазып, бірақ өз тіліне сай әркилы оқуға мүмкіндік берді. Дегенмен, дыбыстық ерекшеліктерді бейнелемегендіктен, бұл принциптер ұлттық тілдердің табиғи дамуын тежегенін де атап өтеді.

Б. Әбілқасымов ескі қазақ жазба тіліндегі морфологиялық принциптің ұзақ уақыт сақталғанын, алайда XIX ғасырдың екінші жартысынан бастап қазақтың сөйлеу тілінің, ауызша тілінің кейбір нормаларының енгенін көрсетеді. Оның пікірінше, осы кезеңде морфологиялық принциптің әлсіреуі қазақ тілінің дамуындағы жаңа сапалық өзгерістерді танытады.

З. Базарбаева қыпшақ тобы тілдеріндегі дауыстылар эволюциясын салыстырмалы-тарихи тұрғыда талдай отырып, фонетика-орфография байланысын түсіндіруде талдаулар жасайды.

Сонымен қатар, ескі қазақ жазба тілі құрамындағы араб-парсы сөздерінің мол қолданылуы, оғыз-қыпшақ және ұйғыр-караханид дәстүрлеріне тән элементтердің кездесуі туралы пікірлер де ғылыми әдебиетте жиі айтылады. Бұл құбылыстар жазба тілдің халықтық тілден алшақтауына ықпал еткенімен, жалпы сөйлеу тіліне тән элементтердің жазба ескерткіштерде көрініс табуын жоққа шығармайды.

Қыпшақ тіліндегі орфографиялық принциптердің табиғаты жайлы пікірлер Н. Уәлиұлы еңбектерінде де көрініс тапқан. Ғалым «инвариант-вариант» теориясы негізінде инвариант принципінің жазу дәстүріндегі рөлін айқындап, қосымшалардың түрлі варианттарының орнына жалғыз нұсқасының жазуда таңбаланғанын дәлелдейді.

Жалпы алғанда, әдебиеттерге жасалған шолу қыпшақ тілді ескерткіштердің жазу жүйесі үш негізгі принципке – фонетикалық, инвариант және цитаталық (түпнұсқа) принциптерге сүйенгенін айғақтайды. Түркітанушы ғалымдардың зерттеулері бұл құбылыстардың қазақтың ескі жазба тіліндегі және жалпы түркі халықтарының тілдік тарихындағы орны ерекше екенін көрсетеді.

Нәтижелер мен талқылау

Ғалымдардың басым көпшілігі ұлт болып қалыптасқаннан кейінгі кезеңдерде, яғни XV-XIX ғ.ғ. аралығында араб жазуымен жазылған жазбалардың барлығына жуығы морфологиялық-этимологиялық принципті негіз еткенін алға тартады. Яғни, бұл жазу әр халықтың өзіне тән фонетикалық ерекшеліктерін ескерместен бір ғана жазу үлгісін ұстанып қосымшалардың түрлену ерекшеліктеріне қарамай бір тұлғада жазылуын берік сақтаған, демек көне және орта түркі жазу дәстүрін ұстанған. Осыған байланысты И.А. Батманов әр ұлт тіл ерекшелігіне қарай әр түрлі оқуға болатын әмбебаптығын сол жазудың пайдалы жағына жатқызса, зиянды жағын Орта Азиядағы халық тілдерінің дыбыстық ерекшелігіне сай болмағандықтан жеке ұлт тілінің дамуын тежеді деп көрсетеді: «Морфологический и этимологический принципы орфографии, распространенные среди народов Средней Азии в дооктябрский период, с одной стороны, обладали тем преимуществом, что носили универсальный характер, позволяя один текст понимать представителям различных языков (узбекского, казахского, киргизского, туркменского, каракалпакского), одинаково писать, но различно читать применительно к особенностям родного языка. С другой стороны, эти принципы орфографии обладали и отрицательным свойством, не отражали фонетических особенностей языков Средней Азии и тем самым затрудняли оформление и развитие национальных языков» [1].

Сондықтан да қазақ қоғамында қызмет еткен ескі қазақ жазба тілі «халық тілінің дыбыстық ерекшеліктерін дұрыс бере алмайды» деген пікірлер қалыптасты. Морфологиялық-этимологиялық принциптің ескі қазақ жазба тілінде (XV-XIX ғ.ғ және XX ғ. алғашқы ширегі), әсіресе мерзімді баспасөз тілінде ұзақ уақыт сақталғанын ескерте келіп, ғалым Б. Әбілқасымов XIX ғ. екінші жартысынан бастап қазақ сөйлеу тілі мен ауызша әдеби тілдің кейбір нормаларының енуімен байланысты морфологиялық принциптің бұзыла бастағанын байқауға болатынын айтады [2].

Әрине, қазақ қоғамына қызмет еткен ескі қазақ жазба тілінің лексикалық құрамында жалпы халыққа түсініксіз араб-парсы сөздерінің мол қолданылуы, көне жазба тілге, оғыз-қыпшақ, ұйғыр-қараханид т.б. әдеби тіл нормаларына тән белгілердің кездесіп отыруы оны халықтық тілден алшақтата түсетін құбылыстар екені даусыз. Бірақ, мұндай ерекшеліктерге қарап, ескі жазба тілді қазақтың сөйлеу тілінің дыбыс жүйесін мүлде бейнелемейді деу біржақты пікір. Себебі, жалпыхалықтық тіл байлығын қолдану мүмкіндігі шектеулі деп танылатын XV-XIX ғ.ғ. жазбаларында сөйлеу тіліне тән сөздер мен сөз қолданыстары аз кездеспейді. Бұл кезеңдердегі ескі қазақ жазба тілі үлгілеріне Қадырғали Жалайырдың «Жамиғат тауарих», Әбілғазы Баһадүрдің «Түркі шежіресін» және XVIII-XIX ғ.ғ. хатқа түскен хан-би жарлықтары, ресми қатынас қағаздары, жеке тұлғалардың бір-бірімен жазысқан хаттарын жатқызамыз.

Ал, орта ғасырлардағы қыпшақ тілді ескерткіштердің жазу нормалары негізінен қандай принципті ұстанды?. Жалпы жазба тілдің, хатқа түскен жазудың белгілі бір орфографиялық принципке, жазу жүйесіне бағынатыны белгілі. Біз мақаламызда Кодекс Куманикус, Әбу Хайан «Китаб ал Идрак...», Құтып «Хұсрау Шырын», «Әл қауаниин» ескерткіштеріндегі орфографиялық принциптерді сөз етеміз.

Зерттеуші-ғалымдардың тұжырымынша қазақ халқын түркі тілдерінің қыпшақ тобына жататын, ж-мен сөйлейтін тайпалар одағы құрағандықтан, осы тайпалардың XV ғасырға дейінгі жазылған тарихи ескерткіштері ауызекі сөйлеу тілінің ерекшеліктерін сипаттайды, яғни ескерткіштер арқылы ауызекі сөйлеу тілінің жалпы грамматикалық сипаты мен сөздік қазынасының, дыбыстық жүйесінің қандай болғанын анықтай аламыз. Дегенмен де, қазақ халқының ұлт ретінде қалыптасқанына дейінгі оны құраған ру-тайпалардың және одан кейінгі қазақ қауымының өмір сүру барысындағы ауызекі сөйлеу тілінің лексикалық, грамматикалық, фонетикалық жүйесін нақты көрсету қиын. Қыпшақтардың ауызекі сөйлеу тілінің сипатын Махмұт Қашқари еңбегінен (XI ғ.) де көруге болады.

Біздің пайымдауымызша қыпшақ тілді ескерткіштердің жазу жүйесінде мынадай принциптер басшылыққа алынған:

1) Фонетикалық принцип

2) Инвариант принципі

3) Цитаталық (түпнұсқа) принцип.

1) Фонетикалық принцип. Жазу тарихшыларының зерттеулеріне назар аударсақ алғашқы жазу фонетикалық болған. Яғни сөздер ауызекі сөйлеуде қалай дыбысталса солай таңбаланған. Қазақ тіл білімінде фонетикалық принципке мынадай анықтамалар беріледі: «Фонетикалық принцип бойынша сөз естілуі бойынша жазылып, фонеманың дыбыстық қоршауға тәуелді түрленімдері таңбаланады» [3]. «Фонетикалық принцип бойынша сөз бөлшектерінің дыбыстық өзгеріске ұшырауы еске алынып, айтылуынша жазылады» [4]. З. Базарбаева қыпшақ тобы тілдеріндегі дауыстылар эволюциясын салыстырмалы-тарихи тұрғыда талдай отырып, фонетика-орфография байланысын түсіндіруде бірқатар талдаулар жасайды [12].

Жазу жүйесі мен жазба дәстүрі толықтай нормаланбаған кезеңдегі қыпшақ тілді жазбалардың негізгі орфографиялық принципі фонетикалық болды. Фонетикалық принцип:

1) Ерін үндестігінің тұрақты түрде сақталуы. Бұл ауызекі сөйлеу тілінің бірден-бір ерекшелігі болып табылады: мұрұн (мұрын), бұзұқ (бұзық), иүзү (жүзі), иүзүк (жүзік), иүклүг (жүкті, екіқабат), иүгрүк (жүйрік), ұйұқла (ұйықта), ұлұ (үлкен, ұлы), ұрұш (ұрыс), үчүн (үшін), сөзлүг (сөзді), мұңлұғ (мұңды), көңүл (көңіл), иұлдұз (жұлдыз) т.б.

2) Ауызекі сөйлеу тіліндегі дыбыс үндесімдерінің жазуда таңбалануы немесе түбір мен қосымшалардағы дыбыстардың ұяңдануы: біліглиг (біліктік), үгретіб (үйретіп), көб (көп), артұғрақ (артығырақ), ачлығға (аштыққа), ағачға (ағашқа), терішмег (теріспек), үгретгүш (үйреткіш) т.б.

3) Ауызша тілде еленбейтін қысаңдардың жазба тілде берілмеуі, яғни қысаңдардың (ы, і) кейбір позицияда таңбаланбауы: тс (тіс), иашрды (жасырды), тзе (тізе), отр (отыр), анларнң (олардың), анң (оның) т.б.

Инвариант принципі. Біз бұл жерде Н. Уәлиұлының «инвариант-вариант» теориясы бойынша ендірген «инвариант принципі» терминін басшылыққа аламыз. Ғалым өзінің диссертациялық еңбегінде «инвариант-вариант» теориясына былайша сипаттама береді: «Бұл қисын бойынша, фонема-инвариант, ал дыбыстар оның сөздегі репрезентанттары - варианттары деп танылады. Әр вариант инварианттағы мәнді белгілерді сақтай отырып түрленеді, әр экземпелярда, мейлі оның саны қанша болса да, әйтеуір инвариантқа тән қасиет сақталады» [5].

Осы қағиданы морфема жүйесіне қатысты есепке алатын болсақ, қыпшақ тілді ескерткіштердегі бір алуан мағыналық бірліктер белгілі бір морфеманың инвариант деп танылған тұлғасы бойынша таңбаланады. Яғни бұл принцип бойынша түбір сөзге жалғау мен қосымшалардың бір ғана нұсқасы жалғанады.

Сонда, көптік жалғауының -лар түрі инвариант деп алынып -дар, -тар, -дер, -тер т.б. варианттары жазуда ескерілмейді: еллер (елдер), адамлар (адамдар), құшлар (құстар), т.б. Жалпы -лар аффиксі туралы ғалымдардың пікірлері әр түрлі. Мысалы Т. Новольский бұл аффиксті болжалды санды білдіретін сөзден шыққан десе, В.А. Богородицкий ІІІ жақ жіктеу есімдігі мен -ар жұрнағына байланыстыра қарайды [6]. -Лар қосымшасының түркі тілдерінде алуан түрлі варианттарының болуына байланысты, кейбір түркі тілдерінде қазір бұл қосымшаның он алты түрлі вариантының бар екендігін зерттеулерден көруге болады [7].

Ескерткіштерде сын есімнің -лы, -лі, -ды, -ді, -ты, -ті нұсқаларының тек -лы, -лі түрі инвариант ретінде таңбаланады да, қалған фонетикалық варианттары жазуда таңбаланбайды: төрт айақлы (төрт аяқты), көріклі (көрікті), атлы (атты) т.б. Сондай-ақ сын есімнің -лық, -лік (-лұқ, -лүк) жұрнағы да инвариант принципі бойынша таңбаланған: достлұғы (достығы), нәзүглүг (нәзіктік).

Ғалым А.Айғабылов көптік жалғау жұрнағы (-лар, -лер, -дар, -дер, -тар, -тер), зат есім тудыратын жұрнақ (-лық, -лік, -дық, -дік, -тық, -тік) және сын есім тудыратын жұрнақтардың (-лы, -лі, -ды, -ді, -ты, -ті) о бастағы нұсқасы л-дан басталатын түрлері екенін еске ала отырып, сөздің соңғы дыбысына қарай қосымшаның түрленіп жалғануын диссимиляциялық құбылысқа жатқызып: «диссимиляциялық құбылысты үнді дыбыстарына біткен сөзге жалғанатын қосымшадан іздейміз», –дейді [8]. Яғни, қосымшалардың дыбыс үндестігіне сай түрленіп келуі морфонологиялық дыбыс алмасу құбылысына байланысты керігу (диссимиляция) үрдісі болып табылады: «у, и дыбысына аяқталған сөзге ілік септігінің жалғауы -дың, -дің түрінде ұяң д дыбысынан басталып жалғанады. Бұндағы н-д алмасуы (тауның-таудың, үйнің-үйдің) қазақ тілі мен өзге түркі тілінің (айталық өзбек тілінің) өзгешелігі сияқты көрінуі мүмкін. Шындығында, қазақ тіліндегі таудың, үйдің түрінде дыбысталуы қатар тұрған үнді дыбыстарының ун, ин (тау-ның, үй-нің) керігу (диссимиляция) үрдісімен н-д алмасуы пайда болғанын көрсетеді. Олай болса тауның, үйнің деп атаушы тілдерде керігу үрдісі болмаған да, қазақ тілінде жүзеге асқан деп түсінгеніміз абзал» [9].

Өзге де сөз тудырушы аффикстер жүйесінің жазуда бейнелену принципі осы тәрізді. Мысалы, ілік септігінің қазіргі тіліміздегі -ның, -нің, -дың, -дің, -тың, -тің нұсқаларының ішінде инвариант ретінде -ның түрі ғана белгіленеді, П.М. Мелиоранский көрсеткендей түбірге жалғанған қосымша түбірдегі дауысты дыбыс ыңғайымен оқылады: «…в речи простого народа варьирование гласных в суффиксах постоянно соблюдается. Так например, суффикс, изображаемый в письменном языке ننك (ның) звучит то ның, то нің, то нұң, то нұң и» [10].

Табыс септік жалғаулығы да осы принцип бойынша -ны, -ні түрінде таңбаланып отырған: атны (атты) т.б. Жалпы қосымша, жалғаулардың инвариант принципі бойынша жазылу үрдісі ескі қазақ жазба тілінде ХХғ. дейін сақталып келді.

Цитаталық (түпнұсқа) принцип. «Түпнұсқа принципі әліпбиі ұқсас болған жағдайда шеттілдік сөздердің графикалық нұсқасын сол күйінде жазу үшін пайдаланылады» [5].

Бұл принцип бойынша араб және парсы тілінен енген сөздер таңбаланған. Мысалы: жамаға’т, мумкин, хұрмат, шафақат, жумлә (барлығы), алла тағала, дос, хеч, һәм, дұшман т.б.

Жалпы араб және парсы сөздерінің түпнұсқа тұлғасын сақтап таңбалануы араб жазулы дүниелерде ХХ ғ. басына дейін қолданылып келгені мәлім. Бұның себебін Х. Досмұхамедұлы былай түсіндіреді: «Қазақтың балалары ноғай, сарт мектеп-медреселерінде

оқитын болды. Медреселерде араб-парсы сөздерін өзгертіп айту зор күнәға есептелінетін еді. Молдалар қазақ арасында араб-парсы сөздерін бұлжытпай айтуды жазу арқылы үйрете бастады. …Сөйтіп араб-парсы сөздерінің көбі бір жағынан Қазан, бір жағынан Бұхара арқылы өзгермей тілімізге кіре бастады» [11].

Қорытынды

Қыпшақ тілді ескерткіштердің орфографиялық жүйесін зерттеу – қазақ тіл біліміндегі тарихи-лингвистикалық бағыттың маңызды салаларының бірі. Бұл ескерткіштерді талдау арқылы біз тек жазу дәстүрінің ерекшеліктерін ғана емес, сонымен бірге қазақ халқының этногенезі мен тілдік дамуының қайнар көздерін айқындаймыз. Мақалада қарастырылған деректер қыпшақ жазба тілінің морфологиялық, фонетикалық және лексикалық жүйесі жайлы құнды мәлімет беріп, оның қазақ тілінің қалыптасуындағы орнын нақтылауға мүмкіндік жасайды.

Зерттеу барысында анықталғандай, қыпшақ ескерткіштерінің жазу жүйесі үш негізгі принципке сүйенеді: фонетикалық, инвариант және цитаталық (түпнұсқа) принцип. Фонетикалық принцип сөйлеу тілінің дыбыстық жүйесін барынша дәл көрсетуге бағытталған. Мысалы, ерін үндестігінің тұрақты сақталуы, дыбыстардың ұяңдануы, қысаң дауыстылардың түсіп қалуы сияқты құбылыстар ауызекі тілдің жазудағы айқын көрінісін танытады. Бұл заңдылықтар қыпшақ жазба мұраларының сөйлеу тіліне жақындығын дәлелдейді және қазақ тіліндегі фонетикалық өзгерістердің тарихи негізін көрсетеді.

Инвариант принципі сөздің түбіріне жалғанатын қосымшалардың бір ғана тұрақты тұлғамен берілуін сипаттайды. Мысалы, көптік жалғауы барлық жағдайда –лар түрінде таңбаланып, оның басқа варианттары жазуда бейнеленбейді. Бұл құбылыс қосымшалардың дыбыстық өзгерістерін назарға алмай, бір нұсқаны сақтау арқылы жазба дәстүрді жеңілдеткенімен, тілдің морфонологиялық жүйесін толық бейнелей алмады. Дегенмен, дәл осы инвариант принципі арқылы түркі тілдеріндегі қосымшалардың тарихи қалыптасуын, олардың фонетикалық алмасу заңдылықтарын байқауға мүмкіндік бар.

Ал цитаталық (түпнұсқа) принцип араб-парсы сөздерін ешбір өзгеріссіз, түпнұсқа графикалық бейнесінде сақтап жазуды көздейді. Мұның басты себебі медреселерде білім алған оқушылардың араб-парсы тілдеріндегі сөздерді бұлжытпай айтуы міндеттелгенімен байланысты болды. Соның нәтижесінде көптеген кірме сөздер қазақ тіліне фонетикалық бейімдеусіз енді. Бұл принцип қазақ тілінің лексикалық құрамына жаңа қабат қосты әрі тілдік-мәдени ықпалдастықтың айғағы болды.

Зерттеу көрсеткендей, қыпшақ тілді ескерткіштердің орфографиялық дәстүрлері қазақтың ескі жазба тіліне айрықша ықпал етті. XV-XIX ғасырларда араб жазуымен жазылған қазақ мәтіндерінің көпшілігі морфологиялық-этимологиялық принципті сақтап отырды. Бұл, бір жағынан, жазуды универсалды сипатқа жеткізіп, әртүрлі халық өкілдерінің бір мәтінді әр тілдік ерекшелігіне сай оқи алуына жағдай жасаса, екінші жағынан, ұлттық тілдің дыбыстық табиғатын бейнелеуді шектеді. Осы құбылыс жөнінде И.А. Батманов мұндай принциптердің артықшылығы мен зиянды жақтарын нақты атап өткен.

Сонымен бірге Б. Әбілқасымовтың еңбектерінде XIX ғасырдың екінші жартысынан бастап қазақтың сөйлеу және ауызша әдеби тілінің нормалары жазба дәстүрге ықпал ете бастағаны көрсетілген. Бұл кезеңде морфологиялық принциптің әлсіреуі қазақ тілінің ұлттық сипат алу жолындағы табиғи заңдылықтарын айқындады. Жазба тілде халықтық тіл элементтерінің белсенді көрінуі қазақ әдеби тілінің қалыптасуына жол ашты.

Ескі қазақ жазба тілінің құрамындағы араб-парсы сөздерінің молдығы, оғыз-қыпшақ және ұйғыр-караханид әдеби дәстүрлеріне тән белгілердің сақталуы – тарихи-мәдени ықпалдастықтың айқын дәлелі. Дегенмен, мұндай ерекшеліктерге қарамастан, қазақтың сөйлеу тіліндегі табиғи дыбыстық жүйе мен сөз қолданыстар жазба мұраларда жиі кездесіп отырды. Бұл жағдай ескі жазба тілдің халықтық негізден алшақтамағанын, қайта оны белгілі бір деңгейде бейнелеп отырғанын дәлелдейді.

Қорыта айтқанда, қыпшақ тілді ескерткіштердің жазу дәстүрлері қазақ тілінің орфографиялық жүйесінің қалыптасуына, фонетикалық және морфологиялық

заңдылықтарының айқындалуына, кірме элементтердің қабылдануына зор ықпал етті. Фонетикалық, инвариант және цитаталық принциптердің сабақтаса қолданылуы қазақ тілінің тарихи дамуындағы жазу мәдениетінің эволюциясын көрсетеді.

Бұл зерттеу қазақ тіл біліміндегі орфография тарихын терең түсінуге, сондай-ақ түркі халықтарының ортақ жазба дәстүрін кешенді қарастыруға бағытталған маңызды қадам болып табылады. Қыпшақ мұраларының орфографиялық жүйесін талдау арқылы қазіргі қазақ тілінің жазу тәжірибесіндегі бірқатар заңдылықтардың тарихи тамыры айқындалады. Сондықтан аталмыш зерттеулерді жалғастыру – түркі тілдерінің тарихи грамматикасын, жазу дәстүрінің эволюциясын және ұлттық тілдердің қалыптасу барысын толық ашуға мүмкіндік береді.

Әдебиеттер

1. Батманов И.А. Фонетическая система современного киргизского языка. – Фрунзе: Киргизиздат, 1946. –173 с.
2. Әбілқасымов Б. XVIII-XIX ғ.ғ. қазақ әдеби тілінің жазба нұсқалары. – Алматы: Ғылым, 1988. –144 б.
3. Қазақ совет энциклопедиясы. VI т. – Алматы, 1974. – 654 б.
4. Сыздық Р. Емле және тыныс белгілері. Алматы: Рауан, 1996. – 288 б.
5. Уәлиұлы Н. Қазақ графикасы мен орфографиясының негіздері: Филология ғылым. канд. ғылыми дәрежесін алу үшін дайын. диссертация, 10.02.06 / ҚРБҒМ, А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі ин-ты. – Алматы, 1993. – 162 б.
6. Богородицкий В.А. Введение в татарское языкознания в связи с другими тюркскими языками. – Казань: ТатГосИздат, 1934. – 167 с.
7. Исследования по сравнительной грамматике тюркских языков (Морфология). – М.: Изд-во АН СССР, 1956. – Ч. 2. – 336 с.
8. Айғабылов А. Қазақ тілінің морфонологиясы. – Алматы, Санат, 1995. – 136 б.
9. Қазақ грамматикасы. – Астана, 2002. – 748 б.
10. Мелиоранский П.М. Краткая грамматика казак-киргизского языка (Фонетика и этимология). – СПб.: Тип.имп. АН, 1894. – Ч. 1. – 72 с.
11. Досмұхамедұлы Х. Аламан. – Алматы: Ана тілі, 1991. – 176 б.
12. Базарбаева З.М. Түркі тілдерінің қыпшақ тобындағы вокализм жүйесінің тарихи құбылыстары (мақала). – TILTANYM / Тілтаным (А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының ғылыми журналы), 2023. DOI: 10.55491/2411-6076-2023-1-34-43
13. Öztürk A. «The Preparing Background of Kipchak Written Language with Armenian Letters» – Bilig, 2024, (109), PP. 159-175, DOI: 10.12995/bilig.10907.

References

1. Batmanov I.A. Foneticheskaya sistema sovremennogo kirgizskogo yazyka [Phonetic system of the modern Kyrgyz language]. – Frunze: Kirgizizdat, 1946. – 173 p. (in Russian)
2. Abilqasymov B. XVIII-XIX gg. kazakh adebi tilinin zhazba nuskalary [Written sources of the Kazakh literary language of the 18th-19th centuries]. – Almaty: Gylym, 1988. – 144 p. (in Kazakh)
3. Kazakh sovet entsiklopediyasy [Kazakh Soviet Encyclopedia]. Vol. VI. – Almaty, 1974. – 654 p. (in Kazakh)
4. Sydyk R. Emle zhane tyngys belgileri [Spelling and punctuation]. – Almaty: Rauan, 1996. – 288 p. (in Kazakh)
5. Ualyyuly N. Kazakh grafikasi men orfografiyasynyn negizderi [Fundamentals of Kazakh graphics and orthography]. PhD dissertation in Philology, 10.02.06 / Institute of Linguistics named after A. Baitursynuly, MES RK. – Almaty, 1993. – 162 p. (in Kazakh)
6. Bogoroditskiy V.A. Vvedenie v tatarskoe yazykoznanie v svyazi s drugimi tyurkskimi yazykami [Introduction to Tatar linguistics in connection with other Turkic languages]. – Kazan: TatGosIzdat, 1934. – 167 p. (in Russian)

7. Issledovaniya po sravnitelnoi grammatike tyurkskikh yazykov (Morfologiya) [Studies on comparative grammar of Turkic languages (Morphology)]. – Moscow: AN SSSR, 1956. Part 2. – 336 p. (in Russian)
8. Aigabylov A. Kazakh tilinin morfonologiyasy [Morphonology of the Kazakh language]. – Almaty: Sanat, 1995. – 136 p. (in Kazakh)
9. Kazakh grammatikasy [Kazakh Grammar]. – Astana, 2002. – 748 p. (in Kazakh)
10. Melioranskiy P.M. Kratkaya grammatika kazak-kirgizskogo yazyka (Fonetika i etimologiya) [Short grammar of the Kazakh-Kyrgyz language (Phonetics and etymology)]. – St. Petersburg: Imperial Academy of Sciences Press, 1894. Part 1. – 72 p. (in Russian)
11. Dosmukhameduly Kh. Alaman [Alaman]. – Almaty: Ana tili, 1991. – 176 p. (in Kazakh)
12. Bazarbayeva Z.M. Tyurki tillerinin kypshak tobyndagy vokalizm zhuyesinin tarihi kubylystary [Historical phenomena of the vowel system in the Kipchak group of Turkic languages] // TILTANYM. – 2023. – DOI: 10.55491/2411-6076-2023-1-34-43 (in Kazakh)
13. Öztürk A. The Preparing Background of Kipchak Written Language with Armenian Letters [Armenian script Kipchak written language formation background] // Bilig. – 2024. – №109. – P. 159-175. – DOI: 10.12995/bilig.10907

Г.М. Мамырбек
Институт языкознания имени А.Байтурсынова,
050010, Республика Казахстан, г. Алматы, ул. Курмангазы, 29
ORCID: 0000-0002-7399-2122
e-mail: gulfar76@mail.ru

ОРФОГРАФИЧЕСКИЕ ПРИНЦИПЫ КЫПЧАКСКОГО ЯЗЫКА В ТЮРКСКОЙ ПИСЬМЕННОЙ ТРАДИЦИИ

Аннотация. В данной статье комплексно рассмотрена орфографическая система памятников кыпчакского языка в историко-лингвистическом аспекте. В тюркологии язык письменных памятников древнего и средневекового периодов рассматривается не только как исторический источник, но и как важный материал, позволяющий выявить структурные особенности народного языка. В ходе исследования были определены три основных принципа, сформировавшие письменную традицию кыпчакских памятников: фонетический, инвариантный и цитатный (оригинальный). Фонетический принцип заключался в максимально точной передаче в письме особенностей устной речи. В статье приведены конкретные примеры таких явлений, как гармония лабиализации, озвончение согласных и выпадение кратких гласных. Инвариантный принцип отражал процесс сохранения устойчивой морфологической формы: доказано, что вместо множества вариантов аффиксов использовался единый инвариантный тип. Цитатный принцип проявлялся в передаче арабо-персидских заимствований в их оригинальной графической форме.

В качестве источников были рассмотрены такие памятники, как «Codex Cumanicus», «Kitab al-Idrak» Абу Хайяна, «Хусрау и Ширин» Кутба. Установлено, что данные памятники оказали значительное влияние на старый казахский письменный язык и способствовали сохранению в нем элементов народной речи. Научная новизна статьи заключается в комплексном анализе орфографической системы кыпчакского языка в ее взаимосвязи с народной речью. Письменная традиция кыпчакских памятников внесла значительный вклад в осмысление этапов исторического развития казахского языка, особенностей его звуковой системы и процессов формирования национальной специфики.

Ключевые слова: кыпчакский язык, письменный памятник, орфографический принцип, фонетический принцип, инвариантный принцип, цитатный принцип, старый казахский письменный язык.

Г.М. Мамырбек
Institute of linguistics named after A. Baitursynova,
050010, Republic of Kazakhstan, Almaty, 29 Kurmangazy str.
Orcid: 0000-0002-7399-2122
e-mail: gulfar76@mail.ru

ORTHOGRAPHIC PRINCIPLES OF THE KIPCHAK LANGUAGE IN THE TURKIC WRITING TRADITION

Abstract. This article provides a comprehensive historical and linguistic analysis of the orthographic system of Kipchak written monuments. In Turkology, the language of written sources of the ancient and medieval periods is regarded not only as a historical source, but also as valuable material for identifying the structural features of the vernacular. The study identified three main principles that shaped the writing tradition of Kipchak monuments: the phonetic, the invariant, and the citational (original) principles. The phonetic principle aimed at conveying as accurately as possible the features of spoken language in writing. The article presents specific examples of such phenomena as labial harmony, voicing of consonants, and the omission of short vowels. The invariant principle reflected the preservation of stable morphological forms: it was shown that instead of multiple variants of affixes, a single invariant form was consistently used. The citational principle was manifested in rendering Arabic-Persian loanwords in their original graphic form. As the main sources of the research, monuments such as Codex Cumanicus, Abu Hayyan's Kitab al-Idrak, and Qutb's Khosrow and Shirin were analyzed. It was established that these monuments had a significant influence on the old Kazakh written language and contributed to the preservation of elements of the vernacular within it. The scientific novelty of the article lies in the comprehensive analysis of the orthographic system of the Kipchak language in its interrelation with the spoken language. The writing tradition of the Kipchak monuments made a considerable contribution to understanding the stages of the historical development of the Kazakh language, the features of its phonetic system, and the processes of forming its national specificity.

Keywords: kipchak language, written monument, orthographic principle, phonetic principle, invariant principle, citational principle, old Kazakh written language.

Автор туралы мәлімет

Мамырбек Гүлфар Мәжитқызы – филология ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор, А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты, Қазақстан Республикасы, e-mail: gulfar76@mail.ru, ORCID: 0000-0002-7399-2122.

Сведения об авторе

Мамырбек Гульфар Мажитовна – кандидат филологических наук, ассоцированный профессор, Институт языкознания имени А.Байтурсынова, Республика Казахстан, e-mail: gulfar76@mail.ru, ORCID: 0000-0002-7399-2122.

Information about the author

Gulfar Mamyrbek – candidate of philological sciences, associate professor, Institute of linguistics named after A. Baitursynov, Republic of Kazakhstan. e-mail: gulfar76@mail.ru, ORCID: 0000-0002-7399-2122.

Редакцияға енуі 01.08.2025
Жариялауға қабылданды 25.09.2025

https://doi.org/10.53360/3080-3861-2025-3(3)-5
ҒТАМР: 16.01.11

Ғ.А. Түсіпбекова, А.А. Жұмағазыева*
Шәкәрім университеті,
071412, Қазақстан Республикасы, Семей қ., Глинка к-сі, 20 А
*ORCID: 0009-0000-8894-2016
*e-mail: anelzhumagazieva09@mail.ru

ҚАЗАҚ ТІЛ БІЛІМІНДЕГІ ГЕНДЕРЛІК ЛИНГВИСТИКАНЫҢ ДАМУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Аңдатпа. Бұл мақалада қазақ тіл біліміндегі гендерлік лингвистика саласының даму ерекшеліктері зерттеледі. Гендерлік лингвистика – тіл ғылымының жаңадан қалыптасып келе жатқан саласы ретінде қазақ тілінде әйелдер мен ерлердің тілдік мінез-құлықтарының ерекшеліктерін, гендерлік стереотиптер мен әлеуметтік рөлдерді анықтауды мақсат етеді. Мақаланың негізгі мақсаты – қазақ тіліндегі гендерлік лингвистикалық құбылыстарды анықтап, олардың дамуы мен қазіргі жағдайын зерттеу. Зерттеу барысында қазақ тілінің гендерлік ерекшеліктері мен құрылымдық аспектілері салыстырмалы түрде талданады. Әсіресе, әйелдер мен ерлерге қатысты қолданылатын лексикалық бірліктер, фразеологизмдер мен метафоралар терең талқыланып, олардың тілде қандай рөл атқаратыны, уақыт пен кеңістік бойынша өзгеру динамикасы зерттеледі.

Сондай-ақ, гендерлік нормалардың мәдениетаралық аспектерін зерттеуге ерекше назар аударылады. Бұл қазақ тіліндегі гендерлік құбылыстарды басқа тілдер мен мәдениеттердің контексінде қарастыруға мүмкіндік береді. Зерттеу әдістері ретінде талдау, салыстыру, және анализ жасау әдістері қолданылады. Қазақ тіл білімін зерттеушілердің еңбектеріне сүйене отырып, гендерлік лингвистиканың теориялық негіздері мен практикалық аспектілері қарастырылады. Бұл жұмыс қазақ тіліндегі гендерлік аспектілердің дамуы мен өзгерістерін айқындауға және осы саладағы болашақ зерттеулердің бағыттарын белгілеуге септігін тигізеді.

Тірек сөздер: гендерлік лингвистика, гендерлік стереотиптер, әлеуметтік рөлдер, лексикалық бірліктер, мәдениетаралық салыстыру, гендерлік нормалар, тіл білімі.

Кіріспе

Гендерлік лингвистика тіл ғылымының жаңадан қалыптасып келе жатқан саласы. Бұл ғылым әлі толық жүйеге түсіп үлгермеген, сондықтан қазақ тіл біліміндегі гендерлік бағытты айқындау және дамыту – отандық тіл теориясы үшін өте маңызды. Осы бағытта гендерлік лингвистика ғылымының әдіснамалық негізі, зерттеу әдістемесі мен ұстанымдарын нақты анықтау қажет деп білеміз. Тілдің гендерлік жіктелу факторы – әйелдер мен ерлер тілі дамуының қозғаушы күші екені анық. Тілдің құрылымдық жіктелімін жүргізу арқылы гендердің әлемдік тілдер мен мәдениеттерде алатын орнын анықтап, әйелдер мен ерлердің қарым-қатынасындағы мінез-құлық ерекшеліктерін, гендерлік нормалардың уақыт пен кеңістік бойынша өзгеруін, сондай-ақ әйел мен ер адамды айқындайтын тілдік және стильдік белгілерді, тілді меңгерудегі гендердің рөлін зерттеуге болады. Әлемдегі барлық тілдерге қатысты гендерлік сипаттамалардың бар екені белгілі, алайда оны толық қамту мүмкін емес. Сондықтан әлемдік тіл біліміндегі зерттеулерді жинақтап, гендерлік лингвистиканы салыстыра отырып дамыту әр ұлттың тілі негізінде теориялық пайымдаулар арқылы жүзеге асырылуы тиіс.

Тілдегі гендерлік зерттеулердің мақсаты – жыныстардың тіл арқылы қандай әдістермен көрініс табатынын, қандай мағыналық өрістерде байқалатынын және олардың қандай жағдайда, қалай бағаланатынын тілдік бірліктер арқылы анықтау. Осы тұрғыда гендерлік тілдік ерекшеліктердің түрлі тілдерде бейнелену деңгейін саралаудың маңызы зор. Демек, гендерлік сипаттардың тілдік деңгейлерде көрініс табуын сипаттау, «жыныс» ұғымының концептуалдану жолдарын білдіретін тілдік амалдарды айқындау, «әлемнің гендерлік тілдік суретін» (гендерлік концепт, гендерлік стереотиптер) анықтау және соған сәйкес мәдениетаралық салыстыру жүргізу гендерлік зерттеулердің өзекті бағыттары болып табылады. Тілді гендерлік аспектіде талдауда құндылықтық және этномәдени ерекшеліктерді ескере отырып, мәдени басымдықтардың рөлін ұғыну аса маңызды. Мәдени доминанттарды зерттеу, тіпті басқа ғылым салаларының мәліметтерін қолданса да, алдымен лингвистикалық білімді (лексикалық, фразеологиялық бірліктерді жинақтау, сөздіктерден, мақал-мәтелдер жинағынан, көркем әдебиеттен және басқа қажетті мәтіндерден мәлімет жинау) меңгеруді талап етеді.

Материалдар мен әдістер

Бұл мақаланың негізінде қазақ тіл біліміндегі гендерлік лингвистиканың даму ерекшеліктері зерттелді. Зерттеу барысында талдау, салыстыру және анализ жасау әдістері қолданылды. Әдіснамалық тұрғыда, мақаланың негізгі мақсаты – гендерлік лингвистика саласындағы қазақ тіліндегі тілдік құбылыстарды зерттеу және олардың даму ерекшеліктерін анықтау. Зерттеу үшін қазақ тіліндегі қазіргі және тарихи кезеңдердегі мәтіндер, әдеби шығармалар, ауызекі тіл материалдары, сондай-ақ түрлі тілдік деректер (лексикалық бірліктер, тұрақты сөз тіркестері, мақал-мәтелдер, фразеологизмдер) пайдаланылды. Сонымен қатар, гендерлік лингвистиканың теориялық негіздерін зерттеу үшін қазақ және орыс тілдеріндегі белгілі ғалымдардың еңбектері, халықаралық лингвистика саласындағы ғылыми мақалалар мен зерттеулерге де сүйенілді.

Талдау арқылы қазақ тіліндегі гендерлік құбылыстар мен олардың тілдік құрылымда қалай көрінетіндігі жан-жақты қарастырылды. Әсіресе, әйелдер мен ерлерге қатысты қолданылатын лексикалық бірліктер, грамматикалық формалар, сөз тіркестері, фразеологизмдер мен метафоралар терең талданды. Тілдегі гендерлік ерекшеліктерді құрылымдық және семантикалық тұрғыдан зерттеу арқылы олардың мәдени және әлеуметтік мәні ашылды. Қазақ тіліндегі гендерлік белгілерді басқа тілдердегі ұқсас құбылыстармен

салыстыру, әсіресе, әлемдік тілдер мен мәдениеттердегі гендерлік көріністерді салыстыра зерттеу маңызды болды. Салыстыру әдісі арқылы қазақ тіліндегі гендерлік құбылыстардың әмбебаптығы мен ерекшеліктері анықталды. Зерттеуде қазақ тіліндегі гендерлік тілдік белгілердің даму тарихы мен олардың қазіргі жағдайы қарастырылды. Әсіресе, қазақ тілінің гендерлік аспектілерінің уақыт өте өзгергені, әлеуметтік және мәдени өзгерістермен байланысты жаңа құбылыстар мен терминдердің пайда болуы, сондай-ақ гендерлік стереотиптердің тілде қалай бейнеленетіні зерттелді. Сонымен қатар, гендерлік нормалардың тілдік көрінісіндегі ауысулар мен трансформациялар да талданды. Гендерлік лингвистикада мәдениетаралық салыстырулар жүргізу маңызды орын алады. Бұл әдіс қазақ тіліндегі гендерлік белгілердің өзге мәдениеттер мен тілдерде қалай көрініс табатынын зерттеуге мүмкіндік береді. Сонымен қатар, әртүрлі мәдениеттердегі гендерлік концепттер мен таптаурындардың тілде қалай көрінетінін салыстыру арқылы қазақ тіліндегі гендерлік құбылыстардың өзіндік ерекшеліктері айқындалады.

Зерттеу барысында Ы. Алтынсарин, А. Байтұрсынұлы, Қ. Жұбанов, Ә. Ахметов, Б. Хасанұлы, Е. Коробцева, А. Кирилина және басқа да қазақ және орыс тіл білімінің ірі өкілдерінің еңбектері кеңінен пайдаланылды. Бұл ғалымдардың еңбектерінде тілдің әлеуметтік аспектілері, мәдениетпен байланысы, сондай-ақ тілдегі гендерлік айырмашылықтарды көрсетуге бағытталған зерттеулер терең орын алған. Мысалы, Ы. Алтынсарин мен А. Байтұрсынұлы тіл мен қоғам арасындағы байланысты зерттей отырып, тілдегі әлеуметтік рөлдерді айқындаған. Қ. Жұбанов пен Ә. Ахметов қазақ тілінің құрылымдық және семантикалық ерекшеліктерін талдай отырып, тілдегі гендерлік аспектілерді зерттеген. Осы ғалымдардың ғылыми тұжырымдары мен концепцияларына сүйене отырып, гендерлік лингвистика саласындағы қазақ тілінің ерекшеліктері анықталды. Сонымен қатар, зерттеудің негізгі бағыты ретінде қазақ тіліндегі гендерлік құбылыстар мен олардың қоғамдағы әлеуметтік рөлі, тілдегі гендерлік теңдік мәселелері, гендерлік стереотиптердің тілде қалай көрінетіні мен қалыптасуы және гендерлік нормалардың уақыт өте қалай өзгергені қарастырылды. Зерттеу әдістерінің бірегейлігі мен көпжақты талдауы қазақ тіл біліміндегі гендерлік лингвистиканың жаңа бағыттарын айқындауға және оның даму келешегін болжауға мүмкіндік береді.

Нәтижелер мен талқылау

Кез келген ұлттың гендерлік болмысы ғасырлар бойы қалыптасып, жетіліп отырады. Қазақ халқының гендерлік келбеті де сондай ұзақ тарихи үдерістің нәтижесі болып табылады. Қазақ тіл ғылымы толық дамығанға дейін қазақ тіліндегі гендерлік бірліктер бірден тілтанымдық тұрғыда қарастырылған жоқ. Қазақ халқының этнографиялық болмысы, ауызша шығармашылығы мен мәдениетін зерттеген зерттеушілер тарапынан гендерлік мазмұндар жазбаша түрде белгіленіп, екі жыныс негізінде қазаққа тән ерекшеліктер сипатталған. Қазақ тіл ғылымында гендерлік ерекшеліктер бұрыннан назардан тыс қалмаған. Айталық, қазақтың ағартушы және зиялы тұлғалары Ш. Уәлиханов, Ы. Алтынсарин сынды ғалымдардың ғылыми әрі ғылыми-этнографиялық мұраларында бұл мәселелер ескерілген.

Ағартушылық мәдениетте басты назар адамға аударылды. Шоқан Уәлиханов Ағартушылық дәуірде басты назар адамға бағытталды. Шоқан Уәлиханов сыртқы жұртқа «дала тұрғындарын» таныстыруды мақсат етті. Осы міндет аясында ол қазақ пен қырғыз халықтарының аңыздарын, салт-ғұрыптарын, дінін және тілін зерделеді. Ол қазақ арасында кең таралған тәңіршілдік пен шаманизмге назар аударып, ислам дінінің мәдени тұтастығына ерекше мән берді. Ғалымның «Қазақтардағы шамандықтың қалдықтары», «Қашқар сапарынан жазбалар», «Даладағы мұсылманшылық жөнінде» сияқты ғылыми-этнографиялық еңбектерінде қазақ және өзге түркі халықтарының мәдени болмысына жан-жақты талдау жасалған. Бұл еңбектерде жыныска байланысты әлеуметтік-мәдени астары бар тілдік деректер кеңінен қамтылған. Мысалы, Шоқан Уәлиханов әйелдерге тән сөйлеу үлгісінің дәстүрлі сипатын осылайша түсіндіреді: «Қазақтарда от – үйдің киесі, шам-шырағы, сондықтан да жаңадан түскен жас келіншек үлкен үйдің отына тағзым етуге (сәлем етуге)

тиіс. Бұл салт моңғолдарда неке қию дәстүрінде орын алады. Моңғолдармен салыстырғанда, қазақтарда отқа табыну дәстүрінің ұмытылып бара жатқаны байқалады».

...Жаңа түскен жас келін алдымен өз отауына аяқ баспас бұрын, қайын атасының шаңырағына кіріп, құрмет көрсетуі қажет, содан кейін қалыңдық атасының ошағына бір қасық май тамызады. Бұл салт-дәстүр «отқа май құю» деп аталады. Жас келін сәлем бергенде, «аруақтар разы болсын» деп тізесін бүгіп, иіліп: «От ана, Май ана, мейіріңді төге көр!...» деп тілек айтады. Ошаққа тамызылған май жанып жатқан кезде, келінмен бірге жүрген әйелдердің бірі алақанын отқа жылытқан соң, келіннің жүзін сипайды. Үлкен үйдің отына деген құрмет белгісі ретінде, қалыңдық қайын атасының иығына шапан жабады. Осы сәтте үй иесі ошақ тұсындағы тулақты нұсқап, келінге отыруға ишара білдіріп: «иін қанған 61 илеген тулақтай, мінезің майдай жұмсақ болсын, қарағым» деп батасын береді [1].

Ш. Уәлихановтың зерттеулерінде гендерлік атаулар да ұшырасады: «Жігері мықты, тұлғалы әйелдерді Елті деп атайды (олар өздерінің сиқырлы қабілеті арқылы адамдарды еліктіріп, есінен тандырып – бар ой-санасын меңгеріп, бағындыра алатындар). Елті сөзі қазіргі қолданыстағы еліту сөзінің түбірі, олар да – «бақсы» [1]. Осындай ғылыми-этнографиялық құнды мәліметтер Ыбырай Алтынсариннің еңбектерінде де орын алған. Ол өз шығармаларының бірқатарын қазақ халқының салт-дәстүрлік ерекшеліктерін зерттеуге арнап, этнографиялық очерктер жазған. Ы. Алтынсариннің «Орынбор ведомствосы қазақтарының өлген адамды жерлеу және оған ас беру дәстүрлерінің очеркі» мен «Орынбор ведомствосы қазақтарының құда түсу, қыз ұзату және той жасау дәстүрлерінің очерктері» атты еңбектері түгелдей дерлік гендерлік аспектіні ескере отырып жазылған [2]. Ол қазақтарда қайтыс болған кісіні жерлеу рәсімдерін сипаттаған кезде, марқұмның әйелі, қызы, шешесі, әпке-қарындастарының дауыс шығарып жоқтауы, қабір тұрғызу (қабірдің ауыл маңындағы ең биік жота, тау не өзен-көлге жақын орынға салынатыны, ер адамдардың моласының басына найза, әйелдер зиратына бақан не пішпек қойылатыны) жоралғыларын және өзге де дәстүрлерді баяндаған. «Орынбор ведомствосы қазақтарының құда түсу, қыз ұзату және той жасау дәстүрлерінің очеркі» еңбегінде [2] қыз аулында өтетін «Қынаменде», «Қызқашар» ойын-сауығы, күйеу жігіт пен қалыңдықты кезіктіруде берілетін кәделер («желі аттар», «ит ырылдатар», «кемпір өлді», «отқа салар», «қол ұстатар», «шаш сипатар», «көрпе қимылдатар», т.б.) толықтай сөз болады.

Гендердің дәстүрленуінің бастауы ерте замандардан бері сақталып келе жатқан салт-дәстүрлер, әдет-ғұрыптар мен мәдени-тілдік құндылықтардан тұрады. Ыбырай Алтынсариннің қазақ халқының салт-дәстүрлерін зерттеудегі негізгі мақсаты – дәстүрдің озығы мен тозығын ғылыми түрде талдап, өзінің жеке көзқарасын білдіре отырып, дәстүрдің мән-мағынасын ашу және озат дәстүрлерді тәрбиенің құралы ретінде пайдалану еді. Ы. Алтынсариннің еңбектерінде қазақ халқының мәдениеті мен тіліне қатысты гендерлік мәселелер айқын көрініс тапқан.

Сонымен қатар, тілімізге Ыбырай Алтынсарин арқылы енген гендерлік мақал-мәтелдер де көптеп кездеседі. Бұл мақал-мәтелдер қазақ халқының дүниетанымындағы ер мен әйелдің рөлі, олардың арасындағы әлеуметтік қарым-қатынастарды көрсетеді. Мысалы, «Ерлер көп болса – отын жоқ, әйелдер көп болса – су жоқ», «Жан жолдасың – жарың», «Ер – бас, қатын – мойын», «Ұятсыз қатын тұзсыз ас секілді», «Сұлу – сұлу емес, сүйген – сұлу» сияқты мақалдар қазақ қоғамындағы еркек пен әйел арасындағы рөлдерді, олардың арасындағы өзара байланыс пен теңсіздікті көрсетеді. Тағы бір атап өту қажет жайт – Қазақстанда қыздардың арнайы оқу орнында бөлек оқытылуы XIX ғасырдан басталып, бұл іс Ы. Алтынсарин есімімен тікелей байланысты. Оның 1886 жылы жазған «Қазақтың болыстық мектептері туралы записка» атты еңбегінде әр болыста мектеп ашудың маңыздылығы жан-жақты дәлелденген. Бұл жазбада қазақ қыздарының білім алуына айрықша назар аударылған және сол дәуірдегі әйелдердің қоғамдағы орнын арттырудың қажеттілігі көрсетілген. Жазба жарық көргеннен кейін көп ұзамай, Ырғызда қазақ қыздарына арналған арнайы мектеп ашылып, бұл қазақ қоғамы үшін айрықша оқиғаға айналды.

Кейін Ыбырай Алтынсарин патша үкіметіне қыздар училищесін ашу жөнінде ұсыныс білдірді. Тек екі жыл өткен соң, нақты айтқанда 1891 жылы Торғайда, 1893 жылы Қостанайда, 1895 жылы Қарабұтақ елді мекенінде, сондай-ақ 1896 жылы Ақтөбеде арнайы қыздар училищелері ашылды. Осы бес оқу орнында 1896 жылы барлығы 211 қыз білім алды, оның ішінде 70-і – қазақ қыздары, ал қалғандары – орыс қоныстанушыларының қыздары болды. Бұл деректердің гендер мен тіл байланысын ашып көрсету тұрғысынан маңызы зор. Өйткені, қыздарды оқыту және олар үшін арнайы білім беру орындарын ашу – қоғамдағы гендерлік теңсіздікті жоюға бағытталған үлкен қадам болды. Сонымен қатар, қазақ қыздарының білім алу мүмкіндіктері кеңейген сайын, олардың қоғамдық рөлдері мен тілдік тәжірибелері де өзгеріп, жаңа әлеуметтік рөлдер мен тілдік концепттер қалыптаса бастады. Тіл ғылымында гендерлік бағыт бірден пайда болмағаны сияқты, қазақ тіл білімінде де гендерлік лингвистикасының алғашқы белгілері XX ғасырдың басында ғана көріне бастады. Қазақы гендерлік бағытты қалыптастыруда Ахмет Байтұрсынұлы мен Құдайберген Жұбанов сияқты ғалымдардың ғылыми мұраларының орны ерекше. А. Байтұрсынұлы еңбектерінде тікелей гендерлік атаулар қарастырылмағанымен, ер мен әйел тілдеріне тән гендерлік ерекшеліктер ашып көрсетілген. Мысалы, «ғұрып сөзі» мен «қалып сөзі» ұғымдарына қатысты пікірлерінде гендерлік ерекшеліктерге ерекше көңіл бөлінген. Ғалымның пікірінше, салт-дәстүр жырларының бір тобы тек әйелдер ғана орындайтын бесік жыры мен жоқтау өлеңдері болса, тағы бір тобы (беташар, бата) тек ерлердің үлесінде екен.

Мысалы, «жоқтау – өлген кісіні жоқтап сөйлеу. Жоқтау көбінесе белгілі адамдарға айтылады. Өлген адамның қатыны, я қызы, я келіні зарлы үнмен өлген адамның тірідегі істеген істерін, өлгенінше бастарына түскен қайғы-қасірет, күйіктерін шағып, жылағанда айтатын жыр түріндегі сөз» деп, әйелдердің ерекше рөлін атап өткен. Ал бата туралы айтқанда: «Бата – біреуге алғыс бергенде айтылатын сөз; батаны ақсақал адамдар айтады. Батагөй шалдар басы бар табақты тартуға алып келгенде, асты жеп болғанда да бата қылады» деп ер адамдардың қатысуын сипаттайды [3]. Бұл еңбектерде гендерлік ерекшеліктерді тіл мен салт-дәстүрлер арқылы түсіндірудің маңызы зор. А. Байтұрсынұлы гендерлік мәндер мен ерекшеліктерді қоғамдағы тілдік құрылымдармен байланыстыра отырып, қазақ тілінің гендерлік аспектілерін түсінуге зор үлес қосты.

Әйел мен ер адам тілінің ежелгі белгілері қазіргі уақытта да аңғарылады, бұл жағдай әлеуметтік, экономикалық, діни ықпалдар мен салт-дәстүрлердің әсерінен сақталып отыр. Мұндай ерекшеліктер тіл құрылымында өзіндік сипатымен көрініс табады. Гендерлік бірліктер мен гендерлік элементтер туралы XVIII ғасырда антропологтар мен XIX ғасырда этнографтардың еңбектерінде біршама сөз болғанымен, XX ғасырда бұл мәселе Қ. Жұбановтың зерттеулерінде тілдік-гендерлік белгі ретінде айқын бейнеленді. Қ. Жұбанов мұраларына терең талдау жүргізіп, соның ішінде оның гендерлік-лингвистикалық тұжырымдарына алғаш назар аударған Б. Хасанұлы: «Жалпы тіл ғылымында «еркек тілі», «әйел тілі» деген ұғымдар орныққан. Бұл мәселеге көңіл бөлген аздаған ғалымдар да бар» [4], – деп атап көрсетіп, қазақ әйелдерінің сөйлеу ерекшелігі Қ. Жұбанов еңбектерінде алғаш рет гендерлік аспектіде қарастырылғанын нақтылайды.

Тіл мен адамның жыныстық айырмашылығына байланысты тіл қолдану ерекшеліктерін Қ. Жұбанов айқын көрсеткен. Оның пікірінше, әйелдер тілінің өзіндік ерекшеліктері көптеген мәдениеттерде, оның ішінде қазақ тілінде де байқалады. «Күншығыста әйелдер тұрмысы ерекше жағдайда болғандықтан, әйелдерге арнаулы түрлі әдет-ғұрып өзгешеліктері мұнда жиі ұшырайды. Сол әдет-ғұрып өзгешеліктерінің бірі – осы күнге шейін Кавказда армян, грузин, түріктер арасында сақталған әйелдердің ым тілі. Жаңа түскен келіншек қай жерде бір айға, қай жерде бір жылға шейін ата-енесімен дыбыстап сөйлеспейді, ымдап сөйлеседі. Бұл тілді армяндар «нашнауар» дейді. Нашнауар сондай бай, сондай ұшталған тіл. Мұнымен әйелдер сумаңдатып ала жөнелгенде дыбыс тілінен еш кемдігі жоқ сияқты» [5]. Бұл сипаттама әйелдер арасында тілдің ыммен немесе басқа да ерекше белгілермен

қолданылатындығын көрсетеді, әрі бұл тілдік ерекшеліктердің әртүрлі халықтарда сақталғанын білдіреді.

Қ. Жұбанов қазақ әйелдерінің тілдік ерекшеліктері туралы да алғаш рет гендерлік тұрғыдан сөз қозғаған. Ол қазақ тіліндегі әйелдерге тән бірқатар тілдік белгілерді атап өтеді: «Әйелдерге ғана арнаулы, жүйелі болмаса да, әйел тілінің өзгешелігі қазақта да жоқ емес. Сол өзгешеліктердің бірі әйелдерде ғана болатын «ернін шығару» (кеміткенде), «бетін шымшу» (ұятсынғанда), «аузын шылп еткізу» (таңданғанда), аузын быртылдату (кекеткенде). Міне, мұның соңғы екеуінде үнсіз ым ғана емес, дыбыс шығару да бар. Бірақ дыбыс айырынды (членораздельный) емес» [5]. Бұл сипаттамалар қазақ қоғамында әйелдер тілінің жеке дара ерекшеліктерін, сондай-ақ олардың тілдік қарым-қатынасында қандай белгілер мен дыбыстар қолданылатындығын көрсетеді. Мұнда тілдің тек сөйлеу құралы ғана емес, сонымен қатар мәдени және әлеуметтік рөлдерді, дәстүрлерді сақтаушы және білдіруші құрал ретінде қолданылғаны байқалады.

Қ. Жұбановтың сөздердің этимологиясына қатысты айтқан пікірлері гендерлік лингвистикалық зерттеулер үшін маңызды әрі негізді. Мысалы, «абыз» сөзі туралы: ескі заманда шамандарды «абыз» деп атаған. Ру қоғамында олар рудың ақсақалдары болғандықтан, бұл сөз үлкендерді білдіретін жалпы атауға айналған. Осыдан, әйелдердің үлкенін «абысын», татарлар «абыстай», ал ағаларын «абзи» деп атау қалыптасқан. Бұл сөздер «абыз» ұғымынан тараған. Қ. Жұбанов, сондай-ақ, «швили» және «кали» сөздеріне де мән беріп, олардың түбірі шв деген элементтен шыққанын көрсетеді. Шв қыпшақ тіліндегі шық сөзін еске түсіреді. Бұл мысалдың негізінде, Қырым татарлары мен басқа түркі халықтарында «бала» деген мағынаға сәйкес шаға сөзінің қолданылуы байқалады. Бұдан кейін ғалым «ұғлан» сөзін талдай келе, оның тек ер балаларға қатысты қолданылатындығын, ал бұл сөздің қыздар үшін қолданылмайтынын атап өтеді. «Ұғлан» сөзі асқақ стильде қолданылатын ер бала мен ұлан сөзінің синонимі ретінде келтірілген. Ғалымның қызалақ сөзіне қатысты пікірлері де қызықты: ол осы сөздің қыз бен олақ сөздерінің бірігуінен пайда болғанын түсіндіреді. Олақ сөзі қазіргі уақытта Сібірдің батысындағы тілдерде «баланы», «ұлды» білдіреді. Сондықтан қызалақ сөзі де осы мағынада пайда болған. Сондай-ақ, ғалым «қатын» сөзінің тарихи мағынасын да зерттеген. Ол алғашында ханның әйелдеріне арналған атау болғанын айтады. Келешекте, бұл сөз ханның уәзірлерінің әйелдеріне де қатысты қолданылған. Соңында, бұл термин байдың барлық әйелдеріне де қатысты қолданыла бастаған. Осылайша, Қ. Жұбановтың зерттеулері тіл мен мәдениеттің арасындағы байланыстарды, гендерлік терминдердің даму жолдарын тереңірек түсінуге мүмкіндік береді [5]. Қ. Жұбанов тұжырымы: «Тіліміздің сонау ұзақ жолда қандай өзгерістерге ұшырағанын білу керек. Бұрынғыны білу жай әшейін мақсат емес, тілді меңгерудің бір амалы. Біз тілді меңгеріп болғанымыз жоқ, толық меңгерсек қана оны дұрыс бағытта өзгерте аламыз» [5]. Н.И. Ильминский, Г.Н. Потанин, А.Н. Самойлович, Н.И. Гродеков, Н.А. Баскаков еңбектерінде де тыйым салынған сөздер, табу мен эвфемизмдерге қоса, ат тергеу дәстүрімен байланысты әйел тіліне тән ерекшеліктер сипатталады. Бұл мәселе Ә. Ахметовтің зерттеулерінде жан-жақты қарастырылады [6].

Қазақ тілін алғашқылардың бірі болып зерттеген Н.И. Ильминский қазақ келіндерінің ұлттық дәстүрге сәйкес ат тергеу салтын қатаң ұстанатынына айрықша мән берген. Бұл дәстүр қазақ қоғамында ұрпақ жалғастыру мен ата-бабалардың есімдерін құрметтеу мақсатында қалыптасқан. Н.И. Гродековтың келтірген деректері бойынша, қазақ пен қырғыз халқының ізетті әйелдері қыз кезінен-ақ болашақ күйеуінің жеті атасына дейінгі туыстарының есімдерін атауды ұят санап, бұл туралы айтудан тартынған. Оның орнына оларды басқа атпен атайтын болған. А.Н. Самойлович Мұстафа Шоқай жинаған мәліметтерге сүйене отырып, қазақ халқының ішіндегі қыпшақ руының қалай ат тергеу дәстүрін сақтағанын зерттеген. Оның айтуынша, қыпшақ ішінде белгілі бір аталардан қыз алыспау тәртібі болған. Мәселен, жанай, шашты, торы секілді ру аталарының арасында қыз алыспау дәстүрі сақталып, бұл әдеттер қыз беріп, қыз алуға қатысты қатал талаптар қойған. Бұл дәстүр тек қана әлеуметтік міндет болып қоймай, өзара құрмет пен

таза ұрпақ жалғастыру үшін маңызды саналған. Ғалымдар қазақ қоғамындағы ат тергеу салтының өзіне тән ерекшеліктерін де атап өтеді. Мысалы, торы руының келіндері өздерінің ата-бабаларының есімдерін атамай, олардың бір буынын алып тастап, түрлі эвфемистік атауларды пайдаланған. Олардың орнына шымшық, шөже немесе жау шөже деген сөздер қолданылған. Бұл сөздер қазақ халқының ата-бабалар есімдерінің құрметін сақтауға деген ұмтылысының нәтижесі болған. Ал жылқыайдарлардың келіндері «жылқы» деген жалпы есім мағынасындағы сөзді де тергеп, оның орнына мінгіш немесе туар сияқты эвфемизмдерді пайдаланған деп берілген» [7].

Ат тергеу салты Ы. Алтынсаринде де аталған: «Бір қазақтың бес ұлы болыпты. Олардың аты: Көл, Қамыс, Қасқыр, Қой және Пышақ екен. Бір күні келіні суға барса, көлдің аржағында, қамыстың бержағында қасқыр қойды жеп жатыр екен. Сонда келіні жүгіріп келіп: сарқыраманың аржағында, сылдыраманың бер жағында маңыраманы ұлыма жеп жатыр, тезірек жанығыш пен кескішті жеткізіңдер» – [8] дейтін ақылды келіннің атасына айтқан астарлы әңгімесі бұл күнде табу мен эвфемизмге қойылған ғажайып ескерткіштей, әлемдегі ең салиқалы басылымдардың бірі – Британия энциклопедиясының төрінен орын алып, дүйім дүниеге танымал болғандығын Ә. Ахметов атап көрсеткен [6]. Ол: «Әлем халықтарында, соның ішінде кейбір түркі жұрттарының мәдениетіне де тән, адам аттарына қатысты тыйымның бір ерекше түрі ұшырасады. Бұл тыйым түрі магиялық тыйымдардан сәл өзгеше. Себебі бұл тыйымдар, негізінен, жыныстық айырмашылыққа байланысты тек әйелдерге не тек ер адамдарға ғана қатысты қолданылады», – дей келе, табудың жыныспен сабақтас түрлерін зерттеген Э. Краулейдің мәліметтерін түркі тілдері, соның ішінде қазақ тілі деректерімен салыстыра талдайды [9].

Қазақ тіліндегі гендерлік факторды зерттеу оның тарихи дамуына байланысты қарастырылуы тиіс. Сонымен қатар, жыныстық айырмашылықтарға негізделген тілдегі мәселелерді шешу жолдарын табу да маңызды. Осыған орай, қазақ тіліндегі гендерлік-лингвистикалық зерттеулердің тарихын үш кезеңге бөлуге болады:

1. Гендерлік ерекшеліктерді көрсететін жеке деректерге негізделген зерттеулер. Бұл кезеңде тіл мен жыныстың байланысы әлі де нақты жүйелі зерттелмеген еді. Бірақ жекелеген зерттеушілердің еңбектерінде гендерлік аспектілер алғашқы рет айқындала бастады.

2. Тіл мен жыныс арасындағы байланысты қарастыратын, гендерлік сипат алған зерттеулер. Бұл кезеңде қазақ тіліндегі ерлер мен әйелдер арасындағы тілдік ерекшеліктер жүйелі түрде зерттеліп, гендерлік айырмашылықтар мен оның қоғамдағы рөлі нақты белгіленді.

3. Гендерлік-лингвистикалық бағыттағы зерттеулердің қалыптасуы. Бұл кезеңде гендерлік лексика мен грамматикалық құрылымдардың, сондай-ақ тілдегі гендерлік стереотиптер мен таптаурындардың әсері мен көрінісі терең зерттеле бастады.

Соңғы жылдары жарияланған ғылыми еңбектер қазақ тіл біліміндегі гендерлік лингвистика саласына қызығушылықтың арта түскенін көрсетеді. Гендерлік тілдік белгілер арнайы зерттеу нысанына айналып, осы салада көптеген ғылыми мақалалар жарияланып, диссертациялық жұмыстар орындалуда. Атап айтқанда, гендерлік лингвистика, әйел тілі, қыздың сөйлеу әдебі, «Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы шығармаларының гендерлік сипаты» сынды тақырыптарға қатысты көптеген мақалалар жазылып, баяндамалар жасалды. Б. Хасанұлы гендерлік мәселелер бойынша ғылыми жұмыстарға жетекшілік етіп, зерттеулер жүргізсе, З.К. Сәбитова гендерлік қарама-қайшылықтардың тілдегі көрінісін зерттеді. Сонымен қатар, Н.М. Жанпейісова ана концептін контрастивтік-лингвомәдениеттанымдық тұрғыдан, атап айтқанда, ана/мать қатынасында зерттеп, З.Ж. Түйебекова қазақ, орыс және ағылшын тілдерінің морфологиясында гендерлік салғастырмалы зерттеулер жүргізіп келеді. Бұдан бөлек, З.М. Нұржанова, Г.Б. Мамаева, В.Д. Нарожная, О.Л. Сохацкая, Г.К. Исмағұлова, А.Т. Оңалбаева сынды ғалымдардың еңбектері де маңызды зерттеулер қатарына жатады. XXI ғасырдың басынан бастап, гендер мәселесі қазақ тілінде ғана емес, сонымен қатар басқа тіл білімдерінде де арнайы зерттеу нысаны ретінде тіл теориясы тұрғысынан қарастырыла бастады.

Бұл бағыт Б. Хасанұлының еңбектерінен бастау алады. Ғалым қазақ тіл білімінде гендерлік бағытты қалыптастыру жолдарын нақты айқындап көрсеткен:

1. Салыстырмалы және салғастырмалы гендерлік тілтаным (мысалы, морфология деңгейінде адамның аты-жөніне, әкесінің атына белгілі бір жұрнақтың немесе жұрнақ түрінің қолданылуы не қолданылмауы; тек (род) категориясының қазіргі тіл жүйесінде және оның даму тарихында бар-жоғын анықтау, т.б.).

2. Гендерлік паралингвистика. Бұл бағыт қазақ тіліндегі ишара, қимыл, ым-сигналдарға негізделіп қалыптасуы қажет. Қазақы болмысқа сай паралингвистикалық гендерлік зерттеулер өмірдің түрлі салаларына (мәдениет, сахна тілі, көпшілік алдында сөйлеу, т.б.) өз ықпалын тигізе алады.

3. Гендерлік лексикография. Бұл бағыт қазақ және өзге тілдердің негізінде жүзеге асуы керек.

4. Гендер мен тіл үйрену. Бұл саладағы зерттеулер тіл саясатын жоспарлауда маңызды рөл атқарады [10].

Қорытынды

Қазақ тіліндегі гендерлік лингвистика тақырыбы соңғы жылдары өзекті бағытқа айналып, ғылыми зерттеулердің маңызды саласына айналды. Тіл мен жыныс арасындағы байланыс тек теориялық тұрғыдан емес, сонымен қатар әлеуметтік және мәдени аспектілер арқылы да қарастырылуда. Гендерлік ерекшеліктердің тілдегі көрінісі, әйелдер мен ерлердің сөйлеу мәдениетіндегі айырмашылықтар, гендерлік стереотиптердің қалыптасуы және олардың тілді қолданудағы ықпалы - бұл мәселелердің бәрі кең ауқымды зерттеулер мен ғылыми еңбектерді талап етеді. Қазақ тіліндегі гендерлік зерттеулердің тарихы мен қазіргі даму деңгейі көрсеткендей, бұл сала XX ғасырдың басынан бері маңызды бағыт болып қалыптасып келеді. Әсіресе, Ахмет Байтұрсынұлы мен Құдайберген Жұбанов сияқты ғалымдардың еңбектерінде гендерлік ерекшеліктердің алғашқы іздері байқалады. Ал қазіргі уақытта Б. Хасанұлы, З.К. Сәбитова, Н.М. Жанпейісова сияқты зерттеушілер гендерлік лингвистика бойынша терең ғылыми ізденістер жүргізіп, бұл саланың дамуына зор үлес қосуда. Қазақ тілі мен мәдениетіндегі гендерлік белгілердің зерттелуі ұлттық құндылықтарымызды, салт-дәстүрлерімізді және тілдік құрылымдардың дамуын түсінуге мүмкіндік береді. Бұл бағыттағы зерттеулердің нәтижелері тілдік саясатты, білім беру жүйесін, әлеуметтік қатынастарды реттеуде маңызды құралға айналуы мүмкін. Гендерлік лингвистика тек академиялық салада ғана емес, қоғамның әртүрлі қырларында да маңызды орын алатындықтан, бұл зерттеулердің келешекте қоғамдағы гендерлік теңдік, мәдениетаралық түсіністік және тілдің дамуындағы рөлі ерекше болатыны сөзсіз.

Әдебиеттер

1. Валиханов Ч. Следы шаманства у киргизов // Валиханов Ч.Ч. Собрание сочинений в пяти томах. – Алма-Ата: Каз. сов. энциклоп., 1985. – Т. 4. – 528 с.
2. Алтынсарин Ы. Таңдамалы педагогикалық мұралары. – Алматы: Рауан, 1991. – 240 б.
3. Байтұрсынов А. Ақ жол: Өлеңдер мен тәржімелер, публ. мақалалар және әдеби зерттеу / Құрастырған Р. Нұрғалиев. – Алматы: Жалын, 1991. – 320 б.
4. Хасанұлы Б. Ана тілі – Атамұра (Қазақ тілінің жер жүзі тілдері жүйесіндегі алатын орны). – Алматы: Жазушы, 1992. – 300 б.
5. Жұбанов Қ. Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. – Алматы: Ғылым, 1999. – 440 б.
6. Ахметов Ә. Түркі тілдеріндегі табу мен эвфемизмдер. – Алматы: Ғылым, 1995. – 280 б.
7. Хасанұлы Б. Қыздың сөйлеу әдебі – ана тілінің ажары // «Қазақ қызы: өткені, бүгіні, ертеңі: халықаралық ғылымипрактикалық конференция материалдары. – Алматы, 2003. – 1 том. – Б. 98-107.
8. Алтынсарин Ы. Таңдамалы шығармалар / Құрастырып, баспаға дайындаған Б.С. Сүлейменов. – Алматы: Қазақ ССР Ғылым Академиясының баспасы, 1955. – 180 б.
9. Kramarae C. Women and Men Speaking: Fundamentals for Analysis. Rowley Mass.: Newbury House 1981. – 300 p.

10. Хасанұлы Б. Қазақ тіл білімінде гендерлік бағытты қалыптастырудың өзекті мәселелері // Психолингвистика және әлеуметтік тіл білімі: қазіргі күйі және болашағы: Халықаралық конференция материалдары. – Алматы, 2003. – Б. 284-288.

References

1. Valikhanov Ch. Sledy shamanstva u kirgizov [Traces of shamanism among the Kyrgyz] // Valikhanov Ch.Ch. Sobranie sochineniy v pyati tomakh. – Alma-Ata: Kaz. sov. entsikl., 1985. – Vol. 4. – 528 p. (in Russian)
2. Altynsarin Y. Tandamaly pedagogikalyk muralary [Selected pedagogical heritage]. – Almaty: Rauan, 1991. – 240 p. (in Kazakh)
3. Baitursynov A. Ak zhol: Olender men tarjimaler, publ. makalalar zhane adebi zertteu [White Road: Poems and translations, published articles and literary research] / Comp. R. Nurgaliev. – Almaty: Zhalyn, 1991. – 320 p. (in Kazakh)
4. Khasanuly B. Ana tili – Atamura (Kazakh tilinin zher zhyzi tilleri zhyyesindegi alatyn orny) [Mother tongue – Ancestral heritage (The place of the Kazakh language in the world language system)]. – Almaty: Zhazushy, 1992. – 300 p. (in Kazakh)
5. Zhubanov K. Kazakh tili zhonindegi zertteuler [Research on the Kazakh language]. – Almaty: Gylym, 1999. – 440 p. (in Kazakh)
6. Akhmetov A. Tyurki tillerindegi tabu men evfemizmder [Taboo and euphemisms in Turkic languages]. – Almaty: Gylym, 1995. – 280 p. (in Kazakh)
7. Khasanuly B. Qyzdyң soyleu adebi – ana tilinin azhary [Speech etiquette of girls – beauty of the mother tongue] // Kazakh qyzy: otkeni, bugini, ertеңi: halyqaralyk gylymi-praktikalyk konferentsiya materialdary. – Almaty, 2003. – Vol. 1. – P. 98-107. (in Kazakh)
8. Altynsarin Y. Tandamaly shygarmalar [Selected works] / Comp. B.S. Suleimenov. – Almaty: KazSSR Gylym Akademiyasynyn baspasy, 1955. – 180 p. (in Kazakh)
9. Kramarae C. Women and Men Speaking: Fundamentals for Analysis. – Rowley, Mass.: Newbury House, 1981. – 300 p.
10. Khasanuly B. Kazakh til biliminde genderlik bagytty kaliptastyrudyn ozekti maseleleri [Topical issues of forming the gender direction in Kazakh linguistics] // Psikholingvistika zhane aleumettik til bilimi: kazirgi kuii zhane bolashagy: Halykaralyk konferentsiya materialdary. – Almaty, 2003. – P. 284-288. (in Kazakh)

Г.А. Тусупбекова, А.А. Жумагазыева*
Шәкәрім университет,
071412, Республика Казахстан, г. Семей, ул. Глинки, 20 А
*ORCID: 0009-0000-8894-2016
*e-mail: anelzhumagazieva09@mail.ru

РАЗВИТИЕ ГЕНДЕРНОЙ ЛИНГВИСТИКИ В КАЗАХСКОМ ЯЗЫКОЗНАНИИ

Аннотация. В данной статье рассматриваются особенности развития гендерной лингвистики в казахском языкознании. Гендерная лингвистика – это новая развивающаяся отрасль языковедения, которая направлена на выявление особенностей языкового поведения женщин и мужчин в казахском языке, а также на определение гендерных стереотипов и социальных ролей. Основная цель статьи – исследование гендерных лингвистических явлений в казахском языке, анализ их развития и текущего состояния через призму социального, культурного и исторического аспектов. В ходе исследования проводится сравнительный анализ гендерных особенностей казахского языка, а также структурных аспектов. Особое внимание уделяется лексическим единицам, фразеологизмам и метафорам, используемым в отношении женщин и мужчин, а также их роли в языке и динамике изменений во времени и пространстве. Кроме того, рассматривается межкультурное сопоставление гендерных норм, что позволяет исследовать гендерные явления в казахском языке в контексте других языков и культур. В исследовании применяются методы анализа, сравнения и синтеза. Основные теоретические и практические аспекты гендерной лингвистики рассматриваются на основе работ

ведущих ученых казахского языкознания. Это исследование помогает определить развитие гендерных аспектов в казахском языке, а также предсказать направления будущих исследований в данной области.

Ключевые слова: гендерная лингвистика, гендерные стереотипы, социальные роли, лексические единицы, межкультурное сопоставление, гендерные нормы, языкознание.

G.A. Tusupbekova, A.A. Zhumagazyyeva*
Shakarim University,
071412, Republic of Kazakhstan, Semey, 20 A Glinka str.
*ORCID: 0009-0000-8894-2016
*e-mail: anelzhumagazieva09@mail.ru

DEVELOPMENT FEATURES OF GENDER LINGUISTICS IN KAZAKH LINGUISTICS

Abstract. This article examines the development features of gender linguistics in Kazakh linguistics. Gender linguistics, as a newly emerging field of linguistic science, aims to identify the linguistic behavior characteristics of women and men in the Kazakh language, as well as gender stereotypes and social roles. By analyzing the social, cultural, and historical aspects of gender classification in language, the main goal of the article is to identify gender linguistic phenomena in the Kazakh language and study their development and current state. The study compares the gender-specific features and structural aspects of the Kazakh language. Special attention is paid to the lexical units, phraseological expressions, and metaphors used in reference to women and men, analyzing their roles in the language and examining the dynamics of their changes over time and space. Additionally, the article emphasizes the inter-cultural aspects of gender norms, allowing for a comparison of gender phenomena in the Kazakh language within the context of other languages and cultures. The methods of analysis, comparison, and synthesis are employed in the research. Drawing on the works of prominent representatives of Kazakh linguistics, the theoretical foundations and practical aspects of gender linguistics are examined. This study contributes to identifying the development and changes of gender aspects in the Kazakh language and helps define the future directions of research in this field.

Keywords: gender linguistics, gender stereotypes, social roles, lexical units, intercultural comparison, gender norms, linguistics.

Авторлар туралы

Түсіпбекова Ғалия Ауытқызы – филология ғылымдарының кандидаты, «Шәкәрім университеті» КеАҚ қазақ филологиясы кафедрасының аға оқытушысы, Қазақстан Республикасы, Семей, e-mail: autovna67@mail.ru, ORCID: https://orcid.org/0000-0003-2200-5614.

Жұмағазыева Анель Асетқызы* – «Шәкәрім университеті» КеАҚ магистранты, Қазақстан Республикасы, Семей, e-mail: anelzhumagazieva09@mail.ru, ORCID: https://orcid.org/0009-0000-8894-2016.

Сведения об авторах

Тусупбекова Галия Аутовна – кандидат филологических наук, старший преподаватель кафедры казахской филологии НАО «Шәкәрім университет», Республика Казахстан, Семей, e-mail: autovna67@mail.ru, ORCID: https://orcid.org/0000-0003-2200-5614.

1) Өзі тіркескен бағыныңқы сөзде (кейде субстантивтенген етістіктер мен етістікті сөз тіркестеріне) аталған зат неге, не үшін арналғанын білдіретін (арнау, арналу) мағына жамап, оны анықтауыш қызметіне қойып, басыңқыда аталған зат есіммен байланыстырады. *Құқық* ***бұзушылықтың аталған түрлері үшін жауаптылық*** *көзделмеген.* ***Ауыл мектебін бітірген тұлғалар үшін мемлекеттік квота*** *бөлінген.* ***Студиялық сабақтар үшін бір академиялық сағат*** *75 минутқа тең.* ***Мүлікті пайдаланғаны үшін төлемақы*** *уақытында кассаға түспеді.*

2) Өзі тіркескен зат есімге зат қимылдың немесе жай күйдің себебі екенін білдіретін мағына үстеп, оны себеп пысықтауышы қызметіне қойып, басыңқы сыңардағы етістікпен байланыстырады. Мысалы, *Мен сізге* ***баламның жағдайы үшін келіп тұрмын ғой***. *Сайыста көрсеткен тамаша* ***өнері үшін марапатталды***.

Субстантивтенген есімше тұлғалы етістікке (етістікті сөз тіркестеріне) тіркесіп, оған себеп мағынасын жамап, оны басыңқымен себеп пысықтауышы қызметіне қойып байланыстырады. Мысалы, ***Тапсырманы орындамағаны үшін сөгіс жарияланды****. Бұл кісі дұрыс* ***ақпарат бермегені үшін айыпталып*** *отыр.*

3) Кейде өзі тіркескен сөзге зат жай-күйдің адресат-объектісі екенін білдіретін грамматикалық мағына жамап, оны толықтауыш қызметіне қоя отырып, сын есімдермен де байланыстырады. Мысалы, ***Студенттер үшін қолайлы*** *жағдайдың барлығы жасалған.* ***Хансұлу үшін*** *қыстың* ***көңілсіз, сұрқай*** *күндері басталды.*

3. ***-у үшін*** аналитикалық форманты – септеулік формант.

1) Бұл формант өзі тіркескен етістікке және етістікті сөз тіркестеріне мақсат мағынасын үстеп, оның басыңқыға қатысты мақсат пысықтауыш болуына және басыңқымен байланыс орнатуына түрткі болады. Мысалы, ***Мал өсіру үшін*** *қолда тұқымдық мал болу* ***керек****. Бұл бағдарлама даму жоспарының негізгі бағыттарын* ***іске асыру үшін әзірленген***.

2) Өзі тіркескен етістікке және етістікті сөз тіркестеріне оның неге, не үшін арналғанын білдіретін мағына жамап, оны анықтауыш қызметіне қойып, басыңқыда аталған зат есіммен байланыстырады. ***Конкурсқа қатысу үшін өтініштер*** *белгіленген уақыт аралығында ғана қабылданады. Бұл* ***мамандыққа түсу үшін*** *шығармашылық* ***емтихан*** *тапсыру көзделген.*

4. ***Сияқты (секілді, тәрізді)*** – септеулік шылау. Бұл септеулік те өзі тіркескен сөзге әр алуан грамматикалық мағыналар жамайды.

1) Өзі тіркескен зат есімге салыстыру, оның ішінде ұқсату, теңеу мағынасын жамап, оны амал пысықтауышы қызметіне қойып етістікпен байланыстырады. Мысалы, *Мынауың жас* ***бала секілді*** *маған* ***еркелеп*** *отыр ма? Иә, адам өмірі де сол жарық* ***астау секілді қаңсып*** *қалады екен-ау...*

2) Өзі тіркескен зат есімге ұқсату, теңеу мағынасын жамап, анықтауыштық қатынастағы есімді сөз тіркестерін де қалыптастыруға қызмет етеді. Мысалы, ***Байбол сияқты біреу*** *бізден де табылар. Мұның да қалыңдығы* ***Күнікей секілді*** *бұлдіршіндей қара торы* ***қыз*** *болар ма екен?* ***Алтайдың қысы секілді*** *қатыгез* ***мінезі*** *әркімге жаға бермейді.*

3) Төмендегі мысалдардан бірыңғай мүше қызметіндегі сөздерге жинақтап ұқсату, теңеу мағынасын жамап, олардың анықтауыштық қатынастағы есімді сөз тіркестерінің бағыныңқы сыңары еткенін көреміз: ***Қой, түйе, сиыр сияқты төрт түліктің*** *саны қанша? Ораз қыстыгүні* ***күзен, ақтышқан, түлкі, қасқыр сияқты аңдарды*** *да көп аулайды.*

5. ***Туралы (турасында, жайлы, жайында, жөнінде)*** – септеулік шылау.

1) Бұл шылау өзі жалғанған зат есімге зат қимылдың тақырып-объектісі екенін білдіретін грамматикалық мағына жамап, оны толықтауыштық қатынаста сөйлеу, не ойлау етісітігі қатарына жататын сөзбен байланыстырады. Мысалы, *Бүгінгі жиында* ***тәртіп мәселесі туралы*** *көп* ***айтылды****. Айтылған* ***ұсыныстар жөнінде ойланып*** *көріңіз.*

2) Бүгінгі таңда ***туралы*** шылауының анықтауыштық қатынастағы есімді сөз тіркестерін қалыптастырудағы рөлі артқанын байқаймыз. Бұл кезде өзі тіркескен сөзге (зат есімдер мен қиыл есімі тұлғалы етістіктер, етістікті сөз тіркестеріне) бағыныңқыдағы ұғым басыңқыдағы ойлау, сөйлеу, жазу әрекеттерімен байланысты ұғымдардың тақырыбы екенін білдіретін грамматикалық мағына жамайды. Мысалы, ***Абай туралы эпопея*** *– үлкен дүние, зор еңбек****. Ынтымақтастық туралы хаттама, білім туралы заң, оқуға қабылдау туралы ереже****.*

6. *Сайын* – септеулік шылау. Бұл шылау өзі жалғанған мезгіл мәнді зат есімдерге және есімше тұлғалы субстантивтенген етістіктерге тіркесіп, бағыныңқы компонентке басыңқыдағы әрекет бағыныңқыдағы зат есім (мезгілдік мәнде субстантивтенген сөздер мен сөз тіркестер) арқылы аталған мезгіл ішінде аралық қашықтықты сақтай отырып, тұрақты қайталанатынын білдіретін мағына жамайды. Осы мағынасы арқылы оны мезгіл пысықтауышы қызметіне қоя отырып, басыңқы сыңардағы сөзбен байланыстырады. Мысалы, ***Қар түскен сайын*** *шөп* ***сыбдырлайды. Ай сайын төленеді, апта сайын есеп беріңіз, т.б.***

7. ***Бойы (бойынша, бойымен)*** шылауларының ішіндегі ***бойы*** сөзінің септеулік шылау қызметінде келетін, кейде бұл қызметті атқармайтын фактілері кездеседі**.**

1) *Күн бір жеті бойы жылы болып тұр, апта бойы хабарсыз, күні бойы аш* тіркестердің құрамындағы ***бойы*** сөзінің мағынасынан сөз бен сөздің байланысына қатысты және сөзді сөйлем мүшесіне қоюға қатысты екенін анық көруге болады. Бұл мысалдарда, мезгіл мәнді зат есімдер мен сөз тіркестерінің құрамында келгенде, ***бойы*** септеулігі оларға қимыл немесе жай-күй сол уақыт кесіндісін (жеті, апта, күн) толық қамтитынын, яғни мезгілдің созылу мөлшерін білдіретін грамматикалық мағына жамаған. Сондықтан мезгіл мәнді зат есімдер мен сөз тіркестері мөлшер пысықтауышы қызметіне тұрған. Ендеше бұл мағынаның пысықтауыш мүше жасауға да, синтаксистік байланыс орнатуға да тікелей қатысы екенін дәлелдейді. Сондықтан ***бойы*** сөзінің бұл мысалдардағы мағынасы – септеулік шылауларға тән грамматикалық мағына.

2) Ал *оқ бойы алда* тіркесінде бағыныңқы сыңар мен басыңқының арасындағы кеңістіктегі арақашықтықтың мөлшері екенін білдіретін мағына ***бойы*** көмекші сөзінің сөзге жамаған мағынасынан туындап тұр деуге келмейді, кеңістіктегі арақашықтықты білдіру – *оқ бойы* тіркесінің лексикалық мағынанасы, сол сияқты *өне бойы, тұла бойы* тіркестерінде де ***бойы*** сөзі септеулік қызметте емес, лексикалық мағына тіркесті сөздердің мағынасы.

8. *Шатқалдың бойымен созылған жол, Осы жолдың бойымен жүретін автобус****,*** *жыра бойымен жүру, түзу сызық бойымен жүрсе,* т.б. тіркестеріндегі ***бойымен*** – көмектес септік тұлғасындағы көмекші есім. Бұл мысалдардағы синтаксистік қатынас пен байланыс көмектес септігі арқылы орнаған.

9. ***Бойынша*** сөзі – таза септеулік шылау. Ол өз мағынасы арқылы әр түрлі қатынастағы сөз тіркестерін қалыптастырады.

1) *Ақпаратты мына* ***телефондар бойынша алуға*** *болады* мысалындағы б***ойынша*** шылауы өзі тіркескен сөзге зат қимылдың амалы екенін білдіретін мағына жамаған. Сол мағынасы арқылы зат есімді пысықтауыш етіп, етістікпен байланыстырған.

2) *Азаматтардың* ***өтініштері бойынша іс жүргізу*** мысалында зат қимылдың негізі болатын объектісі екенін білдіретін мағына жамап, толықтауыштық қатынастағы сөз тіркесін, *шығармашылық* ***мамандық бойынша оқу*** мысалында зат қимылдың бағыт-объектісі екенін білдіретін мағына жамап, толықтауыштық қатынастағы сөз тіркесін қалыптастырған.

3) ***Медеу ауданы бойынша ақпарат*** тіркесінде зат басыңқыда аталған заттың ауқымы екенін білдіретін мағына, ***баскетбол бойынша спорт үйірмесі, жүйені жетілдіру бойынша ұсыныстар*** тіркестерінде зат басыңқыда аталған заттың бағыты екенін білдіретін мағына жамап, анықтауыштық қатынастағы сөз тіркестерін қалыптастыруға қатысқан.

10. ***Ғұрлы (құрлы)*** – септеулік шылау. Бұл шылаудың өзі тіркескен сөзге үстейтін грамматикалық мағынасы – бір заттың өзі немесе қандай да бір белгілері екінші заттан немесе екінші заттың белгілерінен кем екенін білдіру, онда да қомсына кемсіту мағынасы. Екі заттың ұқсас, тең немесе бірі артық, екіншісі кем екенін білдіру тек оларды өзара салыстыру арқылы жүзеге асатыны белгілі. Егер ***сияқты «(секілді, тәрізді)*** септеуліктері өзі тіркескен сөзге бір затты (құбылысты) екінші затпен (құбылыспен) ұқсата, теңей салыстыру мағынасын жамаса, ***ғұрлы*** септеулігі кемсіте, қомсына салыстыратын мағынаға ие. Сондықтан бұл да ***сияқты*** септеулік шылауы тәрізді өз мағынасы арқылы пысықтауыштық қатынастағы және анықтауыштық қатынастардағы етістікті, есімді сөз тіркестерін қалыптастырады. Мысалы, *Өзіңді* ***кісі ғұрлы көрмегесін****, Сөзіңді қай есірік ескереді?* ***Жаутаңдап*** *жетім қалған* ***бала ғұрлы...*** *Әліпті* ***таяқ ғұрлы танымайсың****... Тіпті, шапанының қалтасын* ***тігіп жатқан ғұрлы әсер алмады. Бала ғұрлы ақылы*** *жоқ.* ***Тоқты ғұрлы жоқсың ба****?*

-ға(-ге, -қа/-ке) қарай, -ға таман, -ға тарта, -ға таяу, -ға жуық, -ға жақын, -ға салым, т.б. барыс септігі және септеулік шылаудан тұратын аналитикалық форманттарының сөз бен сөзді байланыстыру және синтаксистік қатынас орнату қабілеттері біртекті емес. Бұл форманттар септеулік қызмет атқарумен қатар кейде өз мағынасы арқылы синтаксистік байланыс пен синтаксистік қатынас орнатуға қатыспайтын фактілері де кездеседі.

Ертеректегі осы мәселеге қатысты еңбектерде ***қарай, таман, жуық, салым, тарта, таяу*** септеулік шылауларын «барыс септігіндегі сөзді меңгеретін септеулік шылау» деп сипаттайтын пікірлерді кездестіреміз. Осы мәселеге қатысты түсінік бере кетейік. Меңгеру – сөз тіркесінің басыңқы сыңарына қатысты ұғым. Басыңқы сыңар – меңгереді, бағыныңқы сыңар – меңгеріледі. Сөз сөз тіркесінің басыңқы сыңары болу үшін, яғни, бағыныңқыдағы сөзді меңгеру үшін басты талап – ол лексикалық мағынасы бар, атауыш сөз болуы керек. ***Қарай*** – лексикалық мағынасы жоқ көмекші сөз, ендеше олардың басқа сөзді меңгеру қабілеті де жоқ. Меңгерілу – сөз тіресінің бағыныңқы сыңарына қатысты. Меңгерілетін сөздер – септік жалғау тұлғасындағы, септеулік шылау тұлғасындағы және септік жалғауы мен септеулік шылаудан тұратын аналитикалық формантпен түрленген аналитикалық тұлғадағы бағыныңқы сыңардағы сөздер болмақ.

-ға(-ге, -қа/-ке) қарай, -ға таман, -ға тарта, -ға таяу, -ға жуық, -ға жақын, -ға салым – аналитикалық форманттар. Аналитикалық формант дегеніміз – қосымша мен көмекші сөзден тұратын, өзіне тән біртұтас дербес грамматикалық мағынасы бар сөз түрлендіруші тұлға. Аналитикалық форманттың грамматикалық мағынасы – құрамындағы қосымшаның мағынасын қайталамайтын, одан бөлек, сол сияқты көмекші сөздің де грамматикалық мағынасын қайталамайтын, одан бөлек, бірақ сол екеуінің тіркесіп келуінен қалыптасатын біртұтас мағына. Тұжырымымыз дәлелді болу үшін салыстыру жүргізейік. Мысалы, *мектепке қарай беттеу* тіркесінде бағыныңқы компонентте аталған зат (мектеп) басыңқыдағы қимылдың (беттеу) жалпы бағыт, бағдары екенін білдірілген. Өйткені мектеп қимылдың нақты бағыты емес, қимылды жасаушы беттегенде (қозғалғанда) дәл мектеп ғимаратының өзі емес, оның маңындағы басқа да ғимараттарды нысана етуі мүмкін. Ал

мектепке беттеді десек, мектеп қимылдың нақты бағыты екені білдіріледі. Өйткені қимылды жасаушы мектептің дәл өзіне беттеп келе жатқаны хабарланған. Ендеше ***-ке*** барыс септігінің мағынасы мен ***-ке қарай*** формантының сөзге үстейтін грамматикалық мағыналары мәндес болғанмен, тең емес. Және зат қимылдың жалпы бағдары екенін білдіру керек болғанда (өйткені сөйлеуші қимылды жасаушының қимылының нақты бағытын білмеуі мүмкін, сондықтан жалпы бағдарын ғана хабарлай алады), барыс септігі мен ***қарай*** септеулігін бірлікте қолданамыз. Ендеше ***-ке қарай*** екі морфемадан тұратын бір ғана морфологиялық тұлға, аналитикалық формант және өзі тіркескен сөзге бірнеше граммтикалық мағына жамайды.

11. ***-ға қарай*** формантының мағыналары.

1) Сонымен ***-ға қарай*** формантының өзі тіркескен сөзге үстейтін негізгі грамматикалық мағынасы – зат қимылдың жалпы бағыт-бағдары екенін білдіру. Осы мағынасы арқылы бұл формант өзі тіркескен сөзді мекен пысықтауышы қызметіне қойып, басыңқыдағы етістікпен байланыстырады. Мысалы, *Өзі елшілікке қайтып келіп, елшілікті* ***ордаға қарай көшіре бастады.*** *Ойбай,* ***жүкке қарай шабыңыз.*** *Топталып тұрған* ***адамдарға қарай жүгірді.***

2) Өзі тіркескен сөзге зат қимылдың ыңғайы екенін білдіретін мағына жамап, оны амал пысықтауышы қызметіне қоя отырып, басыңқыдағы етістікпен байланыстырады. Мысалы, *Қонақтарды жетістіктері мен қоғамдағы* ***дәрежесіне қарай орналастырамыз****. Оқу бағдарламалары* ***мазмұнына қарай*** *төртке* ***бөлінеді.*** *Айтуынша, туындаған* ***жағдайға қарай әрекет етпек****.*

3) Мезгіл мәнді сөздер мен сөз тіркестеріне тіркескенде, мезгіл қимылдың жалпы шамасы (нақты уақыты емес) екенін білдіретін мағына жамап, пысықтауыштық қатынастағы етістікті сөз тіркестерін қалыптастыруға қатысады. *Экспорттың көлемі* ***2025 жылға қарай*** *екі есе* ***ұлғаяды*** *деп күтілуде.* ***Күзге қарай той жасамақ****.*

4) ***Қарай*** септеулігі бағытты білдіретін мекен үстеулеріне барыс септігінсіз де тіркесіп келіп, бағыттың жалпы бағыт екенін білдіретін мағына жамайды. Ал бұл мағынаның біздің ойымызша, бағыныңқы сыңар мен басыңқы сыңардың синтаксистік (пысықтауыштық) қатынас орнатуға және синтаксистік байланыс орнатуға мүлдем қатысы жоқ. Бұл *жүз кітап – жүзге тарта кітап – жүз шамалы кітап* мысалдарындағы фактілерге ұқсас. Бұл мысалдарда сөздер арасындағы анықтауыштық қатынас пен синтаксистік байланыс бағыныңқылардың сандық, басыңқының заттық мағыналары негізінде орнаған. ***-ге тарта*** форманты мен ***шамалы*** шылауының сан есімге үстеген болжалдық мағынасы синтаксистік байланысқа да, синтаксистік қатынасқа да әсер етпеген. Осы салыстыру мекен мәнді үстеулерге тіркеске ***қарай*** шылауы септеулік қызметтен гөрі демеулік шылаудың қызметінде тұр деуге негіз болады. Мысалы, *Осы саясаттың* ***әрі қарай жалғасуын*** *қалайды.* ***Төмен қарай сырғыды****.*

12. ***-ға(-ге, -қа/-ке) таман, -ға жақын, -ға таяу, -ға жақын, -ға жуық, -ға салым*** аналитикалық форманттары да әрі септеулік, әрі демеулік қызметтер атқарады.

1) ***-ға таман, -ға таяу*** форманттары өзі тіркескен зат есімдерге зат қимылдың жуық бағыты, орны екенін білдіретін мағына жамап, бағыныңқы сыңардағы сөзді басыңқы сыңардағы етістікпен пысықтауыштық қатынаста байланыстырады Мысалы, *... Мергенбай* ***Жақсылықтың жанына таман келіп отырды.*** *... Күпісінің жағасын* ***құлағына таман көтеріп қойды***. ***Ортаға таман жақындады***. ***Оңтүстікке таман ойысып*** *бара жатқан сияқты.* ***Қалаға таяу орналасқан*** *ауылдардың жағдайы шалғай ауылдарға қарағанда жақсырақ.*

2) ***-ға таяу, -ға жақын форманттары*** кейде бағыныңқыдағы зат басыңқыдағы заттың жуық орны екенін білдіретін мағына жамап, анықтауыштық қатынастағы есімді сөз тіркестерін де қалыптастырады. *Алдымен осы оқиғаны тықырши күткен қала жастары мен* ***шекараға таяу ауылдар*** *өтті.*

3) ***-ға таяу, -ға тарта, -ға жақын, -ға жуық*** форманттары есептік сан есімдерге тіркесіп**,** оған санның жуық шамасы екенін білдіретін грамматикалық мағына жамап, болжалдық сан есім жасайтыны белгілі. *Ашылғалы бері жүзге тарта әйелге, екі жүзге таман балаға қызмет көрсетілген. Ашылғалы үш жылға жуық уақыт өтті.* Санның жуық

шамасын білдіретін грамматикалық мағынаның синтаксистік байланыс пен синтаксистік қатынасқа қатысы жоқ екенін дәлелдеудің қажеті шамалы. Синтакситік қатынас бағыныңқының сандық мағынасы мен зат есімнің заттық мағынасы арқылы орнап, байланыс орын тәртібі арқылы жүзеге асатыны белгілі. Сондықтан сан есімдерге тіркескен бұл аналитикалық форманттар – демеулік қызметте деп санау керек.

4) Осы сияқты ***-ға таяу, -таман, -ға жақын, –ға жуық, -ға салым формантта***ры мезгіл мәнді зат есімдер мен сөз тіркестеріне тіркесіп, оған мезгілдің жуық шамасы екенін білдіретін мағына жамайды. Мысалы, *Ол* ***кешке таман*** *сонау обаның басына* ***шығып отыратын***. ***Кешке жақын*** *қонақтың далада* ***отыратын*** *әдеті.* ***Жазға салым*** *әрбір бақташының бағында қияр мен қызанақ* ***өседі.*** Бұл кезде олар септеулік қызметке ие.

5) Ал ***-ға таяу, -ға жақын, –ға жуық*** форманттары мезгіл мәнді зат есімдерге, сөз тіркестеріне мезгілдің жуық мөлшері екенін білдіретін грамматикалық мағына жамағанда, септеулік қызметке ие бола алмайды. ***Ғасырға жуық*** *ұлттың үнжариясы* ***атанған*** *радионың халқымыздың тарихында алар орны бөлек. Осы қызметті* ***он жеті жылға жуық атқарып келеді***. ***Қырық жылға таяу тарихы*** *бар...*

13. ***Шамалы (шақты, қаралы)*** шылаулары – септеулік қызмет атқармайды, демеулік шылау қатарына жатқызу керек. Бұл шылау есептік сан есімдерге тіркесіп оған болжал мағынасын жамайды, синтаксистік қатынастың мазмұнын өзгертпейді.

14. ***-ға (-ге, -қа/-ке) дейін (шейін)*** форманты – септеулік формант.

1) Бұл формант өзі тіркескен сөзге зат қимылдың бағытының соңғы шегі, межесі екенін білдіретін грамматикалық мағына жамайды және осы мағынасы арқылы пысықтауыштық қатынастағы сөз тіркестерін қалыптастырады. Мысалы, ***Үйге дейін*** *жаяу* ***жетті.***

2) Мезгіл мәнді сөздерге, сөз тіркестеріне тіркескенде, мезгілдің соңғы шегі, межесі екенін білдіретін мағына жамап, пысықтауыштық және анықтауыштық қатынастардағы сөз тіркестерін қалыптастырады. Мысалы, *Жөндеу жұмыстарын* ***20-сыншы шілдеге дейін бітіру*** *жоспарланған.* ***Үш айға дейін сынақ мерзімі*** *белгіленді.*

Кейде субстантивтенген есімше тұлғалы етістіктер мен етістікті сөз тіркестеріне тіркескенде мезгілдің соңғы шегі, межесі екенін білдіретін мағына жамайды. ***Сабақ басталғанға дейін*** *бір апта* ***уақыт*** *бар.* ***Жұмыс аяқталғанға шейін келесің бе****?*

3) Өлшемді атайтын сөздер мен сөз тіркестеріне тіркесіп, өлшемнің соңғы шегін білдіретін мағына жамап, пысықтауыштық және анықтауыштық қатынастардағы сөз тіркестерін қалыптастырады. Мысалы, *Мұнай бағасы* ***20 долларға дейін төмендеді.*** *Инфляция деңгейі* ***10 пайызға дейін өсті.*** *Күн сайын* ***30 мың теңгеге дейін*** *таза* ***түсім*** *бар.*

-ға дейін форманты өзі жалғанған зат есімге зат өлшемнің соңғы шегі екенін білдіретін грамматикалық мағына жамағанда септеулік емес, демеулік қызмет атқарып кететін фактілер де кездеседі. Мысалы, *90-жылдардың басында дүкен сөрелерінен қыл аяғы* ***сабынға дейін жоғалып кетті.*** Мысалдағы ***-ға дейін*** форманты *сабын* сөзі мен *жоғалу* сөздерінің синтаксистік байланыс орнатуына қатыспаған, сөйлеушінің мәселеге қатысты ызалы көзқарасын паш ететін күшейткіш мәнді демеулік шылаудың қызметін атқарып тұр. Төмендегі мысалдардан да осы құбылысты аңғарамыз. ***Кітап, дәптер, қаламға дейін сатып алынды***. *Бұл хабарды үлкен* ***бастыққа дейін естіді.***

15. ***-дан (-ден, -тан/-тен) гөрі*** форманты – септеулік қызметке ие. Өзі тіркескен зат есімдерге, есімдіктерге, субстантивтенген есімше тұлғалы етістіктерге тіркесіп, заттардың бірі артық, енді одан кем екенін білдіретін салыстыру мағынасын үстейтін формант бағыныңқы сыңарды басыңқымен толықтауыштық қатынаста байланыстырады. ***Сенен гөрі батылдау***. ***Мектептерден гөрі*** *балабақшаларда маман көбірек* ***жетіспейді.*** *Күн бүгін* ***кешегіден гөрі жылы болып тұр***. ***Айтқаннан гөрі*** *жазған* ***дұрыс.***

16. ***-дан (-ден, -тан/-тен) бері*** форманты да – септеулік формант. Өзі тіркескен мезгіл мәнді сөздер мен сөз тіркестеріне мезгілдің басталу шегін, уақытын білдіретін мағына жамап, пысықтауыштық қатынастағы етістікті сөз тіркестерін қалыптастырады. Мысалы,

Кешеден бері жел соғып тұр. Көптен бері үнсіз отыр. Сол отырғаннан бері бір ауыз тіл қатпады. Екі жылдан бері хабарсыз.

17. ***-дан (-ден, -тан/-тен) соң (кейін)*** форманты – септеулік формант.

1) Мезгіл мәнді сөздер (зат есімдер, үстеулер,) мен сөз тіркестеріне тіркесіп, оларға басыңқы сыңарда аталатын қимыл басыңқыдағы мезгілден кейін жүзеге асатынын білдіретін мағына жамап, пысықтауыштық қатынастағы сөз тіркестерін қалыптастырады. Мысалы, ***Салыстыру жүргізілгеннен кейін*** *түпнұсқалар қайтарылады.* ***Үш күннен кейін білді. Бүгіннен соң бармайсың.***

2) Мезгіл мағынасы жоқ сөздерге тіркескенде, бағыныңқыда аталған зат басыңқыда аталатын қимылдың (жай-күйдің) кеністіктегі кейінгі реттік орны екенін білдіретін мағына жамап, етістікті сөз тіркестерін қалыптастырады. Мысалы, *Бұрышта әшекейлі* ***ер тоқымнан кейін*** *соң сандық* ***тұр****. Мен* ***сенен кейін сөйлейін****. Кітаптың мазмұны туралы ақпарат оның* ***титул парағынан кейін орналасады****.*

18. ***-дан (-ден, -тан/-тен) бұрын*** форманты ***-дан (-ден, -тан/-тен) кейін*** формантының мағынасына қарама-қарсы мағынаға ие.

1) Мезгіл мәнді сөздер (зат есімдер, үстеулер,) мен сөз тіркестеріне тіркесіп, оларға басыңқы сыңарда аталатын қимыл басыңқыдағы мезгілден бұрын жүзеге асатынын білдіретін мағына жамап, пысықтауыштық қатынастағы сөз тіркестерін қалыптастырады. Мысалы, ***Бір жыл бұрын болған*** *оқиға есіне түсті.* ***Бұдан бұрын жүргізілген*** *тексеру нәтижелері не болды екен?*

2) Өзі тіркескен сөзге бағыныңқыда аталған зат басыңқыда аталатын қимылдың (жай-күйдің) кеністіктегі алдыңғы реттік орны екенін білдіретін мағына жамап, етістікті сөз тіркестерін қалыптастырады. Мысалы, *Сондықтан ауылға* ***өзгелерден бұрын жетіп алды****.* ***Елден бұрын қол ұшын берді.***

19. ***-дан (-ден, -тан/-тен) бетер*** форманты өзі тіркескен зат есімге, есімдікке, есімше тұлғалы етістіктерге, сөз тіркестеріне зат жай-күйдің күшейтілген салыстру объектісі екенін білдіретін мағына жамайдыда анықтауыштық немесе пысықтауыштық қатынас қалыптастырады. Мысалы, ***Қыздан бетер ұялшақ екен****. Өз туысынан* ***жаудан бетер қатыгездік*** *көріп отыр. Сөзі* ***ұрғаннан бетер әсер етті****.*

20. ***-мен (-бен, -пен) бірге, –мен (-бен, -пен) қоса (қосыла), -мен (-бен, -пен) қатар*** формантары екі түрлі грамматикалық мағына үстейді.

1) Бағыныңқы сыңарда аталған қимылдың қосалқы субъектісі басыңқыда аталған қимылды қосыла, қабаттаса атқаратынын білдіретін грамматикалық мағына жамап, толықтауыштық қатынастағы сөз тіркестерін қалыптастырады. ***Әкесімен бірге мал бағып жүр****.*

Іс-шаралар жоспары ***бизнес өкілдерімен бірге әзірленген****.*

2) Бағыныңқы сыңарда аталған зат басыңқыда аталған қимылдың қосымша жанама объектісі болғанын білдіретін грамматикалық мағына жамап, толықтауыштық қатынастағы сөз тіркестерін қалыптастырады. *Қыстақтарды* ***адамдарымен қоса өртеген*** *дейді. Бізде атты жүгенімен қоса бермейтін салт бар.* ***Осы мәселемен қатар*** *ауыз су мәселесі де* ***қарастырылу керек****.*

Қорытынды

Жеке септеулік шылау және септік жалғауы мен септеулік шылаудан тұратын аналитикалық форманттар арқылы қалыптасқаған сөз тіркестеріне талдау жасау төмендегідей нгәтижелер берді: біріншіден, жекелеген септеулік шылаулардың және септік жалғауы мен септеулік шылаудан тұратын аналитикалық форманттардың сөзге үстейтін грамматикалық мағыналары нақтыланды. Екіншіден, септеулік шылау деп танылып жүрген бірқатар көмекші сөздердің септеу категориясына қатысы жоғы анықталды. Олар - бірінші кезекте, есептік сан есімдерден болжалды сан атауларын жасайтын ***шамалы (шақты, қаралы)*** шылаулары. Оқулықтарда көрсетіліп жүрген ***бойымен*** сөзі – көмекші есім болып табылады. Кейбір шылаулар мен аналитикалық форманттар (***бойы, -ға қарай, -ға дейін, -ға жуық, -ға таяу***) бірде септеулік қызметте келсе, бірде демеулік қызметте жұмсала алады.

Әдебиеттер

1. Ысқақов А. Қазіргі қазақ тілі. Морфология. – Алматы: Ана тілі, 1991. – 382 б.
2. Қазақ грамматикасы. – Астана: Астана полиграфия, 2002. – 783 б.
3. Большой энциклопедический словарь. Языкознание. – Москва: Большая Российская энциклопедия, 1998. – 686 с.
4. Байтұрсынов А. Тіл тағылымы. – Алматы: Ана тілі, 1992. – 448 б.
5. Казем-Бек М. А. Общая грамматика турецко-татарского языка. 2-е изд. – Казань, 1846. – 457 с.
6. Кононов А.Н. Грамматика узбекского языка. – Ташкент, 1948. – 285 с.
7. Донидзе Г.И. Послелоги в хакасском языке // Записки Хакасского научно-исследовательского института языка, литературы и истории. – Вып. IV. – Абакан, 1956. – С. 3-33.
8. Исенгалиева В.А. Служебные слова и послелоги в казахском языке. – Алма-Ата, 1957. – 148 с.
9. Башбуг Ф. Особенности послесложных конструкций в чулымском языке // Научный диалог. – 2017. – №5. – С. 9-20.
10. Юсуфов А.Ф. Стилистическая вариативность послелогов в татарской суфийской поэзии XIX века // Научный Татарстан. – 2010. – №4. – С. 194-199.

Reference

1. Ysqaqov A. Kazirgi kazakh tili. Morfologiya [Modern Kazakh language. Morphology]. – Almaty: Ana tili, 1991. – 382 p. (in Kazakh)
2. Kazakh grammatikasy [Kazakh Grammar]. – Astana: Astana poligrafiya, 2002. – 783 p. (in Kazakh)
3. Bolshoy entsiklopedicheskiy slovar. Yazykoznanie [Great Encyclopedic Dictionary. Linguistics]. – Moscow: Bolshaya Rossiyskaya entsiklopediya, 1998. – 686 p. (in Russian)
4. Baitursynov A. Til tagylymy [Language teachings]. – Almaty: Ana tili, 1992. – 448 p. (in Kazakh)
5. Kazem-Bek M.A. Obshchaya grammatika turetsko-tatarskogo yazyka [General grammar of the Turkic-Tatar language]. – 2nd ed. – Kazan, 1846. – 457 p. (in Russian)
6. Kononov A.N. Grammatika uzbekskogo yazyka [Grammar of the Uzbek language]. – Tashkent, 1948. – 285 p. (in Russian)
7. Donidze G.I. Poslelogi v khakasskom yazyke [Postpositions in the Khakas language] // Zapiski Khakasskogo nauchno-issledovatelskogo instituta yazyka, literatury i istorii [Proceedings of the Khakas Research Institute of Language, Literature and History]. – Issue IV. – Abakan, 1956. – P. 3-33. (in Russian)
8. Isengalieva V.A. Sluzhebnye slova i poslelogi v kazakhskom yazyke [Function words and postpositions in the Kazakh language]. – Alma-Ata, 1957. – 148 p. (in Kazakh)
9. Bashbug F. Osobennosti posleslozhnykh konstruktsiy v chulymskom yazyke [Features of postpositional constructions in the Chulym language] // Nauchnyy dialog [Scientific Dialogue]. – 2017. – №5. – P. 9-20. (in Russian)
10. Yusupov A.F. Stilisticheskaya variativnost poslelogov v tatarskoy sufiyskoy poezii XIX veka [Stylistic variability of postpositions in 19th-century Tatar Sufi poetry] // Nauchnyy Tatarstan [Scientific Tatarstan]. – 2010. – №4. – P. 194-199. (in Russian)

T.K. Mursalimov
Shakarim University,
071412, Republic of Kazakhstan, Semey, 20 A Glinka str.
ORCID: 0009-0003-6525-5629
e-mail: mursalimov.toleugazy@mail.ru

MEANINGS AND FUNCTIONS OF POSTPOSITIONS AND POSTPOSITIONAL ANALYTICAL FORMANTS IN THE KAZAKH LANGUAGE

Absract. The article presents a subjective new view of the author regarding the grammatical nature of auxiliary words, which are presented in textbooks and studies in Kazakh linguistics as declension interjections. To do this, the content of the concept of declension was first clarified. The essence of the declension in the Kazakh language is to

connect the word in the subordinate part of the phrase with the word in the main part with the designation of its syntactic function by means of declension persons. Therefore, the article considered declension interjections as a separate word in the composition of a subordinate clause and analytical formants consisting of a preposition and an auxiliary word as an indicator of the analytical approach of the category of declension, their functions were analyzed in terms of connecting a word and a word in conjunction and establishing syntactic relationships between words. As a result, it was found that some auxiliary words, which are classified as declension interjections, do not participate in the middle of the syntactic connection between the word and the word and in the establishment of the syntactic function of the subordinate word. The study used methods of comparison, description, interpretation. The results of the study can be used in the disciplines «morphology of the modern Kazakh language», «syntax of simple sentences and phrases of the modern Kazakh language», taught in higher educational institutions. The article is intended for philologists and applicants, as well as for the general public who are interested in the grammatical system of the Kazakh language.

Keywords: kazakh language, phrase, part of speech, participle, analytical formant, grammatical meaning, syntactic connection.

Т.К. Мурсалимов
Шәкәрім университет,
071412, Республика Казахстан, г. Семей, ул. Глинки, 20 А
ORCID: 0009-0003-6525-5629
e-mail: mursalimov.toleugazy@mail.ru

ЗНАЧЕНИЯ И ФУНКЦИИ ПОСЛЕЛОГОВ И АНАЛИТИЧЕСКИХ ФОРМАНТОВ С ПОСЛЕЛОГАМИ В КАЗАХСКОМ ЯЗЫКЕ

Аннотация. В статье представлен субъективный новый взгляд автора на грамматическую природу вспомогательных слов, которые отражаются в учебниках и исследованиях по казахскому языкознанию как послелоги (септеулік шылау). Для этого сначала было уточнено содержание понятия склонения (септеу). Суть склонения в казахском языке - связывание слов подчиненного компонента со словом в главного компонента в словосочетания, через формы склонения, обозначая его синтаксическую функцию. Поэтому в статье как отдельный послелог в составе слов подчиненного компонента, так и аналитические форманты, состоящие из падежных окончаний и вспомогательного слова, рассматривались как показатель аналитического способа в категории склонения, и их функции анализировались с точки зрения связывание слов и их отношения к построению синтаксических отношений между словами. В результате установлено, что некоторые вспомогательные слова, отнесенные к разряду послелогов, не участвуют в установлении синтаксической связи между словами и в обозначении синтаксической функции подчиненного слова. В исследовании использовались методы сравнения, описания, интерпретации. Результаты исследования могут быть использованы в дисциплинах «морфология современного казахского языка», «синтаксис простого предложения и словосочетания современного казахского языка», изучаемых в вузах. Статья адресована филологам и соискателям, широкой общественности, интересующейся грамматической системой казахского языка в целом.

Ключевые слова: казахский язык, словосочетание, члены предложения, падежные окончание, аналитический формант, грамматическое значение, синтаксическая связь.

Автор туралы мәлімет

Мүрсәлімов Төлеуғазы Каметаевич – «Шәкәрім университеті» КеАҚ, қазақ филологиясы кафедрасының оқытушысы, Қазақстан Республикасы, Семей, e-mail: mursalimov.toleugazy@mail.ru, ORCID: 0009-0003-6525-5629.

Сведения об авторе

Мүрсәлімов Төлеуғазы Каметаевич – преподаватель кафедры казахской филологии НАО **«**Шәкәрім университет», Республика Казахстан, Семей, e-mail: mursalimov.toleugazy@mail.ru, ORCID: 0009-0003-6525-5629.

Information about author

Toleugazy Mursalimov – lecturer, department of kazakh philology, Shakarim University, Republic of Kazakhstan, Semey, e-mail: mursalimov.toleugazy@mail.ru, ORCID: 0009-0003-6525-5629.

Редакцияға енуі 03.08.2025
Жариялауға қабылданды 28.09.2025

https://doi.org/10.53360/3080-3861-2025-3(3)-8
SRSTI: 16.21.23

A.A. Seitbekova
A. Baitursynov Institute of Linguistics,
050010, Republic of Kazakhstan, Almaty, 28 Shevchenko str.
ORCID: 0009-0004-9137-8638
e-mail: ainurseit@mail.ru

PECULIARITIES OF REPRESENTING ARABIC AND PERSIAN LOANWORDS IN DICTIONARIES

Abstract. This article provides a comprehensive examination of the place and role of Arabic and Persian elements in the historical lexicography of the Kazakh language. The study, based on the analysis of historical, etymological, and dialectological dictionaries, considers in detail the phonetic, morphological, and semantic characteristics of borrowed vocabulary. Particular attention is paid to the works of L.Z. Budagov (Comparative Dictionary of Turkic-Tatar Dialects) and R. Syzdykova, which reveal the peculiarities of the functioning of loanwords in ancient written monuments.

The article demonstrates the historical significance of Arabic-Persian elements, the ways of their penetration into the Kazakh language, as well as the process of de-etymologization that they underwent over time. Through specific examples (Jamiʿ al-Tawarikh, Türik Shajara, and epic works of the batyr cycle), the semantic dynamics of borrowed words are traced along with their contemporary meanings in the Kazakh language. Issues of graphic variability and orthographic instability in the medieval writing tradition are also discussed. The findings can serve as a theoretical basis for compiling a historical dictionary of the Kazakh language, for identifying the intrinsic nature of borrowed elements, and for determining their place within the system of lexicography.

Keywords: de-etymologization, historical dictionary, written monuments, semantic dynamics, phonetic principle, morphological analysis.

Introduction

Arabic and Persian borrowings occupy a significant place in the lexical composition of the Kazakh language. To determine their historical formation and to describe their semantic, phonetic, and morphological features, it is essential to rely on historical, etymological, and dialectological dictionaries. In this regard, historical lexicography makes it possible to explain the meanings of loanwords used in different periods of language development and to reveal the particularities of their usage.

Among the most notable studies are L.Z. Budagov's Comparative Dictionary of Turkic-Tatar Dialects and R. Syzdykova's research on historical lexicography. These works clarify the use of Arabic-Persian elements found in ancient written monuments and epic heritage and trace their semantic continuity in modern Kazakh. Consequently, the place of Arabic and Persian borrowings in historical lexicography is important not only for understanding the history of the language but also for illuminating the cultural and civilizational links of the Kazakh language.

Materials and Methods

The main materials of the study are the historical, etymological, and dialectological dictionaries of the Kazakh language, as well as ancient written monuments and epic texts. Specifically: Budagov's Comparative Dictionary of Turkic-Tatar Dialects served as a basis for comparing Arabic and Persian borrowings with their original languages and for identifying their semantic fields; the Concise Etymological Dictionary of the Kazakh Language was used as a source for describing the origins and historical usage of loanwords; Qadirgali Jalairi's Jamiğ-at tawarikh and Abilgazi Khan's Türki shezhire were treated as primary materials demonstrating the use of loan units in medieval manuscripts. Epic poems of the fifteenth to eighteenth centuries (Alpamys, Kambar, Edige) provided key evidence for identifying the historical-cultural functions of borrowings in oral literature.

The following methods were employed: the comparative-historical method to compare the usage of Arabic and Persian words in Turkic languages and in Kazakh; etymological analysis to identify the original meanings, initial forms, and historical development of loanwords; semantic

analysis to examine meanings in different periods and the process of de-etymologization; phonetic-morphological analysis to systematize phonological and structural changes; and a phraseological-syntactic approach to elucidate the meanings of fixed expressions containing Arabic-Persian elements. Overall, the materials allowed a comprehensive representation of the place and role of borrowed elements in Kazakh. Methodologically, systematic comparison of historical data, multi-faceted analysis, and reliance on established scholarly conclusions ensured the robustness of the findings.

Literature review. Some dictionaries aim to describe the historical development of a language's vocabulary across several periods; these are termed historical dictionaries. By contrast, other dictionaries set out to capture words frequently used in contemporary language and analyze them; these are modern-language dictionaries [1]. Accordingly, we consider it appropriate to examine the usage features of the loanword stratum-which showcases each nation's linguistic wealth–through diachronic historical, etymological, and dialectological dictionaries. As G. Änes aptly notes: «The historical background is an extralinguistic factor, and it serves as a primary support in studying loanwords and the ethnographic vocabulary of a language» [2].

Historical dictionaries have traditionally explained the semantics of loan units and collocations found in early written monuments and oral literature and were often appended to books. An example offering extensive analyses of the origins of numerous loanwords is L.Z. Budagov's Comparative Dictionary of Turkic-Tatar Dialects. The dictionary also attends to Arabic, Persian, and Mongolian words in Turkic written heritage that are obscure to modern readers. It contains many items borrowed from Arabic-Persian, frequently used across Turkic languages, and indicates the donor language and the intermediary routes by which items entered particular languages. For instance, mir is explained as a shortening of Arabic amīr, denoting various titles such as «chief administrator, leader, prince», while mirab (Kazakh mūrap) is glossed as «an official overseeing water management». Special attention is paid to the meanings of Arabic and Persian words in collocation, their usage and orthography across Turkic languages. For example, Mongolian akhte is presented with its variants (akhte, aqta, aqte; Uigh. aqda; Turk. ağdağ etc.) and semantic range. In Kazakh written monuments regarded as early models (Qadirgali bi's Jamiʿ at-tawarikh and Abilgazi Khan's Türki shezhire), ahta at denotes «war-horse, riding horse», and related forms such as akhtači/akhtači function as titles attached to proper names; akhtekhana denotes «stable».

Thus, by presenting forms alongside their Arabic originals and drawing comparative parallels with cognate Turkic languages, Budagov's dictionary is a uniquely valuable resource for establishing etymologies [3].

The Concise Etymological Dictionary of the Kazakh Language likewise provides examples. On bazar, one view derives it from bay «abundant» + -sar (a suffix of abundance/plurality): bay + sar > basar > bazar. Parallels are adduced with -sar/sär in other items (e.g., Tatar qamsar «sandy area», qulmaq-sar «place where hops grow», Chuvash lapsar «lowland», Cheboksary «place abundant in chub fish») [4]. R. Syzdykova argues that bazar has been in Kazakh since very early times, originally meaning «a gathering, a festive/crowded place,» later narrowing to «marketplace», and suggests that baz may relate to Persian dar-bāza «gate» (with dar/där «small door» + baz «gate»). Scholars such as A. Ysqaqov, Ä. Qaidar, R. Syzdyk, L. Rüstemov, N. Qarasheva, and Ä. Quryshjanov present their principles for compiling etymological dictionaries.

The results of the study reveal that Arabic and Persian loanwords constitute a significant and multi-layered stratum of the Kazakh lexicon, reflecting both cultural contact and historical processes of integration. Their presence is not limited to isolated lexical units but extends into semantic fields associated with governance, social organization, material culture, and military terminology. Analysis of historical dictionaries, manuscripts, and epic texts allows us to trace their phonetic, morphological, and semantic evolution across several centuries.

One of the most illustrative sources is L.Z. Budagov's Comparative Dictionary of Turkic-Tatar Dialects, which provides detailed explanations of Arabic and Persian words preserved in early written monuments. For example, the dictionary records the shortened form mir derived from Arabic amīr,

denoting high-ranking officials such as «chief administrator, leader, prince». A related form, mirab (Kazakh mūrap), is glossed as «an official overseeing water management», which highlights how administrative structures and social hierarchies influenced the borrowing process. Budagov also devotes attention to words of Mongolian origin with Arabic-Persian connections, such as akhte («war horse, riding horse»), attested in Qadirgali bi's Jamiʿ at-tawarikh and Abilgazi Khan's Türki shajara. Titles like akhteči were attached to personal names (e.g., Buqatai akhtači, Hurun akhtači), while akhtekhana denoted «stable». Such evidence underscores that borrowings penetrated not only vocabulary but also institutional and cultural practices of the medieval Kazakh steppe.

Another widely attested example is the word bazar. Competing etymological interpretations have been offered in the literature. One hypothesis explains it as a compound of the Turkic root bay («abundant, rich») and the suffix -sar («abundance, plurality»), yielding basar > bazar. This explanation is supported by parallels in other Turkic languages, such as Tatar qamsar («sandy area») and Chuvash lapsar («lowland»). R. Syzdykova, however, argues that bazar has been part of Kazakh vocabulary since very early times, originally denoting «a gathering or festive place», later narrowing to «marketplace». She also points to a Persian connection: dar-bāza («gate»), where dar means «small door» and baz means «gate». This interpretation highlights the polygenetic pathways through which loanwords entered Kazakh, often blending Turkic word formation with Persian semantic influence.

The semantic field of material culture and defense provides further striking examples. The Persian word qandaq (originally «ditch, trench») entered Kazakh with the meaning «specially dug pit» or «treasure pit». In epic texts such as Alpamys, it appears in verses describing a storage pit for valuables. Later contexts, however, broadened the meaning: in some manuscripts, qandaq denotes an imprisonment pit or, alternatively, a defensive trench. In Türki shajara, qandaq is used in the sense of a trench behind which warriors took cover. The term was widely attested in fourteenth-century Golden Horde texts, demonstrating its deep historical roots. The semantic dynamics of qandaq illustrate how borrowings adapted to the sociocultural realities of the steppe, moving from economic functions (storage) to military applications (defense).

Similarly, the word top («cannon, artillery») illustrates semantic shifts within the military domain. Epic poems such as Alpamys and Kambar show that Turkic and Mongol armies used both firearms and cannons, with top referring specifically to artillery. Scholars connect this term to the Persian tufang («rifle, firearm»). The diminutive derivative tapancha («pistol"»), formed from tufang + -cha, entered Kazakh in the late nineteenth or early twentieth century. This process demonstrates not only borrowing but also productive word formation based on Persian roots, which continued to generate new lexemes within Kazakh.

The study also identifies numerous cases of de-etymologization, a process by which the original form and meaning of borrowed words gradually became obscure. For example, the Old Persian word dej («hostile, rude») survives in modern Kazakh only as part of derivatives such as dushman («enemy») and dezhkhim («executioner»), where the original meaning is entirely lost. Another case is pod («to protect»), once productive in Persian but now recognizable only in fossilized compounds. As L.Z. Rustemov notes, such processes blur the semantic boundaries of borrowed items, leading to delinking from their original roots. De-etymologization thus represents a universal phenomenon whereby loanwords are absorbed into the internal lexical system of Kazakh, gradually losing transparency.

Another important result concerns orthographic and graphic instability in medieval texts. Because most manuscripts were written in Arabic script, which allowed multiple ways of rendering certain sounds, the same loanword often appears in variant forms. For example, in Türki shajara the word mudir («administrator») is written as mudar, while tagallaq is rendered as tagalliq. These orthographic shifts were partly due to the absence of stable spelling conventions in the medieval period, as well as the adaptation of Arabic script to Turkic phonology. Such variation complicates lexicographic analysis, making it necessary to reconstruct etymologies by comparing across multiple sources and languages.

From a methodological perspective, the results confirm that several analytical approaches must be combined:

Phonetic analysis is essential for identifying sound correspondences and reconstructing the original form of loanwords.

Morphological analysis enables the recognition of word-formation processes based on Arabic-Persian roots, especially when these borrowings served as bases for new Turkic derivatives.

Semantic analysis highlights the dynamic meanings of loanwords across different periods, as in the case of bazar or qandaq.

Phraseological and syntactic analysis is crucial for understanding fixed expressions and idioms, many of which included Arabic-Persian components in medieval texts.

Finally, epic literature such as Alpamys, Kambar, and Edige confirms the cultural integration of borrowings. Words denoting governance (mir), social titles (akhteči), weaponry (top, tufang), and imprisonment (qandaq, zindan) reveal how deeply Arabic and Persian elements became embedded in the oral tradition. Their continued presence in epic poetry underscores not only their lexical assimilation but also their symbolic role in representing power, warfare, and cultural values of the Kazakh people.

Overall, the analysis demonstrates that Arabic and Persian borrowings are not marginal phenomena but key elements of the Kazakh lexical system. They functioned as carriers of cultural knowledge, reflected technological and institutional change, and were reshaped through processes of phonological adaptation, morphological productivity, semantic shift, and de-etymologization. These findings provide a strong foundation for compiling a comprehensive historical dictionary of the Kazakh language that accurately represents the origins, development, and contemporary relevance of its borrowed vocabulary.

Results and Discussion

Etymology involves not only identifying a word's origin but also how it entered the language and when it came into use. In many cases, derivational ties weaken and break over time; the original meaning is lost, and de-etymologization occurs a universal phenomenon. L.Z. Rüstemov illustrates this with dej in Old Persian («hostile, rude»), whose meaning has been forgotten but survives within compounds such as dezhman «enemy,» dezhkhim «executioner» (khim «temper, character»). Similarly, pod (formerly «to protect») has lost its meaning; Rüstemov notes occurrences in compounds like Middle Persian posukh «answer (defense of speech)», describing such cases as de-lexicalization/de-etymologization the loss of earlier etymological and semantic links [5].

Closer to Kazakh, extensive work has been done on Qadirgali Jalairi's Jamiğ-at tawarikh and Abilgazi Khan's Türki shezhire, yet comprehensive dictionaries assembling their full lexical inventory are still lacking. In Archaisms and Innovations in the Kazakh Language (Arys, 2009), R. Syzdykova provides a concise glossary of the Jamiğ-at tawarikh items relevant to modern Kazakh and examines archaic and innovative units more broadly. Crucially, she compares early loan elements with units in XV-XVIII-century epic texts. For example, qandaq (from Persian khandaq) originally denoted a «pit dug to store valuables,» contrasted with zyndān for a pit to confine people; the word appears in the Golden Horde texts (Säyf-i Sarāy's Gulistān bi-'t-Turki and Nahj al-Farādis) and later in Abilgazi's Türki shezhire. Likewise, top «cannon» is traced to Persian tūfang «gun», with medieval attestations showing both «gun» and «projectile» senses; from tūfang/ṭofang + diminutive -sha/-cha derives tapan-sha «pistol», now fully integrated into Kazakh. Historical research also notes the spread of top/zeñbirek as artillery terms in Central Asia.

Overall, many borrowings were highly productive in the medieval period and, over time, underwent internal restructuring, with only the root retaining tenuous semantic ties. Given the scarcity of early Kazakh-related manuscripts, the method proposed by R. Syzdykova helps bridge gaps-yet, as she cautions, «without written evidence, however sound our arguments, they often remain conjectural» [6], [7]. The history of lexicography studies dictionaries produced in earlier periods, while historical lexicography systematizes word histories in dictionary form on the basis of written monuments, using contemporary methods. Because the data of lexicographic history are themselves written monuments, they are a primary source for historical lexicography. Any

dictionary requires sources: (a) prior dictionaries and (b) a card index; works cited below belong to the first group and fall within the scope of lexicographic history [8].

It follows that the Kazakh lexicon contains numerous loan elements attested in early manuscripts, later poetic works, and other historical sources. Some have faded from active consciousness and fallen out of use; their reasons and pathways are sought in historical dictionaries. In such dictionaries, preserving the external (graphic) form of Arabic-Persian elements is vital: erroneous spellings obscure meanings and complicate analysis. Since medieval works were written in Arabic script, some letters had two or three graphic variants (e.g., two forms of t, three of s), producing orthographic variability across copies. In Türki shezhire, for instance, certain borrowings deviate from the Arabic/Persian originals (e.g., mudar for Arabic mudir; tağalliq for Arabic tağallaq); later copies often modernize spellings to contemporary norms.

Дәуірдің күйін жырға қосқан ақындар өлең сөзге терең мән берген, ол өнерді халық жоғары бағалаған. Олар ақындықтың асқақ рухын әсерлі тілмен суреттеген. Сол арқылы жыр шеберлерінің болмысы айқындалады. Мәселен, Дулат Бабатайұлыкім десеңіз: «Жырымды менің сұрасаң, Сары алтынның буынан. Сырымды менің сұрасаң, Тұманың тұнық суынан. Кеудеме қайғы толған соң, Тұнық жырмен жуынам», – деп ақынның өзі тіл қатады [2]. Заманының жоғын жоқтап, көркемдеп жеткізген Дулаттың «мөлдір жыры» – терең ой мен көркем бейнелерге құрылған, шебер тілмен өрілген туынды. Ол қазақ өлеңін жаңа деңгейге көтеріп, қара өлеңге рух дарытты. Ақындықты киелі өнер санаған Дулат өлеңге үлкен талаппен қарады. «Сөз – жібек жіп, жыр – кесте, Айшығы айқын көрінбес, Өрнексіз тігіп баптаса» – оның талғам-таразысының өлшемін көрсететін бейнелі ұғымдар. Дулат осы деңгейден бір сәтке төмендеген емес. «Жібек жіп пен жыр – кестенің» тыңдаушыға ұғымды болуын да көркем тілмен әдіптеп аңғартты. Мысалы, «Әкенің айтқан бұл сөзін, Құтысына көңілдің, Төгіп алма, дәлдеп құй», – деген өлең жолдарында бұрын үрдісемес поэтикалық үлгіге өріс ашты. Бірі – заттық, бірі – дерексіз екі ұғымды үйлестіріп, сана, зерде мағынасын білдіретін жаңа, әдемі, әрлі тіркес түзді. «Төгіп алма, дәлдеп құй» – көңілді алаңдатпай, айтқан сөзді санаға сіңіруді міндеттейді. Ал «Айтпасымды айтқыздың» деп басталатын өлеңінде құтыны көңілден бөліп алып, «Құтың болса, құйып ал, Құтысыз болсаң, төге сал, Сөйлейтін біраз нұсқаны», – деп тыңдаушының намысын жаниды. Дулат өлең мен сөздің күшін халықты езген болыстар мен атқамінерлерді сынға алу үшін шебер қолданды. Ол әдебиетке мысқыл мен әжуаға толы бейнелердің мол жинағын әкелді. Ақынның мақсат-мұраты да келеңсіздіктерді күлкі арқылы көрсету болды, ол бұл ойларын өлеңмен жеткізе алды:

Қайырсыз сараң малдыңды,
Еріншек, есер жарлыңды,
Халыққа емес сиымды.
Парақор баспақ биіңді,
Ел бүлдіргіш бегіңді,
Әперіп сөзбен кегіңді –
Улы тілмен улаттым [3].

Дулат ақындықтың сан қырына үңіліп, ой толғайды: жыр көшін бастаған өзінің міндетін айқындайды, малдыны мадақ өлең айтушыларды сын садағына іліктіреді. Жыр алыбының шығармашылығын жан-жақты зерделеген Қ.Өмірәлиев пікіріне ден қойсақ, «Дулат – ақын туралы, ақын сөзітуралы қазақ әдебиетінде бірінші айтып, өлең-жырға зор талап қойған, сол талабы тұғырынан өзі де табылып, шығармаларынан да осы талап тұғырына дейін көтергенбірінші ақын» [4].

Қазақ әдебиетінде зор мәнге ие атақты ақындардың сөз шеберлігі, өлең құрылымы, көркем тілі уақыттың көрінісін, сол дәуірдегі адам бейнесін суреттеу арқылы айқын байқалды. Дулат Бабайтайұлы өлеңдерінде дәуірді сипаттайтын «кер заман», «азған заман» тіркестері қолданылса, Шортанбай Қанайұлы кейін тұтас бір ағымды санаға сіңірді.

Халықтың тығырыққа тірелуін «кез болдың кер заманға» деп ұқтырған Дулаттың дәуірінен соң да елдің ахуалы қиындай түсті. Дулаттың: «Осындай заман кез болды, Ер дегенің ез болды», – деп түйіндеген ойын Кердері Әбубәкір сол үлгі, сол мазмұнмен «Заманың түгіл азды, Ел ішінде ер азды», – деп жалғайды. Дулат пен Әбубәкірдің заман хақында сөз-өрнектердің үйлесім табатын тұстары көп-ақ. Мәселен:

Толқынды теңіз заманнан,
Сенімді кеме болмаса,
Жел қайықпен өтер ме? [5]. – деген Дулаттың күмән-күдігі елдің бағдарсыздығы мен қорғансыздығын аңғартады. Заманды толқынды теңізге, халық тағдырын жел қайыққа балап, әлдеқайдан тиянақ іздеген ақынның үміт артар нәрсесі – сенімді кеме. Бұл – абстрактілі ұғымның бейнесі. Жел қайыққа телінген халық тағдырына арашашы һәм құтқарушы күштің перифраз түріндегі көрінісі. Толқынды теңіз бен жел қайық – белгілі ұғымның бейнесі, «сенімді кеме» – белгісіз нәрсенің елесі. Ақынның «сенімді кеме болмаса…» дегені өкінішті де, сенімсіздікті де сездіреді. Ал «жел қайық» перифразының «Тәуекел түбі – жел қайықтан» шыққаны даусыз. Дулаттың «толқынды теңізіне» «жел қайықпен» тәуекел етудің өзі қауіпті. «Өтесің де кетесің» – бұған үйлеспейтін ұғым.

Дулат дәстүрі тұрғысынан қарасақ, Әбубәкірдің халықты тура мағынасында қалдырып, замананы желмаяға балап, осы үлгімен өлеңтармақтарын түзгенін көреміз.

Замана деген желмая,
Қалмасаң халқым жақсы еді,
Желмаядан жығылып… [6]. Дәуір мен халық тағдыры арасындағы байланысты терең түсінген екі ақынның да көзқарасы елдің болашағына деген алаңдаушылықтан туындайды. Дулат «жел қайықтың» «толқынды теңізге» батып кетпеуін, ал Әбубәкір халықтың «желмаядан» құлап қалмауын алаңдайды. Сұрапыл теңіз бен тарпаң желмая – заман бейнесін көрсету үшін өте ұтымды қолданылған балама ұғымдар.

Дәуірдің өзгерістері мен заман ахуалы адамның ой-санасына, мінез-құлқына әсер етпей қоймайды. Көшпенді өмір салтына үйренген қыр қазағы отырықшылық өмірге бірте-бірте бейімделе бастады. Еркіндікті шектеген отаршылдық кезеңі елді өз қалағанына икемдеуге мәжбүр етті. Осылайша, жаңа заманға сай адамның психологиясы қалыптаса бастады. Мұны зар заман поэзиясындағы бейнелерден айқын көруге болады. Көшпенді өмір мен отаршылдықтың елге әкелген жаңалықтарының арасында тап болған халық екіұдай күйде қалды. Ескі өмірге үйренгендер жаңа өмірді жатсынып қарсы тұрды. Жаңа жүйеге жылдам бейімделгендер ескі дәстүрден бас тартты. Алдыңғылары – бейқам халық, жай ғана жағдайды бақылап отырды. Соңғылары – қоғамның белсенді бөлігі, отаршылдық жүйеге қызмет етті. Осы алауыздық екі әлеуметтік топтың мүдделерінің қарама-қайшылығынан туындады. Бұл жағдайды Дулат ақын өз өлеңінде дәл әрі шынайы бейнелеп көрсетті:

Ағайын араз болған соң,
Ел екіге жарылды.

Зар заман поэзиясында өтпелі кезеңнің адамы теріс сипатта суреттеледі. Бұл әдебиетте көбінесе құлдыраған қоғамның бұзылған адамының бейнесі көрсетілген. Ол – жаман басшы, жемқор шенеунік, парақор билер, адамдарды алдаушы атқамінерлер, арам пиғылды қулар, азғын байлар, имансыз имамдар және тағы басқалар. Зар заман шығармаларында сондай-ақ, жоғарыдағы топтың қысымына ұшырап, қорлыққа көнген, іштен күйінген, бірақ қарсы тұратын күші жоқ қарапайым қазақтың типтік бейнесі де жасалған.

Осы кезең ақындарының дүниетанымы шығарма кейіпкерінің жан даусымен, арман-тілегімен сабақтас. Зар заман поэзиясындағы ақындық «мен» – қорғансыз халықтың көзқарасын білдіретін үн. Осылайша, бұл жырлардағы бейнелер жүйесін екі түрлі бағытқа бөліп қарастыруға болады:

Азған елдің адамы,
Апшыған сұмдар қадамы,
Жүйрікпін деп шабаны,

Момынға жапса жаланы,
Қулық-сұмдық табады, [3]. – деп Дулат ақын суреттегендей, заманына сай адам сол екіге жарылған елдің ішінен шықты.

Бұл – айналасын жайпап, шамасына қарамай ұмтылып, алдынан шыққанды аямай басып өтетін адам. Өз кезеңі оның осындай сипаттарын айқындап берді. Уақыты оған елді қанауға жол ашты. Дулат: «Енді қазақ ел болмас», – деп соларға күйінгеннен айтты. «Қоғам-бесік ішінде халық-сәбидің жүрегін заман қамшысы осқанда, қам көңілдің жарасын жазу үшін әлди-жырын туғызған, ал елге лаң сап, дерт әкелген, жаудай талаған, «ел жақсысы» аға сұлтан, қазы, би мен бекті ащы тілмен, ашына түйрей сынаған» [7], ақын адам әлеміндегі әр түрлі ахуалға сай өзгерістерді кестелі сөз, ойлы образ арқылы суреттеді.

Дулат Бабатайұлының ақындық шеберханасынан туындаған бұл ұмытылмас бейнелер – елге өнеге болатын идеал кейіпкерлер емес. Бұл образдардың мақсаты – тәрбиелік үлгі ұсыну да емес. Керісінше, олардың көмегімен халықтың қайғысы мен заманның мұңлы шындығы суреттеледі. Дулат жасаған кейіпкерлер – отарлық дәуірдің ауыртпалығын тереңдете түскен, сырттан жау төнгенде, іштен опасыздық жасаған жандар. Ел не істерін білмей, бағдарынан айырылған аласапыран шақта абдырап қалған бейшара халық өкілдерінің бейнесі де көрініс табады. Қазақ даласын талауға салған отарлаушының зұлым бейнесі де ақын назарынан тыс қалмайды. Оның барлық жырлары «азған заман» деген ұғымды нақтылай түседі.

Жалпы, зар заман поэзиясындағы образдар арқылы отаршылдық дәуірде ғұмыр кешкен адамның сан түрлі портреті жасалды. Замана адамын кейіптеу екі желіге бағындырылады: біріншісі – отарлаушылардың қорлығы; екіншісі: ағайынның алауыздығы. Бұл ақындардың өлеңдерінен ел бірлігінің берекесі қашқанын, бітімгерлік бәтуәнің бұзылғанын көреміз. Бұрын ел мен ел жауласса, енді екі кісі дауласады. Дулаттан басталған «екіге жарылуды» Мұрат Мөңкеұлы екі адамның жанжалы түрінде бейнелейді:

Адамның азған белгісі:
Екі кісі дауласса,
Тату бол деп айтпайды.
Екі айырып арасын,
Арасынан пара алған [8].

Ал Шортанбай адам мінезінің бұзылуын ел басқарушы шонжарлардың өзара тартысынан әрі тәрбиенің әлсіреп, жағымсыз қасиеттердің кең етек алуынан байқайды: «Екі үлкен егесіп, Қошқардай басын теңесіп, Сол жерде заман оңалмас». Демек, ол дәуірдің бұзылуын дәстүрдің де бүлінуі деп біледі. Бұл жағдайдың түп-төркіні, әрине, отаршыл саясатпен тығыз байланысты екені анық. Бұрын ел ішінде дау туындаса, халық әділдігімен танылған биге жүгініп, екі тарапты да қанағаттандыратын шешімге келетін дәурен артта қалды. Оның орнына қазақ арасында кішкене реніштің өзінде орыс ұлығына шағымдану әдетке айналды. Қазақ халқының барлық мәселесінің отар билігіне тәуелді болуы осындай үрдісті орнықтырды. Ендігі жерде талас-тартысқа не орыс әкімдері, не солардың қазақ ішіндегі өкілдері төрелік айтатын болды. Мұның бәрі кеңпейіл, сабырлы қазақ мінезінің өзгеріп, жаңа сипат алуына әсер етпей қоймады. Осы дертті тап басып, «Ел екіге жарылды» деген Дулаттың айқындамасы Шортанбай шығармашылығында нақтылықпен дами түседі: «Екі кісі ұрысса, Қалам алар қолына, Зәкүннің түсер жолына».

Зар заман әдебиетіндегі «екеудің дауы» тақырыбындағы бейнелер шоғыры – отаршыл биліктің әдейі құрған жүйесінің, қазақты бір-біріне қарсы қоюға бағытталған айлалы заңдарының ықпалына қарсылық ретінде дүниеге келді. Көп жағдайда қазақ тұрмысындағы екі жақтың араздығына себепші болған үшінші тараптың бейнесі де аңғарылады. Мұндай бейне Мұрат жырында: «Екі айырып арасын, Арасынан пара алған», ал Әбубәкірде: «Екі достың арасын, Айырады оңбаған» деген жолдарда көрініс табады. Бұл – өз халқын сатып, ұлыққа жағынған жағымпаздардың, екіжүзді жарамсақтардың бейнесі. Зар заман поэзиясында екеу арасындағы жанжал суреттелгенде, бұл кейіпкерлер ашық бейне емес, көбіне көлеңке секілді

жанама түрде беріледі. Алайда, барлық жамандықтың тасада тұрып жасалатынын меңзейтін мұндай бейнелер – екеуара тартысты ушықтыра түсетін астыртын күш ретінде көрінеді.

Екі тараптың арасындағы қақтығыс тақырыбы зар заман дәуірінің соңғы ақындарының бірі – Албан Асанның шығармаларында ерекше айқындықпен көрініс тапты. Егер Дулат бұл халықтық қайғылы жағдайды «Ел екіге жарылды» деген кең ауқымды тұжырыммен жеткізсе, Шортанбай, Мұрат, Әбубәкір және Асан шығармаларында бұл ахуал екі жеке тұлғаның қақтығысы арқылы бейнеленеді. Ал «Ел арасы ашылды» деп тұжырым жасаған зар заманның соңғы өкілі – Албан Асан бұл тақырыпты шағын, бірақ мағынасы терең, «кішірейтілген» образдар арқылы шебер суреттейді:

Маңдайдағы екі көз,
Бір-біріне қас болды.

«Маңдайдағы екі көздің» бір-біріне қарсы тұруы – шын мәнінде мүмкін емес жайтты мүмкін етіп көрсеткен әсерлі деталь. Екі адамның әрекетін бір адамның ұқсас дене мүшесі арқылы бейнелеген Албан Асанның бұл ойы – оның терең философиялық танымын айғақтайды. Логикаға салсақ, тартысқа түскен екі жақтың бірінің сөзі шындыққа жанасады. Қайсысы кінәсіз, қайсысы теріс жолда екені анықталмаса да, әділеттің бір жақта болары сөзсіз. Адам баласының әрекеті негізгі мүшелердің үйлесімді қозғалысымен іске асатыны тәрізді, қазақ отбасының, әулетінің, тұтас ұлттың бірлігі де екі адамның түсінісіп, татуласуынан бастау алады. Дулаттан бастап Албан Асанға дейінгі зар заман ақындарының халық қасіретін екі адамның жанжалы арқылы беруі – олардың адам болмысын тереңінен танып, шынайы өмірлік мәнге үңіле білгенінің дәлелі.

Бұл шығармаларда заман адамының мінезі отбасындағы берекенің кетуімен, үлкен мен кішінің арасындағы құрметтің жойылуымен де көрініс табады. Қазақ шаңырағындағы бұрынғы үйлесімді жағдайдың өзгеруін ақындар айналадағы жат құбылыстарға еліктеген тентек баланың, ақылы сарқылып, сөзі өтпейтін қарияның, сабырсыз інінің, шарасыз ағаның, бір-біріне өшіге қараған ағайындардың өзара қатынасы арқылы суреттейді. Бұл көріністер, әрине, дүниенің құлдырауын сипаттайтын «ақырзаман» ұғымымен қабысып жатады. Дулаттың жырларында мұндай ахуал «Атаны бала аңдыды» немесе «Атаны бала алдады, Шешеге назар салмады» деген жолдар арқылы бейнеленеді.

Заман астан-кестен болып өзгергеннен кейін, кешегі күннің қадірлі адамы құнсызданып, бүгінгінің бағы жанды. Бұл – өмірдің «дүниекезек» заңы емес, қайта тектілік қасиеттің аяққа тапталуының, қазақ қоғамындағы ақсақалдық пен үлкенді сыйлау дәстүрінің әлсірегенін көрсететін көрініс. Зар заман поэзиясында екі түрлі дәуір адамы салыстырыла бейнеленеді: байы да, биі де, ханы мен қарасы да бұрын идеал бейне ретінде мадақталса, қазіргі замандас – солардың көлеңкесі секілді, асыл қасиеттерден жұрдай, әлсіз кейіпте сипатталады. Замана адамының осындай қарама-қайшы екі типін бейнелеу тәсілі Шортанбайдың «Әуелгі қорлар зор болды, Сондай зорлар қор болды» формуласына бағынады. Осыған орай Дулат ақын: «Тырнадан би сайладың», – деп басынан қиқу кетпеген жұртты аяйды.

Зар заман ақындары замана адамының бейнесін қазақ қоғамындағы бай адамның образын арқылы да көрсетеді. Бұрынғы елге қазынасын бөліп беріп, мейірім көрсеткен байлардың жаңа дәуірде өмір сүрген ұрпақтарын сынайды. Қазақтың ескі байы – кеңпейілдік пен мәрттік символы болса, ал қазіргі байы – таршылық пен сараңдықтың барлық белгілерін бойына жинақтаған тұлға ретінде сипатталады. Бұл жерде басты қозғаушы күш – бай мен кедей арасындағы әлеуметтік қайшылықтар мен олардың қоғамдағы әртүрлі мүдделерінің қарама-қайшылығы. Дулат мұны: «Бай мен кедей аңдысып, Арасынан жем тауып, Араласқан сан пысық», – деп, екі айырылған ел араздығына орайластырса, Шортанбай: «Бай кедейді көрмеді, Кедей байға ермеді», – деп осы екі топтың арасы ашыла түскенін айтады. Мұрат: «Байдан кетіп сақауат, Пақырдан кетіп қанағат», – десе, Әбубәкір: «Сол секілді байларды, Күнәлі болмайсың ит десе», – деп бір-ақ кеседі. Ал Албан Асанның жырларындағы мағыналық жағынан ұқсас тіркестер өз заманының бай адамы туралы толық және айқын

түсінік береді: «Күші, сүті сатулы, Бай қайыры байланды» немесе «Бай қайыры байланған, Пақыр заман болды енді».

Бай қайырының байлануы – елден құт-береке кеткендіктің, қазақтың қиналғанда бір-біріне сүйеніш болатын бауырмалдық қасиетіне селкеу түскендігінің көркем сөзбен кестеленуі. Зар заманның қайырсыз байы алдымен Дулаттың көзіне шалынды: «Қайырсыз байдан пайда жоқ – Нашарға жәрдем бермесе, Кем-кетігін көрмесе». Осы желіні Шортанбай: «Қайыр кетіпбайлардан, Бұзауға ақша беріп тұр», – деп жалғастырады. Әбубәкір: «Қайыры жоқ байлардан, Ел қонбаған шөп артық», – деп түңілу сипатындағы тұжырымын айтты. Ал Албан Асанның заманындағы бай кісі – халық ұғымындағы дәстүрлі бейнесін жоғалтқан адам.

«Заманға сай адам» деген тұжырымды зар заман поэзиясына алғаш енгізген ақын – Дулат. Оның өлеңдерінде дәуірдің ерекшеліктеріне қарай, тұрақтылықты жоғалтып, дағдарысқа түскен адам мен сол уақытқа бейімделіп, заманның талабына мойынсұнған адам қатар көрініс табады.

Қилы, қилы заманды,
Заманға сай адамды,
Салыстыра қарасам:
Су мүйіз болған танадай,
Шыр көбелек айналам [8].

Қоғамдағы адам әрекетінен қанағат таппай, абдырап қалған ақынның ой-толғамы халықтың мүддесімен үндеседі. «Су мүйізді танадай» әлсіз, «шыр көбелек айналған» бағытсыз ел адамы Мұрат ақынның дәуірінде өз заманымен толық үйлесімді болды. Оның толғауындағы «шыр көбелек айналу» – бұл тиянақ іздеудің емес, өмірге бейімделудің көрінісі: Шырқ көбелек айналып, Замананың адамы, Заманың мұндай сұм болды.

Дулаттың өлеңдерінде ұлық пен атқамінерлердің әрекеттері «қасқыр-қылық», «ит-мінез» сияқты бейнелер арқылы жиі суреттеледі. Мұнда «қасқыр» мен «иттің» жыртқыштық сипаты ұқсас: олар елді тонап, халықты қыспаққа салып, жұлып, жеумен айналысады. Осы ойды әрлеп әдіптейтін «Қорқау қасқыр құлықты» немесе «Итше қауып маңайын», – деген тіркестер қарсылықты емес, иттікті көрсетуге бейім тұр. Иттен айырмасы жоқ қасқырдың көкжалдығы емес, қорқаулығы тілге тиек болған. Себебі, «орыс отаршылдығы» орнаған заманда көк бөрінің дәстүрлі кескін-кейпі «азуға айналып, оны ит бейнесі ығыстыра бастады» [9].

Сөз зергері Дулаттың өлеңдерінде замана адамының мінез-құлқы мен іс-әрекетін, сыртқы бейнесін сипаттайтын жаңашыл теңеулер мен сәтті детальдар көптеп кездеседі. Халықты «қасқырша талаған», «итше қапқан» ел пысығының бойында ақын «күшігендік» қасиетін де байқайды. Елді тонаған ауылдың атқамінерін «жемтікке қонған күшігенге» теңейтін ақын, тағы бір тұста осы «күшігендікті» әжуа мен мысқылға толы бейнелі тіркестер арқылы көркемдеп суреттейді.

Кебеже қарын, кең өңеш,
Өлексе көрсе үңгіген
Күшігеннен кем емес [2].

«Кебеже қарын» мен «кең өңеш» әрқайсысы жеке-жеке айтылса да, кейіпкердің түр-келбеті мен ішкі ниетін бірден ұғуға мүмкіндік беретін айқын бейнелер. Ал егер бұл екеуі бірлесіп, күрделі тіркеске айналса, онда қомағайлық пен жемқорлық жайлаған қоғам адамының бейнесін толық танып-білуге болады. «Өлексе көрсе үңгіген» деген үш сөз арқылы барлық түр-сипаты мен болмысы анық байқалатын адам бейнесі қимыл-қозғалысқа түседі. Бірақ бұл әрекетте аң-құстың табиғи дағдысынан ауытқып, өлексені тартқылап жеген емес, күшігендей үңгиді...

Дулаттың әжуа-образдар қатарында «Кебеже қарын, кең өңеш» бейнесімен бірге тұрған, дәл сол стильде жасалған тағы бір образ – «Борсық тұмсық, қанды ауыз». Бұл – биік, ұлық бейне. Алдыңғысы – топастық пен қарынбайлықтың, соңғысы – жылпостық пен пәлекорлықтың қосындысы. Соңғы образ әсіресе қауіпті болып көрінеді. Осыған байланысты

оның бейнесі өте өткір әрі айқын бейнеленген. Ақын «Кебеже қарынға» мысқылмен қараса, мынаның іс-әрекетінен тіксінеді:

Борсық тұмсық, қанды ауыз,
Ұлық қылған құдай-ай,
Қазақтан шыққан кәпірді [10].

Кердері Әбубәкір Дулат-суреткердің әдісіне сүйеніп, тағы да бір сұмпайы образдың бейнесін жасап шықты: «Қарсақ табан, мысық бас, Не азғындар жетілді». Бұл бейне – кеше қоғамда болған, бірақ бүгін қоғамнан орын таппаған, қазіргі кезде әркімнің айтқанына еріп, билікке араласқан, ақылы аз, ой-өрісі тар, тек материалдық көзқарасымен өмір сүретін адамды сипаттайды. Осы бейнелерге қарап, зар заман адамының толық портретін жасауға болады. Мысық бас, борсық тұмсық, қанды ауыз, кең өңеш, кебеже қарын, қарсақ табан... Мұны Мұраттың «Ел биледі бір сымпыс, Екі бұты тараған» деген тіркесі толықтырады. Бұл сөздер халықты алдап, қиындыққа салған қорқынышты бейнені ашады. Зар заман поэзиясындағы осы сурет толықтай көрініс табады. Жиынтық бейнені сөз өнерінің шебері Мұраттың «Қатпа болған түйедей, Киеңкі болған биедей» деген теңеуімен нақтылай түссек, заман адамының бейнесі көз алдымызда жарқырап шыға келеді. Осыдан соң, егер «етегі бар да белі жоқ, бармақ сияр жері жоқ» «қынама бешпент» пен «тар шалбар» кигізсек, зар заман ақындары бейнелеген адам нағыз сәнге айналғандай болады. Дулат ақынның:

Бейнең қандай болды екен,
Қарасаңшы бір мезгіл,
Қолдарыңа айна алып, – деген ескертпесі дәл осы толық болмыс-бітімді әйгілейді. Жыр жүйріктері әр түрлі уақытта және аймақтарда өмір сүргеніне қарамастан, олардың өлеңдеріндегі образдар біртұтас жиынтық құрап, ортақ сарындарға айналады. Заманның келбеті мен адамның бейнесі де осы ортақ сарындарды салыстырып, талдаған кезде айқын көрінеді.

Дулат өлеңдерінде «ел» сөзімен байланыстырыла суреттелген образдар көп кездеседі. Мұндай бейнелі тіркестердің барлығы да халықтың ауыр жағдайы, қайғысы мен мұңының көрінісі. Белгілі ғалым Р.Сыздықова да осыған ерекше назар аударып, Дулат шығармашылығында қоғамның ахуалы мен әлеуметтік мәселелердің айқын көрінетінін атап өткен: «заман қайшылығы мен өзен-көлдің тұңғиығын, тереңін шендестіру – астарлап айтудың шебер үлгісі, ол – экспрессивтік бояуы, беретін ассоциациясы жағынан жаңа образ» [11], – деп бағалаған мына екі жолдың орны бөлек:

Ел тереңге сүңгіді,
Қармайтұғын қалмай тал.

Ақын күрделі образдарды қолдану арқылы олардың әсерін күшейтеді, кейде логикалық қисынды әдейі бұза отырып, сұлу сөзбен бейнелеу жасайды. Мысалы, «Ел тереңге сүңгіді» – бұл ерікті, белсенді қимылдың бейнесі, ал «қармайтұғын қалмай тал» – «суға кеткен тал қармайды» деген тіркеспен ұқсас, яғни пәле-жаладан, кесел-кесепаттан құтылу үшін жанұшырып әрекет ету символы. Бұл сөз тіркесі қалыпты мағынада «қармайтұғын тал қалмаған соң, ел тереңге батып кетті» дегенді білдіреді. Бірақ ақын осы мағынаға өзгеше өң беріп, жаңаша қисын қалыптастырады. Енді, ол «Ел тереңге сүңгіді» (ерікті, белсенді қимыл), «қармайтұғын қалмай тал» (құтқарушы күш жоқ) деген образдарды бір тұтас бейнеге біріктіреді. Бұл арқылы Дулат халықтың еш нәрседен үміт күтіп, өзгеріс күткенін емес, заманның ырқына көніп, ауыр жағдайға мойынсұнғанын сипаттайды. Күллі елдің бір адамдай «тереңге сүңгуі» әсерлі де бояулы көрініс береді.

Дулат «ел» ұғымын адамдарға тән қасиеттер арқылы бейнелеп, түрлі образдар жасаған. Оның үздік үлгілерінің бірі – «Ел құлағы саңырау, Кімге айтамын сөзімді?» деген өлең жолдары. Мұнда қоғамды жайлаған ұғымсыздық, саңылаусыздық, тыңдауға құлықсыздық «ел құлағы саңыраудың» аясына сыйып тұр. Бұл образ халықтың рухани құндылықтардан алыстап, сыртқы дүниенің өзгерістерінен оқшауланып, тұйыққа тіреле бастауының белгісі болып табылады. Дулаттың өзі айтқандай, «Сөлі кетіп қазақтың, Қалған кезде сіркесі» деп, елдің рухани күйзелісін, әлеуметтік азапты сипаттайды. Бұл кезеңде отаршылдардың

озбырлығына шыдамай, өз күші мен қуатынан айырылған қазақтың хал-жайы көрінеді. Ақын «ел – адам» образын қолдану арқылы заманның ауыр салмағы мен қазақтың тартқан бейнетін дәл және терең бейнелеп көрсетті:

Арқасы елдің жауыр боп,
Артқан жүгі ауыр боп,
Төрт аяқтап ақсады-ай.

Соңғы жолда ақын елді жүк көтерген төрт түліктің біріне теңеп отыр. Төрт аяқтап ақсау, арқаның жауыр болуы – елдің тереңге сүңгуінің себеп-салдары ретінде көрсетіледі. Дулаттың шығармашылығында бұл – әбден титықтап, тұралаған жұрттың хал-жағдайын суреттейді. «Жауыр болу» – қасірет пен қайғының, «артқан жүктің ауырлығы» – зорлық-зомбылықтың баламасы ретінде қабылданады. Халық тіршілігінің берекесізденуін («Тоғыңды елім шайқады, Тұнығыңды сапырды»), ағайынның ауызбіршіліктен айрылуын («Ел ұйтқысы шайқалып, Төгіліп судай ортайды-ай») ақын жоғары шеберлікпен жеткізеді.

Елдің «тұнығының сапырылуы» – Дулаттың эстетикалық зор талғамын, терең ойлау қабілетін аңғартатын тіркес. Бұл жерде ақын тұнықты сәтті метафора ретінде қолдана отырып, халықтың ішкі дүниесінің, рухани тазалығының бұзылуын сипаттайды. Дулат өз шығармашылығында ішкі сырын («Тұманың тұнық суынан»), жүректегі жырын («Тұнық жырмен жуынам») осы тазалықтың белгісі – тұныққа балайды. Ал «тұнықты сапыру» тіркесі арқылы ол сүттей ұйып отырған жұрттың трагедиялық ахуалға ұшырағанын көрсетеді.

Ақынның көбіне-көп образбен өрнектеген халық тағдыры хақындағы өкініш-күйініші оның өлеңдерінен айқын байқалады. Оның әр сөзінде терең әлеуметтік және рухани мәселе жатыр, әрі бұл мәселелердің шешімін іздеу қажет екенін көрсетеді.

Ебі кеткен ел болды,
Енді қайда мен барам?! – деп түйінделді.

Зар заман поэзиясында заманның өзгеруін, асыл мен құнсыздың орын ауысып, қоғамдағы құндылықтардың бұзылуын ақындар түрлі көркемдік әдістер арқылы бейнелейді. Бұл ойды ашу үшін олар көбінесе аң-құсты, жан-жануарды мысалға алып, олардың арасындағы айырмашылықтар мен алмасулар арқылы заманның құбылысын көрсетеді. Дулаттың өлеңдерінде дәуірдің өзгерісі былайша тұспалданады: «Ителгі туып сұңқардан, Жабы туып тұлпардан...», «Қой зор болып түйеден, Құлын зор боп биеден», «Қызғыштың даусы көбейді, Көлден аққу сырылып». Бұл сөздер қоғамдағы дәстүрлі тәртіптің бұзылуын, асылдың орнын құнсыз нәрселердің басқанын, құндының құлдырауын айқын көрсетеді.

Бұл тәсіл Албан Асан өлеңдерінде де көп кездеседі. Мысалы, оның өлеңдерінде «тұлпардың қор болуы» ұғымымен сабақтас тіркестер бар. Олар «Тұлпар түсті белестен, Жақсылар қалды кеңестен», «Тұлпарлар болып шор аяқ», «Жабыдан туған жаман тай, Бәйгіден озған кер болды», «Тұлпарлардан есек озды, Ақылманнан есер озды», «Есек, қашып бәйге алды» деген өлең жолдарында кездеседі. Бұл жолдарда ақындар ұлы тұлпар мен есер есектің орнын ауыстырып, қоғамның рухани деградациясын, құндының құнсызбен орын ауыстыруын ашып көрсетеді. Ақындар осы тәсілдер арқылы, жануарлар әлемі мен олардың мінез-құлықтары арқылы қоғамдағы үлкен өзгерістерді, тұлғалардың деградациясын көркем түрде жеткізеді.

Дулат пен Албан Асанның шығармашылығында текті мен тексіздің, асыл мен арзанның орын алмастыруы өте терең әрі көркем түрде бейнеленеді. Дулат аққуды ығыстырып, оның орнына қызғышты қою арқылы осы өзгерістерді жеткізсе, Албан Асан да құс түріндегі образдарды мол пайдалана отырып, сол заманның қайғылы ахуалын суреттейді. Мысалы, «Құзғын-құмай таққа қонып, Сауысқан-қарға баққа қонып», «Жылжып аққан шалшыққа, Қалықтап барып қаз қонды», «Ақсұңқарлар қаз іліп, Жапалақты жемдеді», «Аяқ астын шұқыды, Қарайтын сұңқар қырымға» деген жолдарда ақындар қоғамдағы жоғарғы орынға текті емес, арзан элементтердің шығып жатқанын, асылдың орнына құнсыздың келгенін көрсетеді.

Бұл өлең жолдары, әсіресе, Дулаттың шығармашылығындағы сұңқар мен тұлпардың символдық мәнін толық ашады. Сұңқар мен тұлпар – асылдың, қадірлі мен ұлының бейнесі

болса, ителгі мен жабы – қоғамның деградациясын, дәстүрдің бұзылуын білдіреді. «Сұңқардан туған ителгі, тұлпардан туған жабы» тіркестері арқылы ақын заманның, адамның, дәстүрдің бұзылып, орын алмастыруын терең әрі әсерлі түрде жеткізген. Бұл шығармалар зар заман поэзиясындағы адамзаттың күйзелісін, рухани дағдарысын айқын бейнелейтін өте маңызды символдар.

Дулат пен Албан Асан өз өлеңдерінде қоғамның азып-тозуын, құлдырауын өте шебер әрі көркем түрде суреттеген. Дулат «Үй күшіктей үреді, Отының басын айналып» деп, қоғамның төмендеп, иттік іс-әрекеттер арқылы өзінің болмысын жоғалтып бара жатқанын бейнелейді. Бұл жерде күшіктің үйді айналып үруі – белгілі бір мақсатсыздық пен тәртіпсіздіктің символы ретінде түсіндіріледі. Албан Асан болса, осы тақырыпты өз шығармашылығында тағы да бір рет көтеріп, «Бұралқы күшік құтырып, Қораны баққан сақ болды» деп, күшіктің бұрынғы бейнесіне қарама-қайшы, қораны баққан сақтық, қорғаныс ретінде пайда болуын айтады. Бұл оның қоғамның моральдық деградациясын түсіну тәсілі болып табылады.

Дулаттың «Қамқа, торғын бөз болды, Саф алтының жез болды» деген жолдары, сондай-ақ, қоғамдағы сапалық азғындауды көрсетеді. Албан Асанның өлеңінде бұл бейнемен үндестік бар: «Алтын-күміс асылдар, Мысы шығып, жез болды, Оқа, жібек тауарлар, Орауыш, мата бөз болды». Бұл жерде Дулат пен Асанның өлеңдеріндегі салыстыру арқылы қоғамдағы құндылықтардың қалай өзгергенін көреміз. Мата мен алтынды салыстыра отырып, бұл екі ақын да көне мен жаңа, асыл мен арзанның арасындағы шексіз айырмашылықты ашып көрсетеді. «Жез бен бөз» – сапаның төмендеуі, ал «алтын мен күміс» – бұрынғы жоғарғы сапа мен қадірдің жоғалуын білдіреді.

Осылайша, екі ақын да өз шығармаларында қоғамның моральдық және материалдық құлдырауын, құндылықтардың азғындануын жан-жақты әрі символикалық тәсілмен бейнелейді.

Дулат пен Әбубәкір шығармашылығында «зор болу» мен «қор болу», «озу» мен «тозу» ұғымдарын өзара шендестіру арқылы дәуірдің сапалық өзгерістерін, заманның кері кету бағытын терең суреттейді. Қоғамдағы құнсыздану, кеңдіктің тарылуы, ауқымның кішіреюі сияқты мәселелер осы шендестірулер арқылы айқындалады. Ақындар осы құлдыраудың және терең дағдарыстың белгісін тексіздіктің төрге шығуы, жаманшылықтың етек жаюы арқылы көрсетеді.

Дулаттың «Тай туып, тайлақ қайыған, Тоқты қоздап байыған» деген жолдары қазақ қоғамының бұрынғы берекелі күйін сипаттайды. Бұл өлеңде ол халықтың өсіп-өнген кезін, ынтымақ пен бірліктің кезеңін бейнелейді. Ал Әбубәкір болса осы тақырыпты одан әрі жалғастырып, «Балдағы алтын, құрыш болат, Балалар ойнар тас болды» деп суреттейді. Құрыш болаттың «балдағынан қанға боялмай», бала-шағаның ермегіне айналуы – бұл жауға қарсы тұрар қайрат-жігердің жоғалғанын, рухтың әлсірегенін, ұлттық күштің азайғанын білдіреді. Бұдан кейінгі Дулаттың «Болаттың босап, болды бор» деген жолдары қоғамның мүжіліп, тозып кеткенін тіпті ашық түрде бейнелейді. Болаттың бордай езілуі – елдің рухы мен күшінің, байлығы мен қадірінің құнсызданып, тағдырының құлдырауының айқын көрінісі болып табылады. Ақындар осы бейнелі тіркестер арқылы қоғамның әлеуметтік, рухани жағдайын, оның ішкі дағдарысын өте терең және нақты түрде көрсетеді. Тексіздік пен құлдырау, азғындық пен құнсыздану – сол кезеңнің негізгі ерекшеліктері. Бұл шығармалардағы образдар арқылы біз сол уақыттың ауыр шындығын сезінеміз.

Зар заман өлеңдерінде қасірет пен қайғының терең сезімін, сондай-ақ қоғамдағы ауыр ахуалды суреттейтін тіркестер көп кездеседі. Дулаттың «Ұйқы беріп, қайғы алам» деген жолы қасіреттің адам жанына қалай әсер ететінін ашық білдіреді. Бұл ойды Шортанбай өз өлеңінде: «Түшіркеген ұйқы жоқ. Қайғының асқан зарлығы» деп өрнектейді. Мұрат ақын «Қазтуған» жырында да осы қайғының зардабы мен оның адамға әсер етуін терең түсіндіреді: «Күндердің күні болғанда, Қайғыға шіріп өлерсің» деп, елдің болашақтағы ауыр тағдырын болжайды. Мұраттың «қайғыға шіріп өлуі» тіркесі өте әсерлі әрі бейнелі болып, адамның қайғыға қалай мүжіліп, рухани азапқа түсуін көрсетеді.

Әбубәкір болса, өз өлеңінде қасірет-қайғыны басқаша бейнелеп, «Көздің жасын жинаса, Күніне аяқ толады» деп тұжырымдайды. Бұл жерде ақын адамның қайғысын, мұңын шексіз, тоқтаусыз ағатын көз жасы арқылы білдіреді. Қасірет пен қайғының адам өмірінде қалай орнайтынын, оның көзіне, жүрегіне қалай терең енетінін сипаттайды.

Дулат Бабатайұлы поэзиясында халықтың кең ауқымды қайғысы мен шері айқын көрініс табады. Өлеңдерінде ұлықтардың елге жасаған зәбірі мен халықтың азаптары астарлы сөздермен бейнеленеді. Ақынның «Сүлейменге» деген өлеңінде ел билеген бектер мен еркінен айырылған халықтың ауыр жағдайы айқын көрінеді. Елдің отаршылдық бұғауында болған хал-ахуалы, оның зұлмат пен қасіретке толы тағдыры ақынның ұтқыр сөздері мен образдарымен өте шебер кестеленген. Дулаттың «Сүлейменге» өлеңі арқылы ол халықтың ішкі ауыр сезімдерін, ел билегендердің жасаған зәбірлерін терең ашып көрсетеді. Ол уақыттың әлеуметтік-рухани дағдарысын, халықтың қайғысын өте нақты әрі әсерлі түрде бейнелейді, ал ұлықтардың өздеріне деген жазасыздық пен әділетсіздікті көрсету арқылы қоғамның моральдық құлдырауын сипаттайды:

Аяз қысса мүйізді,
Мүйіз қысып тұқылды.
Қанталаса тұқылың,
Алпыс екі тамырың
Қаңсып қалған сықылды.

Дулат кейіптеген «аяз – мүйіз – тұқыл» желісіндегі ең төменгісінің жаншылып-мүжілуі – бейнелі ұғымды ел тағдырына орайластырғандығының көрінісі. Тұқылдың қанталауы – халықтық трагедияның астарлы оймен айтылуы.

Зар заман жырларында метафора арқылы жасалған поэтикалық образдар баршылық. Дулаттың өлеңіндегі «Дүние – жемтік, мен – төбет», Әбубәкір қолданған «Дүние – теңіз, біз – шабақ» шендестірулерінің формалық үлгісі Шортанбай мен Мұраттың шығармашылығынан көрінеді. Екеуінде де отаршылық пен халық ұғымдары басқа бір нәрсеге теңестіріледі: «Шортанбай: «Орыс – бүркіт, біз – түлкі, Аламын деп талпынды» десе, Мұрат: «Дұшпан – тазы, біз – түлкі, Қашсаң ерікке қоймайды», – деп тура сол тіркесті өзгеше түрлендіреді.

Қорытынды

Зерттеу нәтижелері көрсеткендей, Дулат Бабатайұлы және зар заман ақындарының поэзиясындағы образдар жүйесі қазақ әдебиетінің тарихи-идеялық және көркемдік дамуын айқындайтын маңызды құбылыс болып табылады. Ақындар шығармашылығында қолданылған образдар сол дәуірдің саяси-әлеуметтік жағдайымен тығыз байланысты. Әсіресе халықтың отарлық саясат салдарынан бастан кешкен ауыртпалықтары, дәстүрлі құндылықтардың өзгеріске түсуі, ел тағдырына деген алаңдаушылық басты тақырыпқа айналды. Бұл мазмұн ақындардың көркемдік бейнелеу тәсілдерінен, табиғат пен қоғам құбылыстарын суреттеуінен, символдық мәні бар образдарынан айқын аңғарылады.

Дулат Бабатайұлы поэзиясы өзінің өткір сыншылдығымен, әлеуметтік-философиялық тереңдігімен ерекшеленеді. Оның туындыларындағы образдар ұлттық дүниетанымды бейнелеп қана қоймай, халықтың болашаққа деген үміті мен күдігін де көрсетті. Ал Шортанбай Қанайұлы, Мұрат Мөңкеұлы, Әбубәкір Кердері, Албан Асан сияқты дәуірлес ақындарда да халықтың тағдырына алаңдаушылық, әділетсіздікке қарсылық, ел бірлігіне үндеу сарыны ортақ сипатта байқалады.

Зерттеу барысында образдар жүйесін талдау олардың поэтикалық даралығын, сондай-ақ әдеби дәстүр сабақтастығын айқындауға мүмкіндік берді. Дулат Бабатайұлының образдық жүйесі кейінгі ақындар шығармашылығымен салыстырылғанда, жалпы Зар заман ағымының көркемдік-идеялық ерекшеліктерін толық танытады.

Қорыта айтқанда, қазақ поэзиясының аса көрнекті өкілі, сөз зергері Дулат Бабатайұлының ел мен жер, адам мен заман бейнесін кейіптейтін ойлы образдары мен тың теңеулері бүкіл зар заман әдебиетін айшықтайтын тосын тіркестерге үлгі болды. Ақынның

терең толғамдары осы үрдіспен жырлаған шайырлардың шығармаларынан толық поэтикалық үндестік тапты.

Әдебиеттер

1. Wellek R. Theory of Literature. – New York: University of Florida, 1948. – 424 p.
2. Бабатайұлы Д. Замана сазы. – Алматы: Жазушы, 1991. – 160 б.
3. Бабатайұлы Д. Кеудем ақыл сарайы. – Астана: Ер-Дәулет, 2002. – 112 б.
4. Өмірәлиев Қ. Қазақ поэзиясының жанры және стилі. – Алматы: Ғылым, 1983. – 240 б.
5. Мағауин М. Бес ғасыр жырлайды. – Алматы: Жазушы, 1989. – 384 б.
6. Дүйсенбайұлы Е. Жеті ғасыр жырлайды. – Алматы: Жазушы, 2008. – 400 б.
7. Өмірәлиев Қ. Дулаттың дәуірі мен ақындығы // Кітапта: Дулат. Замана сазы. – Алматы: Жазушы, 1991. – 160 б.
8. Дәуітұлы С. Зар заман: Жыр толғаулар. – Алматы: Жалын, 1993. – 176 б.
9. Шәріп А. Көкбөрінің көркем бейнесі // Парасат. – 2000. – №2. – Б. 21-23.
10. Сүйіншәлиев Х. Қазақ әдебиетінің тарихы. – Алматы: Санат, 2006. – 904 б.
11. Сыздықова Р. Қазақ әдеби тілінің тарихы. – Алматы: Ана тілі, 1993. – 320 б.

References

1. Wellek R. Theory of Literature. – New York: University of Florida, 1948. – 424 p.
2. Babataiuly D. Zamana sazy [Melody of the time]. – Almaty: Zhazushy, 1991. – 160 p. (in Kazakh)
3. Babataiuly D. Keudem akyl sarayy [My chest is a palace of wisdom]. – Astana: Er-Daulet, 2002. – 112 p. (in Kazakh)
4. Omyraliyev K. Kazakh poeziyasynyn zhanry zhane stili [Genre and style of Kazakh poetry]. – Almaty: Gylym, 1983. – 240 p. (in Kazakh)
5. Magauin M. Bes gasyr zhyrlaydy [Five centuries sing]. – Almaty: Zhazushy, 1989. – 384 p. (in Kazakh)
6. Duisenbaiuly E. Zheti gasyr zhyrlaydy [Seven centuries sing]. – Almaty: Zhazushy, 2008. – 400 p. (in Kazakh)
7. Omyraliyev K. Dulattyn dauiri men akyndygy [The era and poetry of Dulat] // In: Dulat. Zamana sazy [Dulat. Melody of the time]. – Almaty: Zhazushy, 1991. – 160 p. (in Kazakh)
8. Dauituly S. Zar zaman: Zhyr tolgaualar [Zar zaman: poetic lamentations]. – Almaty: Zhalyn, 1993. – 176 p. (in Kazakh)
9. Sharip A. Kokborinin korkem beinesi [The artistic image of Kokbory] // Parassat. – 2000. – №2. – P. 21-23. (in Kazakh)
10. Suinshaliev Kh. Kazakh adebietinin tarihy [History of Kazakh literature]. – Almaty: Sanat, 2006. – 904 p. (in Kazakh)
11. Syzdykova R. Kazakh adebi tilinin tarihy [History of the Kazakh literary language]. – Almaty: Ana tili, 1993. – 320 p. (in Kazakh)

Б.А. Ердембеков, Б.Е. Салимжанов*
Шәкәрім университет,
071412, Республика Казахстан, г. Семей, ул. Глинки, 20 А
*ORCID: 0009-0009-5922-5582
*e-mail: 001hero@mail.ru

СИСТЕМА ОБРАЗОВ В ПОЭЗИИ ДУЛАТА БАБАТАЙУЛЫ И ПОЭТОВ ЗАР ЗАМАНА

Аннотация. В статье всесторонне рассматривается система образов в поэзии выдающегося представителя казахской литературы XIX века Дулата Бабатайулы и поэтов Зар-замана. В качестве объекта исследования взяты произведения Д. Бабатайулы и его современников – Шортанбая Канайулы, Мурата

Монкеулы, Абубакыра Кердери, Албана Асана. В качестве источников исследования использованы собрания сочинений поэтов, а также труды таких ученых, как К. Омиралиев, М. Магауин, Е. Дуйсенбайулы, С. Дауитулы, А. Шарип, Х. Суиншалиев, Р. Сыздык. Исследование носит комплексный характер. Применялись сравнительно-исторический, текстуальный, описательный и структурно-семантический методы. С их помощью определена система образов в творчестве поэтов, выявлена их художественная природа и социально-философское содержание. Рассмотрена связь образов в поэзии Дулата Бабатайулы с традиционным фольклорным наследием, а также особенности отражения общественных явлений. Одновременно выявлены общие мотивы поэзии Зар-замана – тревога за судьбу народа, противостояние колониальной политике, защита национальных ценностей. Результаты исследования показывают, что система образов, созданная Дулатом Бабатайулы и поэтами Зар-замана, является выражением социально-философской мысли в казахской литературе. Она отразила национальное мировоззрение, народное бытие и историческое сознание в художественной форме. Выводы статьи открывают возможности для дальнейшего научного изучения поэтической системы эпохи Зар-замана, соотношения традиции и индивидуальности, а также художественной преемственности.

Ключевые слова: поэты зар замана, система образов, поэтика, художественное изображение, национальное мировоззрение, социально-философский мотив.

B.A. Yerdembekov, B.E. Salimzhanov*
Shakarim University,
071412, Republic of Kazakhstan, Semey, 20 A Glinka str.
*ORCID: 0009-0009-5922-5582
*e-mail: 001hero@mail.ru

THE SYSTEM OF IMAGES IN THE POETRY OF DULAT BABATAYUL Y AND THE ZAR ZAMAN POETS

Abstract. This article provides a comprehensive examination of the system of images in the poetry of Dulat Babatayuly, a prominent representative of nineteenth-century Kazakh literature, and the poets of the Zar Zaman school. The research object includes the works of D. Babatayuly and his contemporaries – Shortanbai Kanaiuly, Murat Monkeuly, Äbubakir Kerderi, and Alban Asan. The sources of the study consist of the collected works of the poets, as well as scholarly works by K. Omiraliev, M. Magauin, E. Duissenbaiuly, S. Dauituly, A. Sharip, Kh. Suinshaliev, and R. Syzdyk. The research employs a comprehensive methodological approach, including comparative-historical, textual, descriptive, and structural-semantic methods. These methods made it possible to identify the system of images in the poets' works and to reveal their artistic nature and socio-philosophical content. The study highlights the connection between the images in Babatayuly's poetry and traditional folklore, as well as the ways in which social phenomena were reflected. At the same time, common motifs of the Zar Zaman poetry – concern for the fate of the people, opposition to colonial policy, and the defense of national values – are brought to light. The findings demonstrate that the system of images created by Dulat Babatayuly and the Zar Zaman poets represents the embodiment of socio-philosophical thought in Kazakh literature. It provided an artistic reflection of national worldview, collective identity, and historical consciousness. The conclusions of this study contribute to a deeper scholarly understanding of the poetic system of the Zar Zaman era, the interplay between tradition and individuality, and the continuity of literary heritage.

Keywords: zar zaman poets, system of images, poetics, artistic representation, national worldview, socio-philosophical motif.

Авторлар туралы мәлімет

Ердембеков Бауыржан Амангелдіұлы – филология ғылымдарының докторы, профессор, «Шәкәрім университеті» КеАҚ, Қазақстан Республикасы, Семей, e-mail: erdembekov@gmail.com, ORCID: https://orcid.org/0000-0003-0503-4640.

Салимжанов Бауыржан Ермекұлы* – «Шәкәрім университеті» КеАҚ «Қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімдерін даярлау» ББ магистранты, Қазақстан Республикасы, Семей, e-mail: 001hero@mail.ru, ORCID: https://orcid.org/0009-0009-5922-5582.

Сведения об авторах

Ердембеков Бауржан Амангельдинович – доктор филологических наук, профессор, НАО «Шәкәрім университет», Республика Казахстан, Семей, e-mail: erdembekov@gmail.com, ORCID: https://orcid.org/0000-0003-0503-4640.

Салимжанов Бауржан Ермекулы* – магистрант НАО «Шәкәрім университет» по образовательной программе «Подготовка учителей казахского языка и литературы», Республика Казахстан, Семей, e-mail: 001hero@mail.ru, ORCID: https://orcid.org/0009-0009-5922-5582.

Information about authors

Bauyrzhan Yerdembekov – doctor of philology, professor at Shakarim University, Republic of Kazakhstan, Semey, e-mail: erdembekov@gmail.com, ORCID: https://orcid.org/0000-0003-0503-4640.

Bauyrzhan Salimzhanov* – Master's student at Shakarim University, Educational Program «Training of kazakh language and literature teachers», Republic of Kazakhstan, Semey, e-mail: 001hero@mail.ru, ORCID: https://orcid.org/0009-0009-5922-5582.

Редакцияға енуі 10.07.2025
Жариялауға қабылданды 26.09.2025

https://doi.org/10.53360/3080-3861-2025-3(3)-11
ҒТАМР: 17.01.11.

Қ.Т. Тулебаева, Ж.Е. Серікқали*
Шәкәрім университеті,
071412, Қазақстан Республикасы, Семей қ., Глинка к-сі, 20 А
*ORCID: 0009-0006-3198-6361
*e-mail: zhannur_97_97@mail.ru

ОҚУШЫЛАРДЫҢ РУХАНИ ТӘРБИЕСІНДЕГІ АҚБЕРЕН ЕЛГЕЗЕК ШЫҒАРМАЛАРЫНЫҢ РӨЛІ

Аннотация. Бұл мақалада оқушылардың рухани тәрбиесін қалыптастыруда көркем шығармалардың, атап айтқанда қазіргі қазақ әдебиетінің көрнекті өкілі Ақберен Елгезек шығармаларының маңызы қарастырылады. Ақынның терең мазмұнды шығармалары арқылы ұлттық құндылықтар, моральдық-этикалық нормалар, адамгершілік пен рухани биіктік мәселелері көркем тілмен жеткізіліп, жас ұрпақтың дүниетанымына, ішкі жан дүниесіне оң әсер ететіні дәлелденеді. Мақалада Елгезек шығармашылығын білім беру үдерісіне тиімді енгізу жолдары, оның тәрбиелік әлеуеті мен оқушылардың рухани дамуына ықпалы жан-жақты талданады. Ақынның «Алабұрту», «Ауылды аңсау», «Тілек» атты өлеңдері мен «Болмаған балалық шақ» повесі негізінде оқушылар бойында туған жерге сүйіспеншілік, ата-анаға құрмет, ар-намыс, адамгершілік және отансүйгіштік қасиеттерді қалыптастырудың мүмкіндіктері сараланады. Сонымен қатар, көркем шығарманы оқу-тәрбие үдерісінде тиімді пайдалану жолдары ұсынылып, көркем шығарманың тұлға тәрбиесіндегі маңызы айқындалады. Зерттеу нәтижесі Елгезек поэзиясының оқушылардың рухани әлемін байытып, олардың шығармашылық ойлау қабілеттерін дамытуға ықпал ететінін көрсетті. Бұл бағыт мұғалімдер мен әдіскерлерге де нақты әдістемелік ұсыныстар береді. Сондай-ақ, өлең жолдарындағы терең философиялық тұжырымдар мен заманауи рухани ізденістер жас ұрпақтың өзін-өзі тануына, болмыстық ойлауын қалыптастыруға жол ашады. А.Елгезектің шығармалары – тек эстетикалық ләззат беретін көркем туынды ғана емес, сонымен қатар ұлттық рух пен тарихи жадыны жаңғыртатын тәрбие құралы ретінде де аса құнды.

Кілт сөздер: тәрбие, рухани тәрбие, поэзия, поэзияның рөлі, ұлттық құндылықтар.

Кіріспе

Заманауи жаһандану үдерісі мен ақпараттық қоғамның даму жағдайында жастардың рухани дүниесін байытып, ұлттық құндылықтарға негізделген тәрбие беру – уақыт талабы. Қазіргі таңда әлеуметте болып жатқан рухани тоқырау, жұтаңдық, балалар арасындағы қатыгездік, эмпатияның болмауы, адамгершіліктің құлдырауы, бір-біріне жаны ашымау, ұлттық құндылықтарға, дәстүрге, тілге немқұрайды қарауы – білім беру саласында, жүйесінде рухани-адамгершілік тәлім-тәрбиені мықтап қолға алу керек екендігін айшықтай түседі. Ал тәрбиені күшейту үшін не істеуге болады? Қандай амал жасаған дұрыс? Бұл әсіресе мұғалімдер қауымын алаңдататын мәселе. Ешқандай қоғамдық шараға қатысқысы келмейтін, селқос, тәртіпке бағынғысы келмейтін балалардың рухани дүниесіне қайтсе де ықпал ету, шырағын жағу деген ой әрбірі ұстаздың санасында бары рас. Осыған байланысты көркем әдебиет, әсіресе поэзия оқушыларды мектепте тәрбиелеу үшін өте маңызды. Поэзия

– адамдарға терең сезімдер мен өмірлік шындықтарды жеткізу үшін көркем тілді қолданатын өнер. Өскелең ұрпақтың ақыл-ойына, дүниетанымына және жүрегіне әсер ете отырып, ол жеке дамуға және адамгершілік қасиеттердің қалыптасуына ықпал етеді.

Қазақ поэзиясы – ұлттық болмыстың көрінісі, айнасы. Қазіргі таңдағы қазақ поэзиясында өзінің даралығымен көзге түсіп, бестселлерге арналған проза жазған ақын-қаламгер Ақберен Елгезек сол айнаның бірі. Оның шығармашылығы – сұңғыла мазмұнды, пәлсафалық мағынаға ие, адамзат дүниесінің, жанының ішкі-сыртқы иірімдерін зерттейтін соны туындылармен белгілі. Оның шығармаларында ұлттық код, рухани байлық, тарихи жад, тарихи сана, еркіндік, елдік идеясы мен жаһандық көзқарас ұштасып, оқырман қауымды ойға шақырады. Өмірдің мәнін, ұлттық болмыстың маңызын, ар-намыс, рухани гүлдену, әділдік, елдік, бостандық сынды ұғымдарды өскелең ұрпақ А. Елгезек поэзиясы арқылы зерделейді.

Осы мақалада Ақберен Елгезек шығармаларын негізге ала отырып, оқушылардың рухани тәрбиесінде поэзияның маңызын ашып көрсетеміз. Жұмыстың өзектілігі – ұлттық болмысты сақтай отырып, жаһандық көзқарасы қалыптасқан рухани бай тұлға тәрбиелеуде әдебиетті, әсіресе қазіргі поэзияны ұтымды пайдаланудың амалдарын айқындау. Рухани құндылықтарды насихаттау, ұлттық сананы қалыптастыру және жас ұрпақтың ішкі жан дүниесін байыту – бүгінгі білім беру жүйесінің басты міндеттерінің бірі. Осы орайда көркем әдебиетті, оның ішінде поэзияны тәрбие құралы ретінде пайдалану өзекті бола түсуде. Ақберен Елгезек шығармаларындағы терең ой, ұлттық болмыс, адамгершілік қағидалар мен рухани ізденістер оқушы санасында өмірлік ұстанымдардың қалыптасуына ықпал ете алады. Мақалада ақын поэзиясының мазмұны мен көркемдік ерекшеліктері талдана отырып, оның тәрбиелік әлеуеті айқындалады. Сондай-ақ бұл зерттеу оқыту процесінде поэзияны тиімді пайдалану жолдарын ұсынып, Ақберен Елгезек шығармалары арқылы рухани-адамгершілік тәрбие берудің әдістемелік негіздерін қарастырады.

Материалдар мен әдістер

Зерттеудің әдіснамалық негізін әдебиеттану, педагогика және философия ғылымдарындағы адамның рухани-адамгершілік тәрбиесіне қатысты теориялық тұжырымдар, сондай-ақ қазіргі орта білім беру бағдарламасының мазмұны құрайды. Жұмыстың теориялық бөлігінде көркем әдебиеттің тәрбиелік мүмкіндіктерін ашу мақсатында заманауи ақын Ақберен Елгезектің шығармашылығы зерттеу нысаны ретінде таңдалды. Атап айтқанда, «Көлеңкелер күбірі» және «Көк бөрінің рухы» атты жыр жинақтарына енген өлеңдер мазмұндық және идеялық тұрғыдан талданды. Бұл жерде мазмұндық талдау әдісі қолданылып, өлеңдердегі рухани-адамгершілік құндылықтар, дүниетанымдық идеялар және тәрбиелік әлеует анықталды. Бұл әдіс шығармалар мазмұнын жүйелі саралап, жас ұрпаққа беретін тәрбиелік ықпалын ашуға мүмкіндік берді.

Зерттеудің тәжірибелік бөлімінде Ақберен Елгезек поэзиясының оқушыларға әсерін бағалау мақсатында сауалнама және сырттай бақылау әдістері қолданылды. Сауалнама 8-1 сынып оқушыларына таратылып, оқушылардың поэзияны қабылдау ерекшеліктері, эмоциялық-танымдық әсерлері, рухани құндылықтарға деген көзқарастары зерттелді. Бұл әдіс оқушылардың жеке пікірлері мен қабылдау деңгейін анықтауға көмектесті. Сонымен қатар, әдеби шығармалармен жұмыс барысындағы оқушылардың мінез-құлқы мен эмоционалдық реакцияларын байқау үшін сырттай бақылау әдісі қолданылды. Бұл тәсіл зерттеу нәтижелерін жан-жақты қарастыруға және теориялық тұжырымдарды тәжірибелік деректермен нақтылауға жағдай жасады.

Қазіргі білім беру жүйесінде оқушылардың рухани-адамгершілік тәрбиесін қалыптастыру мәселесі аса өзекті болып отыр. Бұл бағытта әдеби шығармалардың, соның ішінде поэзияның тәрбиелік әлеуеті ерекше орын алады. Осыған байланысты отандық педагогика мен әдебиеттану салаларында бірқатар ғылыми еңбектер жазылған. Атап айтқанда, Ж. Қараев, А. Құдайбергенова, Қ. Жаманбаев сынды педагог-ғалымдар шығармашылыққа негізделген білім беру мазмұнының оқушылардың рухани дамуына оң

әсер ететінін атап көрсеткен. Олар оқыту барысында көркем мәтіндерді, соның ішінде өлеңдерді қолдану арқылы тұлғаның дүниетанымын кеңейтуге, сезім мәдениетін қалыптастыруға болатынын негіздейді. Мәселен, А. Құдайбергенова оқушы тұлғасының өзіндік «Менін» дамытуда әдеби шығармалардың эмоциялық және аксиологиялық рөліне ерекше мән береді [1].

Ал поэзияның тәрбиелік рөліне қатысты арнайы зерттеулер жүргізген ғалымдар қатарында Г. Елемесова, Н. Сағындықова, А. Жанпейісова сынды әдебиеттанушылардың еңбектерін атауға болады. Олар поэзияның оқушы бойындағы адамгершілік, отансүйгіштік, мейірімділік, қайырымдылық сияқты сапаларды тәрбиелеудегі маңызын нақты мысалдармен дәлелдейді. Г. Елемесова поэзия арқылы оқушының эстетикалық талғамы мен ұлттық болмысты қабылдау қабілетін дамытуды ұсынады [2].

Сонымен қатар, қазіргі қазақ поэзиясының өкілдері – жастардың рухани сұранысына жауап беретін шығармалар жазу арқылы осы процеске тікелей үлес қосып отыр. Солардың бірі – Ақберен Елгезек. Қазіргі қазақ поэзиясында ауыл тақырыбына арналған шығармалар бірқатар ақындардың назарында болғанымен, бұл мәселе әлі де терең әрі кешенді түрде зерттеуді қажет етеді. Ақберен Елгезектің шығармашылығына қатысты белгілі ақын әрі сыншы Тыныштықбек Әбдікәкімұлының «Калейдоскоп» жыр жинағына жазған «Езу тартып күлген мұң» атты алғы сөзінде ақынның рухани әлемі мен шығармашылық даралығына айрықша назар аударылады. Ол Елгезектің «Ауылды аңсау» атты өлеңін талдай отырып, ақынның туған жерге, ауыл болмысына деген перзенттік махаббатын, ұлттық рух пен танымды терең поэтикалық бейнелер арқылы жеткізе алатын шеберлігін ерекше атап өтеді:

Әнге салса әупілдек ұясында,

Қала түгіл, ғаламға сиясың ба! –

Thus, one of the significant universities of «life» for Abai was the library, the collection of which constituted what we call the poet's reading sphere. A modern library, of course, differs from a library of the 19th century. As the authors of the book «Abai's Library on the Pages of Rare Editions» rightly believe: «The unique treasures of the rare collection of the regional library reveal an important stage in the life and work of the brilliant poet Abai, who, as was said, was a regular reader from the moment of its opening. Rare local history sources, which make up the golden collection, introduce the social activities of the thinker. These rare original editions are undoubtedly valuable sources for domestic science and, in particular, Abai studies» [2]. But even today it remains a thread connecting generations. The reinterpretation and re-reading of Abai's heritage continues into the 21st century, forcing the modern generation of scholars to delve even deeper into his timeless lines.

References

1. Abai Encyclopedia. – Almaty: Atamura, 1993. – 457 p.
2. Abai Library in Rare Publications. Book One / Comp. Manzhibayeva Zh.A., Gainullina F.A. – Astana: Foliant, 2023. – 428 p.
3. Mikaelis E.P. // https://esimder.pushkinlibrary.kz/ru/issledovateli-kraya/972-.html.
4. Auezov M.O. Abai Kunanbayev [Text]: Articles and research / Ed. by Dr. of Philology I.T. Dyusenbaev; Academy of Sciences of the Kazakh SSR, M.O. Auezov Institute of Literature and Art. – Alma-Ata: Nauka, 1967. – 389 p.
5. Dolgopolov N.I. // https://esimder.pushkinlibrary.kz/ru/issledovateli-kraya/1695-.html
6. Gross S.S. // https://esimder.pushkinlibrary.kz/ru/issledovateli-kraya/1693-.html
7. Bukeykhanov A. Abai (Ibragim) Kunanbayev. Obituary. In: 19th-20th Century Local Historians on East Kazakhstan. Collection of Studies / Comp. Perebeyeva M.I., Manzhibayeva Zh.A. – Nur-Sultan: Foliant, 2019. – 528 p.
8. https://kazpravda.kz/n/svyazana-s-abaem-ne-tolko-imenem/
9. Materials for the Study of the Legal Customs of the Kirghiz [Electronic resource]. Issue 1. Material Law / Semipalatinsk Regional Statistical Committee; comp. P.E. Makovetsky. – Omsk: Printing House of the District Headquarters, 1886. – 88 p.
10. Kennan J. Siberia and Exile: In Two Parts / transl. from English by I.N. Kashintsev. – St. Petersburg, 1906. – 26 p.
11. Abai Kunanbayev: Selected Works (translated from Kazakh). General ed. L. Sobolev. With a preface by Mukhtar Auezov. OGIZ GIKhL, Moscow, 1945. – 319 p.
12. Lermontov M.Yu. Complete Collection of Poems in 2 volumes. – Leningrad: Soviet Writer, Leningrad Branch, 1989. – Vol. 1. Poems and Dramas. 1828-1836. – 95 p.
13. Kalizhanov U. Preface. Abai and Navoi. Ed. in charge S. Ananyeva. – Almaty: Print Express, 2018. – P. 3-6.
14. Rustamov A. The World of Abai. The Works of Abai Kunanbayev in Foreign Reception. Ed. in charge S. Ananyeva. – Almaty: Adebiet Alemi, 2016. – P. 362-365.

Ф.А. Гайнуллина
Alikhan Bokeikhan University,
071400, Қазақстан Республикасы, Семей қ., Мәңгілік ел к-сі, 11
ORCID: 0000-0003-036-5533
e-mail: akhmetovna@mail.ru

СЕМЕЙДЕГІ КІТАПХАНА ҚОРЫНЫҢ АБАЙДЫҢ ЭСТЕТИКАЛЫҚ КӨЗҚАРАСТАРЫНЫҢ ҚАЛЫПТАСУЫНА ЫҚПАЛЫ

Аңдатпа. Мақалада Абайдың әдеби мұрасын зерттеуде маңызды болып табылатын мәселелер – оның ақын болып қалыптасуына әлем классиктерінің ықпалы, 1883 жылы ашылған Семей қалалық кітапханасымен танысуы, орыс жер аударылғандарымен достығы, ақынның дүниетанымының әрі қарай дамуына зор рөл атқарған еңбектердің маңыздылығы қарастырылады.

Автор ақынның саяси жер аударылғандармен қарым-қатынасының сипатына, екі жақты рухани алмасу мәселелеріне, Абайдың аудармашылық қызметке деген қызығушылығының пайда болуына ерекше назар аударады.

Мақалада сондай-ақ шығыс, орыс және батыс-еуропалық әдебиет жауһарларының ақынның эстетикалық талғамының қалыптасуы мен одан әрі жетілуіне ықпалы, оның шәкірттері мен замандастарын әлемдік мәдениет туындыларымен таныстыруға ұмтылысы сөз болады. Бұл әсіресе ақынның көркем шығармаларын, М.Әуезовтің «Абай жолы» романын және мемуарлық дереккөздерді талдау барысында айқын көрінеді.

Тірек сөздер: Абай Құнанбаев, әлем әдебиеті, кітапхана, әдеби таным, аудармалар.

Ф.А. Гайнуллина
Alikhan Bokeikhan University,
071400, Республика Казахстан, г. Семей, ул. Мәңгілік ел, 11
ORCID: 0000-0003-036-5533
e-mail: akhmetovna@mail.ru

ВЛИЯНИЕ БИБЛИОТЕЧНОГО ФОНДА ГОРОДА СЕМЕЙ НА ФОРМИРОВАНИЕ ЭСТЕТИЧЕСКИХ ВЗГЛЯДОВ АБАЯ

Аннотация. В данной работе исследуются значимые для изучения литературного наследия Абая вопросы – о воздействии произведений мировой классики на формирование его личности как поэта, посещении им открытой в 1883 году Семипалатинской городской библиотеки и дружбе с русскими ссыльными, круге чтения, сыгравшем огромную роль в дальнейшем развитии мировоззрения художника.

Пристальное внимание автора статьи приковано к рассмотрению характера взаимоотношений поэта с политическими ссыльными, вопросам двухстороннего духовного взаимообмена, вопросам появившегося у Абая интереса к переводческой деятельности.

В статье также говорится о несомненном влиянии литературных шедевров восточной, русской и западноевропейской литературы на становление и дальнейшее совершенствование эстетических вкусов поэта и его стремлении приобщить своих учеников и соотечественников к произведениям мастеров мировой культуры, что особенно заметно на анализе текстов художественных произведений самого поэта, романа «Путь Абая» М.О. Ауэзова, а также мемуарных источников.

Ключевые слова: Абай Кунанбаев, мировая литература, библиотека, круг чтения, переводы.

Автор туралы мәліметтер

Гайнуллина Фарида Ахметовна – филология ғылымдарының кандидаты, Әлихан Бөкейхан университеті филология кафедрасының доценті, Қазақстан Республикасы, Семей, e-mail akhmetovna@mail.ru, ORCID: 0000-0003-036-5533.

Сведения об авторе

Гайнуллина Фарида Ахметовна – кандидат филологических наук, доцент кафедры филологии «Alikhan Bokeikhan University», Республика Казахстан, Семей, e-mail: akhmetovna@mail.ru, ORCID: 0000-0003-036-5533.

Information about the author

Farida Gainullina – candidate of philological sciences, associate professor of the Department of philology at Alikhan Bokeikhan University, Republic of Kazakhstan, Semey, e-mail: akhmetovna@mail.ru, ORCID: 0000-0003-036-5533.

Received 14.07.2025
Revised 23.08.2025
Accepted 23.09.2025

https://doi.org/10.53360/3080-3861-2025-3(3)-13
ҒТАМР: 17.01.11

А.О. Токсамбаева, Д.Д. Турсынова*
Шәкәрім университеті,
071412, Қазақстан Республикасы, Семей қ., Глинка к-сі, 20 А
*ORCID: 0009-0009-4012-7683
*e-mail: dtursynova91@gmail.com

ҚАЗАҚ ПОЭЗИЯСЫНДАҒЫ ҰЛТТЫҚ РУХ: ТЫНЫШТЫҚБЕК ӘБДІКӘКІМҰЛЫ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫНДАҒЫ СИМВОЛИЗМ

Аңдатпа. Мақалада қазіргі қазақ поэзиясының көрнекті өкілі Тыныштықбек Әбдікәкімұлы шығармашылығы негізінде ұлттық рух ұғымы мен оның бүгінгі қоғамдағы көрінісі жан-жақты талданады. Ақын поэзиясы – терең философиялық мәнге ие, ұлттық сана мен тарихи жадыны сақтауға бағытталған көркемдік феномен ретінде қарастырылады. Зерттеу нысаны ретінде алынған өлеңде ақын ұлттың рухани болмысына төнген қауіпті, тарихи тамырдан ажырауды, құндылықтық жүйенің әлсіреуін, дәстүр мен ділдің көмескіленуін бейнелі тілмен жеткізеді. Ақын сөз арқылы ұлттың рухани әлеміндегі дағдарысты, адам мен қоғам, өркениет пен табиғат арасындағы ішкі қайшылық сияқты мәселелерді қозғайды. Мақалада ақынның поэтикалық кеңістікте сөзді символдық мағынада қолдану тәсілдері мен символдарға жүктелген семантикалық жүктемелер талданады. Әсіресе, ұлттық кодты жаңғыртуда, дәстүрлі дүниетанымды жеткізуде қолданылған образдар жүйесі мен мифопоэтикалық құрылымдар сараланып, олардың көркемдік қызметі айқындалады. Зерттеу барысында ақын шығармашылығының бүгінгі қоғамдағы рухани құндылықтарға ықпалы, оның оқырман санасында ұлттық сана мен ішкі тазалықты қалыптастырудағы рөлі, жастардың дүниетанымына әсері зерделенеді. Зерттеу нәтижесінде Тыныштықбек Әбдікәкімұлы поэзиясының тек эстетикалық құндылық қана емес, сонымен бірге ұлттық мұраны сақтау мен жаңғыртудың рухани тетігі ретінде де ерекше мәнге ие екендігі дәлелденеді. Ақын шығармаларындағы ұлттық рух – өткен мен бүгіннің арасындағы үзілмес алтын көпір, ал оның поэтикалық үні – қазіргі қоғамдағы рухани ізденістер мен құндылықтық бағдардың көрсеткіші ретінде бағаланады.

Тірек сөздер: Тыныштықбек Әбдікәкімұлы, ұлттық рух, құндылық, қазақ поэзиясы, рухани дағдарыс, символизм, жаһандану.

Кіріспе

Қазіргі жаһандану дәуірінде дәстүрлі құндылықтар жүйесі күрделі өзгерістерге ұшырап, заман талабына сай жаңа бағыттар мен үдерістер қалыптасуда. Ақпараттық технологиялардың қарқынды дамуы, цифрландыру үдерісі мен әлеуметтік желілердің кең таралуы адам өмірін жеңілдетіп, коммуникациялық мүмкіндіктерді арттырғанымен, адамзаттың рухани болмысына, ішкі жан дүниесіне және дүниетанымына өз әсерін тигізуде. Жаһандық ықпал күшейген сайын әр ұлттың өз болмысын жоғалтпай, тарихи-мәдени тамырын сақтап қалуы аса маңызды мәселе. Ұлт ретінде ілгері дамудың басты алғышарты – рухани тұтастық пен мәдени өзіндік ерекшелікті сақтау. Осы тұрғыдан алғанда, қазіргі әдебиет пен мәдениетке артылар жүк ауыр. Олар ұлттық сананы нығайтып, жас ұрпақтың бойына рухани мұра мен тарихи жадыны сіңіруге бағытталуы тиіс. Ұлттық тәрбиеге, дәстүр мен әдебиетке негізделген дүниетаным – келешек қоғамның рухани іргетасын қалайтын басты күш.

Халқымыздың ұлттық болмысын терең танудың бірден-бір жолы – төл әдебиетіміз. Әдебиет – ұлттың рухани айнасы, өткен мен бүгіннің арасын жалғайтын алтын көпір. Сан ғасырлық тарихы бар қазақ әдебиеті ежелгі дәуір әдебиетінен бастау алып, жыраулық дәстүрмен жалғасып, Абай Құнанбайұлы қалыптастырған мектеппен толығып, бүгінгі күнгі ақын-жазушылардың шығармашылығымен жалғасын табуда. 1980-1990 жылдары қазақ поэзиясына жаңа леп алып келген жас ақындар, қазіргі аға буын өкілдері Ұ. Есдәулетов, Е.Раушанов, Т. Әбдікәкімов, Н. Мәукенұлы, М. Ақдәулетов еді [1]. Олар қазақ жырына жаңа тыныс беріп, дәстүр мен жаңашылдықтың үйлесімін қалыптастыра білді. Ұлттық рух, тіл мен діл мәселесі жаңа заман қаламгерлерінің шығармашылығына арқау болып, жаңа поэтикалық биікке көтерілді. Солардың ішінде болмыс-бітімімен, терең философиялық ой-

толғамдарымен дараланған ақын – Тыныштықбек Әбдікәкімұлы. Оның поэзиясынан ұлттық дүниетаным, рухани ізденіс пен адамзаттық құндылықтар үндестігін анық байқауға болады.

Ұлттық рух – халықтың өзін-өзі тануымен айқындалатын, өскелең арман-мұраттарымен сипатталатын, елдік тұтастық идеясымен негізделетін өміршеңдік күш-қуаты. Ұлттық рухтың көрініс беруі ұлт өкілдерінің көркем шығармашылығынан, халық даналығынан, ғасырлар бойы сабақтастығын үзбеген рухани мұраларынан айқын аңғарылады [2]. Ол – жаһандық рух пен жеке адамның рухани болмысының арасындағы дәнекер күш. Ұлттық рухтың арқасында ұлт өкілдері әлемдегі өз орнын айқындап, төл мәдениеті мен рухани құндылықтары арқылы жалпыадамзаттық өркениетке үлес қосады.

Бұл жөнінде А. Байтұрсынұлы: «Елде жоқ рух ақын сөзінде де болмайды. Елде бар рухты ақын ықтимал дәріптеп, күшейтіп, көпіртіп, көркейтіп айтуы, бірақ жұртта жоқ рухты ақын өзінен шығарып айта алмайды. Ақын сөзіне жұрт рухының сәулесі түспей тұрмайды» [3], – деп атап көрсетеді. Яғни, ұлттық рух – халықтың ішкі болмысынан, мәдени құндылықтарынан туындайтын табиғи көрініс. Ақын-жазушы сол рухты өз шығармасында бейнелеп, жеткізіп дәріптеуші.

Ұлттық рух мәселесі әдебиеттануда әр қырынан қарастырылып келеді. Ө.Әбдиманұлының «Қазақ әдебиетіндегі ұлттық рух» атты монографиясында XIX-XX ғасырлардағы қазақ әдебиетіндегі ұлттық рухтың көркем бейнеленуі мен дәстүрлі жалғастығы кеңінен сараланған [4]. Ғалымның пайымдауынша, ұлттық рух идеялық мазмұнмен шектелмей, көркемдік поэтика, жанрлық дәстүрлер мен бейнелеу тәсілдерінің ішкі өзегіне айналып, әдеби дамудың бағыт-бағдарын айқындайды. Осы тұрғыдан алғанда ұлттық рух – әдеби үдерістің ішкі қозғаушы күші. Ұлттық рух – тек ұғымдық категория емес, ол халықтың тарихи тәжірибесін, дүниетанымын, мәдени жадын, көркемдік дәстүрін біріктіретін тұтас құбылыс. Қазақ әдебиетінде ұлттық рухтың бейнеленуі халықтың болмысы мен тағдырын көркемдік формада айшықтап қана қоймай, оның мәңгілік құндылықтарын келесі буынға жеткізетін рухани діңгек қызметін атқарады. Бұл ұғым қазіргі әдебиетті талдауда ғана емес, Тыныштықбек Әбдікәкімұлы поэзиясын зерделеуде де маңызды. Ақын шығармаларында ұлттық рух, тарихи жады және рухани күйзеліс мәселелері символикалық образдар жүйесі арқылы бейнеленеді. Сондықтан Тыныштықбек поэзиясын зерттеуде символизм әдісінің мәні ерекше.

Әдеби бағыт ретінде символизм XIX ғасырда қалыптасып, өнердегі (әдебиет, музыка, кескіндеме) ірі ағымдардың біріне айналды. Символизмнің басты ерекшелігі – экспериментке бейімділік, жаңалыққа ұмтылу, символиканы, астарлы мағыналарды, ишараларды, тылсым мен құпиялы бейнелерді кеңінен қолдану [5]. Символистік поэзияның негізгі мақсаты – идеяны сезім арқылы қабылдауға лайықталған формаға көшіру. Дегенмен бұл форма дербес мәнге ие болмай, әрқашан идеяны жеткізудің құралы қызметін атқарады.

Қазақ әдебиеттану ғылымында көркем символдарды зерттеу Ахмет Байтұрсынұлының «Әдебиет танытқыш» еңбегінен бастау алады. Ғалым терминологиясында символ «бернелеу» ұғымымен түсіндірілген. «Қазақтың бернемен сөйледі деуінің өзі, пердемен жасырып сөйледі немесе бернемен суреттеп сөйледі дегеннен шыққан боларға керек. Бұл екеуінің соңғысынан да алдыңғысы болуы ықтимал, өйткені бернемен сөйледі деп қазақтар сөздің өз мағынасын жасырып, өзге мағынамен сөйлегенді айтады. Бернелеу – сол мағынасы жасырын сөздің өзі» [6]. Ал З. Қабдолов символды «астарлау» деп беріп: «Бір нәрсені не құбылысты тура суреттемей, бұларға ұқсас басқа бір нәрсеге теліп, жасыра жарыстырып, бүкпелей бейнелеу, ойды да ашық айтпай, тартымды тұспалмен түсіну» – дейді [7].

Әдебиеттануда символ ұғымына түрлі анықтамалар берілген. Американдық зерттеуші Грег Джонсон әдеби символды «алғашқы көріністен әлдеқайда терең мағынаға ие құбылыс» деп сипаттайды. Оның пікірінше, символ – белгілі бір нысан, адам, жағдай немесе әрекеттің тікелей бейнесі бола отырып, басқа да астарлы мағыналарды меңзейді [8]. Жалпы алғанда, символ әдебиетте өзінің тура мағынасынан әлдеқайда кең құбылысты білдіреді.

Қазіргі әдеби кеңістікте символизм – терең мазмұн мен рухани мәнді жеткізудің көркемдік құралы ретінде танылады.

Әдебиет тарихында символизмнің бастауын Шарль Бодлердің әйгілі «Сұрқия гүл» (Les Fleurs du mal) өлеңдер жинағынан көруге болады [9]. Бұл туынды тек француз әдебиетіне ғана емес, әлемдік поэзияның дамуына зор ықпал етті. Бодлер өз дәуірінің әлеуметтік және рухани қайшылықтарын символдық астарлар мен эстетикалық бейнелер арқылы жеткізіп, жаңа көркемдік бағдар қалыптастырды. Оның поэзиясында әдеттегі құбылыстар тылсым дүниемен астасып, символикалық мәнге ие болды. Мәселен, гүл образы қарапайым табиғи сұлулықты емес, адам жанының қасіреті мен азабын, өмір мен өлімнің мәңгілік қайшылығын бейнеледі.

Осыған ұқсас құбылысты Тыныштықбек Әбдікәкімұлының шығармашылығынан да байқауға болады. Ақынның «Қайран» өлеңі ұлттық рухтың әлсіреуі, тарихи жадының көмескіленуі мен рухани дағдарыс сынды өзекті мәселелерді символикалық бейнелер арқылы ашады. Бейнелер сырттай қарағанда қарапайым көрінгенімен, олардың астарында терең философиялық ой жатыр. Демек, Тыныштықбек поэзиясында символизм тек эстетикалық құрал ғана емес, ұлттық сананы жаңғыртуға қызмет ететін маңызды көркемдік әдіске айналады.

Материал мен әдістер

Зерттеу нысаны ретінде Тыныштықбек Әбдікәкімұлының «Қайран» өлеңі алынды. Өлеңде қазақ халқының ұлттық рухы, рухани болмысы, тарихи жад және қазіргі қоғамдағы өзгерістер көркем түрде бейнеленген. Зерттеу барысында герменевтикалық, салыстырмалы және тарихи-мәдени талдау әдістері қолданылды. Герменевтикалық әдіс өлеңнің мәтінін тереңірек түсінуге мүмкіндік беріп, ақын өлеңіндегі астарлы ойды айқындауға бағытталды. Салыстырмалы талдау әдісі арқылы Тыныштықбек Әбдікәкімұлының поэзиясы қазіргі қоғаммен салыстырып, ұлттық болмыстың қазіргі кезеңдегі өзгерістері қарастырылды. Ақынның ұлттық болмысқа қатысты көзқарасы Абайдың «Қалың елім, қазағым, қайран жұртым» өлеңімен салыстырылып, екі туындыда да халықтың рухани күйреуі мен қасіреті поэтикалық арқау болып, дәстүрлі жалғастық пен идеялық үндестік анықталды. Тарихи-мәдени талдау әдісі өлеңде ұсынылған ұлттық болмыс пен дәстүрдің бүгінгі әлеуметтік және мәдени контексте қандай орын алатынын зерттеуге мүмкіндік берді.

Нәтижелер мен талқылау

Тыныштықбек Әбдікәкімұлы – ұлттық рух пен әлемдік өркениет құндылықтарын тоғыстыра жырлаған қаламгер. Оның поэзиясының басты арқауы – ұлттық дүниетаным мен рухани болмысты жаңаша сипатта бейнелеу. Ақынның шығармалары қазақ халқының тарихи жадынан бастау алатын құндылықтарды сақтап, оларды қазіргі заманның көркемдік кеңістігіне енгізуімен ерекшеленеді.

Ақын поэзиясындағы ұлттық дүниетаным ең алдымен туған жерге, табиғатқа, ұлттық дәстүрге деген сүйіспеншіліктен бастау алады. Оның лирикалық қаһарманы рухани ізденіс үстіндегі тұлға ретінде көрінеді. Ақын толғаныстары жеке тағдыр шеңберінен шығып, бүкіл халықтың арман-мұратын бейнелі түрде жеткізеді. Тыныштықбек шығармашылығында ұлттық кодтың негізгі белгілері – тіл, дәстүр, табиғат пен рухани мұра. Ақын стилінің басты ерекшелігі – философиялық тереңдік пен метафоралық бейнелеудің молдығы.

Ұлттық рухтың көркем бейнеленуін ақынның «Қайран» атты өлеңінен айқын байқауға болады. Бұл туынды – ұлттық мұрат, ұлт болмысына деген алаңдаушылықтың поэтикалық көрінісі. Ақын «Қайран» өлеңінде Абайдан мұра болған сыншылдық дәстүрмен қазақ мінезін егжей-тегжейлі сөз етеді. Бұл өлең ұлт мінезінің жағымсыз жақтарын сынаумен ғана емес, олардың ұлт тағдырына тигізген әсерін қоса жырлайды» [1]. Демек, өлең тек әлеуметтік сатира немесе лирикалық мұң емес, ол – ұлтты ұйыстыратын рухани сілкініске үндейтін көркем үн. Ақынның аталған туындысында ұлттық рух үнемі қозғалыстағы, өз тамырын іздеген, болмысын сақтап қалуға талпынған рухани күш ретінде көрінеді. Тыныштықбек поэзиясында ұлттық рух, рухани тереңдік пен тарихи жад поэтикалық шеберлікпен тұтастып жатады.

«Абайша тек... жылағам» деген өлең жолдары Тыныштықбек поэзиясының рухани негізі хакім Абай дүниетанымымен сабақтас екендігін айқын көрсетеді. Бұл қоғамдық

әділетсіздікке, рухани дағдарысқа, ұлттық мұраттың аяқасты болуына деген қарсылықтың бейнесі. Ақынның «Абайша» деп нақты атау беруі – оның рухани-эстетикалық бағдарын ғана емес, ұлттық ойлаудың, ақындық миссияның тарихи жалғастығын білдіреді.

Осы тұста Тыныштықбек Әбдікәкімұлының «Қайран» өлеңі мен Абайдың «Қалың елім, қазағым, қайран жұртым» шығармасы мазмұндық және идеялық тұрғыдан үндес екендігін байқаймыз. Екі туынды да халықтың рухани күйреуін, елдің тұтастығын жоғалтуын поэтикалық арқау етеді. Дегенмен, олар бұл мәселені әртүрлі көркемдік құралдармен бейнелейді.

Абай өлеңінде қазақ қоғамындағы әлеуметтік кеселдер нақты әрі тікелей сыналады. Ол халықтың берекесіздігін, жалқаулығын, алауыздығын ашық айтады. Мысалы, «Бас-басына би болған өңкей қиқым, мінеки бұзған жоқ па елдің сиқын?» деген жолдар ел ішіндегі алауыздықты, әркімнің жеке пайдасын ғана ойлап, ортақ мүддеден айырылуын бейнелейді. Ал Тыныштықбек Әбдікәкімұлының «Қайран» өлеңінде мәселе терең символдық деңгейде көтеріледі.

«Тілім төресініп,
Көзім көсемсініп,
Құлағым құдайсынып;
дулығалы Басым үшке бөлініп!..
дуалы Аузым отыз рулы тіске бөлініп!..» [10] – деп, қазақ ұлтының ішкі бірлігіне түскен сызатты айқын көрсетеді. Мұндағы «тіл», «көз», «құлақ» – адамның дүниені тану құралдары ретінде ғана емес, тұтас ұлттың рухани коды, болашақты бағдарлауы мен тарихи жадты қабылдау қабілетін білдіреді. Олардың «төресініп», «көсемсініп», «құдайсынып» кетуі – ұлттық сананың бөлшектенуін, әркімнің өзін жеке дара билік иесі санауын меңзейді. «Дулығалы бас» – ерлік пен тұтастықтың, «дуалы ауыз» – дана сөз бен рухани көшбасшылықтың символы. Алайда олардың бөлініп, бытыраңқы бейнеде берілуі қазақ халқының алауыздығы мен ішкі дағдарысын аңғартады.

Осылайша, Абай поэзиясындағы әлеуметтік реализм мен Тыныштықбек поэзиясындағы мифологиялық-символдық бейнелеу бір арнада тоғысып, халықтың жоғалған рухын іздеу және елдің күйреуіне күйіну идеясын паш етеді. Екі ақын қолданған көркемдік тәсілдері әртүрлі болғанымен, түпкі идеясы ортақ: ұлттық бірлікті сақтап, рухани тұтастықты қорғау – халықтың болашағының кепілі. Демек, Абай мен Тыныштықбек поэзиясы арасында дәстүрлі жалғастық пен идеялық үндестік айқындалады.

«Қайран» өлеңі қазақтың тарихи тағдырын, ұлттық болмысын, рухани биіктігін тұтас қамтитын символдық образдар жүйесіне негізделген. Ахмет Байтұрсынұлының «Бернелеу біткеннің бәрінің лебіз мағынасынан басқа астыртын мағынасы болады. Бернелеу өте ұзақ болса, айтушы баяндап береді немесе тұспалдап көрсетіп қояды» деген тұжырымына сүйене отырып, төмендегі жолдардан қазақ халқының басынан өткен тарихи трагедияның астарын аңғаруға болады:

Қапиямды аңдығандар – қапсыра құшақтаған боп,
қабырғамды санап,
БақҰямды аңдығандар аңырғанды тонап!..

Бұл жолдар арқылы ақын ұлттың басынан өткен қилы кезеңдерді тұспалдап жеткізеді. Мұнда отарлық езгі мен кеңестік зобалаң сияқты тарихи трагедиялар көркем бейнеленіп, халықтың рухани күйі мен әлеуметтік зардаптары символдық түрде көрсетілген астарлап берілген. Өлең жолдарындағы «қапсыра құшақтаған», «қабырғамды санау», «аңырғанды тонау» тіркестері – отарлық жүйе мен кеңестік саясаттың қазақ халқының рухына, елдігіне, тәуелсіздігіне жасаған қысымын бейнелейді. «Қабырғамды санау» – ұлтты әлсіретіп, жан-жақты зерттеп, ішкі бірлігін бұзуды білдіретін астарлы метафора. Ал, «аңырғанды тонау» – қайғыға душар еткен халықтың ар-намысы мен байлығын иемдену деген мәнге ие. Ақын бұл жолдар арқылы қазақ халқының тарихындағы ең ауыр кезең – Ресей империясының отарлық саясатын, кеңестік дәуірдегі ашаршылық, репрессия мен рухани езгі сынды ұлттық трагедияларды тұспалдап жеткізеді. Бұл тұста Тыныштықбек поэзиясы тарихи-

философиялық мазмұнға ие болып, ұлттық жадыны жаңғыртатын поэтикалық кеңістікке айналады. Сонымен қатар, «БақҰям» сөзінің өзіндік жазылу ерекшелігі де назар аударарлық. Мұндағы бас әріппен жазылған «Ұ» – ұлттық құндылыққа, киелі ұяға (елге, жерге, отбасына) жасалған қастандықты білдіретін ерекше стилистикалық қолданыс. Ақын ұлтты – ұя, ал ұяны – киелі бақ деп танып, соны аңдығандар мен тонаушыларды рухани жау ретінде бейнелейді. Осылайша, бұл шумақта ұлттық қайғы, отарлық езгінің зардабы мен рухани дағдарыс ақын поэзиясына тән терең символизм арқылы көрініс табады. Шумақ соңындағы:

Мен Қазақпын,
Қызыр болған бір Ағам,
Қызырды атқан Қызыл болған бір ағам...

деген жолдар – бір жағынан мифтік-діни сана мен коммунистік дәуір арасындағы қарама-қайшылықты білдірсе, екінші жағынан – өз ішінен шыққан сатқынға деген наланы аңғартады. Қазақ түсінігінде Қызыр – ел аралап жүретін «әулие» бейнесі, адамға «бақыт» пен «дәулет» сыйлайтын күш иесі. Халық нанымында Қызыр (Қыдыр) қарт кісі кейпінде көрінеді, ал аңыздарға сәйкес, оны Бақ жетелеп жүреді деп айтылады. Ақын бұл жолдарда «Қызыр» бейнесін руханияттың, киелі дәстүрдің, ұлттық құндылықтардың символы ретінде, ал «Қызыл» сөзін кеңестік биліктің, отарлық жүйенің символдық бейнесі ретінде қолданады. Осы екі ұғымның қарама-қарсы қойылуы – тарихи қасіреттің көрінісі.

«Қызырды атқан Қызыл болған бір ағам» деген тіркес – кеңестік идеологияның ықпалына еріп, ұлттың рухани құндылықтарына қарсы тұрған, дінді, салт-дәстүрді жоққа шығаруға атсалысқан кейбір қазақ зиялыларына бағытталған астарлы сын. Бұл – ақынның өз ұлтының ішінен шыққан, бодандық саясатқа қызмет еткен тұлғаларға деген ренішін, рухани сатқындықты меңзеген терең толғанысы. Тарихи деректерге сүйенсек, отарлық саясат қазақ халқының рухани-мәдени негізін әлсіретуге бағытталды. 1867-1868 жылғы «Жаңа ережелермен» дәстүрлі билік жойылып, елдің саяси дербестігі тежелді. XX ғасырдың басында жер саясаты күшейіп, қазақ халқының атақонысы қоныстанушыларға берілді. Кеңестік кезеңде бұл үдеріс ұжымдастырумен жалғасып, 1929-1933 жылдары халық жаппай ашаршылыққа ұшырады. Осы қасіретті кезеңнің ең ауыр беттерінің бірі – 1937-1938 жылдардағы саяси қуғын-сүргін еді. «Халық жауы» деген жаламен ұлт зиялылары жазықсыз атылды. Мыңдаған оқығандар түрмеге қамалып, итжеккенге айдалды. Репрессия халықты ұлттық санадан, тарихи жадтан айыруға бағытталды. Бұл кезең қазақ руханиятының ең ауыр трагедиясына айналды.

Аталған тармақтар арқылы ақын ұлттық бірлікке сызат түскен тарихи кезеңдерді, сол дәуірдегі рухани күйзелісті, сондай-ақ осының бәріне қарамастан жоғалмаған үміт пен рухтың беріктігін көркем поэзия тілімен бейнелейді. Бұл жолдар – ұлттың рухани тарихының қасіретін де, күшін де қатар көрсеткен символдық мазмұндағы көркем поэтика.

Символдық поэзия – жасанды сезімталдық пен сыртқы әшекейлікті қабылдамайтын, керісінше, идеяны сезім арқылы ұғынылатын формаға көшіруге ұмтылатын поэтикалық ағым. Мұндағы форма мақсат емес, ол тек идеяны ашуға қызмет етеді және сол идеяға бағынышты [11]. Символдық бейнелер арқылы ақын адамзаттық әрі ұлттық болмыстың күрделі мәселелерін астарлап жеткізуге мүмкіндік алады.

Ақын өзінің ішкі әлемін, ұлтының тағдырын жеке бастың трагедиясы арқылы тұспалдап береді. «Ұлы Атам – Оғыз, Бір Атам – Қобыз…», «Өлеңмен егіз едім, Жеті Қазынаммен сегіз едім!» деген поэтикалық тіркестер арқылы ақын ұлттың рухани болмысын, мәдени кодын қайта тірілтеді. Бұл жолдар өткеннің ұлылығын, оның бүгінгі күні жойылып бара жатқанын көрсететін символдық бейнелер. «Оғыз» – күллі түркі жұртының арғы тегі, ал «қобыз» – қазақтың дүниетанымында киелі өнер мен рухани тектіліктің белгісі. «Өлеңмен егіз болу», «Жеті қазынамен сегіз болу» – жай ғана теңеу емес, бұл – ұлттың дүниетанымын бойына сіңіріп өскен тұлғаның өз болмысын халқымен, оның арман-мақсатымен бір көруі. Жеті қазына – халқымыздың дәстүрлі дүниетанымындағы негізгі философиялық түсінік. Ол тек материалдық құндылықтар жиынтығы емес, ер жігіттің өмірлік кемелдігін, рухани болмысын, қоғамдағы орнын белгілейтін символдық ұғымдар жиынтығы болып саналады.

Қазақ халқы Жеті қазынаны күнделікті тұрмыс-тіршілігімен байланыстырып, оның ұғымына ер жігіт, сұлу әйел, құмай тазы, берен мылтық, жүйрік ат, қыран бүркіт, ақыл-білімді жатқызады. Ақын осы құндылықтарды меншіктеп айту арқылы өзінің ұлттық сана мен рухтың жалғасы екенін меңзейді. Ақынның «сегізінші қазынасы» – дәстүрлі жеті қазынаға қосылған шығармашылық қуаты, рухани даралығы. Осы арқылы ақын өз болмысын ұлттық мұрамен сабақтастырып, өткен мен бүгін арасындағы рухани байланысты, ұлттық сана мен мәдени дәстүрдің сабақтастығын символдық түрде ашады. Осылайша, Тыныштықбек Әбдікәкімұлының поэзиясы тек ұлттық рухты бейнелеу деңгейінде қалмай, оны қазіргі заманның көркемдік ой-өрісімен үйлестіретін философиялық-символдық кеңістікке айналады. Ақынның шығармашылығында ұлттық ұғымдар – тіл, дәстүр, табиғат, рухани мұра – біртұтас көркем жүйе ретінде өрнектеледі. «Қайран» өлеңінде бұл ұғымдар арқылы қазақ халқының тарихи тағдыры, ұлттық санадағы дағдарыс пен бірлікке деген үміт символдық түрде айқындалады. Ақын өз лирикалық кейіпкері арқылы тек жеке адамның ғана емес, тұтас ұлттың рухани ізденісі мен тарихи жадын бейнелейді.

Тыныштықбек Әбдікәкімұлының «Қайран» өлеңі – қазақ халқының рухани болмысын, ұлттық рухын, өткен мен бүгін арасындағы сабақтастықты, сондай-ақ қоғамдағы терең әлеуметтік мәселелерді көтеретін көркем шығарма. Өлеңде ұлттық рухтың әлсіреуі, тарихи жадының көмескіленуі, рухани дағдарыс пен өзекті мәселелер символдық тұрғыда айқын бейнеленген. Ақын өз шығармасында қазақ халқының өткені мен бүгінін салыстырып, ұлттық болмыс пен рухтың өзгеруіне, әсіресе, кеңестік идеологияның қоғамға тигізген әсеріне ерекше назар аударады. Өлеңнің әрбір тармағы терең мағыналық құрылыммен өріліп, оқырманды өзімен бірге ұлттық рухтың күйзелісін, қазақ болмысының дағдарысын сезінуге шақырады. Өлеңдегі «БақҰя», «Қызыр», «Қызыл», «Жеті қазына» сияқты образдар ұлттық сана мен рухани дәстүрдің символына айналып, тарихи және әлеуметтік контекст арқылы оқырманға ұсынылады. Символдық бейнелер арқылы ақын өткен мен қазіргі заман арасындағы айырмашылықтарды көрсетеді. Ақынның тарихи жады мен ұлттық құндылықтарды жоғалтуға деген алаңдаушылығы өлеңнің басты тақырыбына айналған. Тыныштықбек Әбдікәкімұлы шығармашылығының ерекшелігі – ұлттық рухтың, құндылықтар мен дәстүрлердің жалғасымдылығын өлең арқылы жеткізе білуінде.

Қорытынды

Тыныштықбек Әбдікәкімұлының «Қайран» өлеңі – қазақ халқының рухани мұрасын, ұлттық болмысын, тарихи тәжірибесін және мәдени дәстүрін қазіргі заман контексінде көркем тіл арқылы бейнелейтін маңызды туынды. Ақын шығармашылығында ұлттық кодтар – тіл, дәстүр, табиғат, рухани мұра – біртұтас көркем жүйе ретінде көрініс табады. «Қайран» өлеңінде кеңестік кезеңнің әсерінен туындаған рухани дағдарыс, ұлт бірлігінің әлсіреуі, моральдық және мәдени құндылықтардың жоғалуы сияқты әлеуметтік және тарихи мәселелер символдық және метафоралық бейнелер арқылы ашылады. Өлеңде тек өткеннің зары ғана емес, қазіргі қоғамның болмысы мен рухани ахуалы да тұспалдап беріледі.

Зерттеу барысында өлеңдегі әрбір образ, метафора мен символ ұлттық болмысты, рухани жады мен ішкі жан дүниені танытатын көркемдік құрал ретінде қарастырылды. «БақҰя», «Қызыр», «Қызыл», «Жеті қазына» сияқты бейнелер қазақ халқының рухани мұрасын, тарихи тағдырын және ұлттық дәстүрін символдық деңгейде жеткізеді. Сонымен қатар, салыстырмалы талдау әдісі арқылы Тыныштықбек көтерген мәселелер мен қазіргі қоғамдағы рухани ахуал арасында терең байланыс бар екені айқындалды. Ақын поэзиясында ұлттық рух – үнемі қозғалыстағы, өз тамырын іздейтін, болмысын сақтап қалуға талпынған құндылық ретінде көрінеді.

«Қайран» өлеңінде тарихи және философиялық контекст арқылы ұлттық сана мен рухтың тұрақтылығының мәні көрсетіледі. Ақын мифологиялық және символдық бейнелерді пайдалану арқылы өткен мен бүгінді, жеке тағдыр мен ұлт тағдырын, дәстүр мен шығармашылықты үйлестіріп, ұлттық сана мен мәдени мұраның сабақтастығын көркем тілде ашады. Жеті қазына мен сегізінші қазына символдары арқылы ол ұлттық мәдениет пен рухани құндылықтарды жаңғыртып, өз шығармашылық қуатын дәстүрлі мәдени ұғымдармен сабақтастырады.

Осы тұрғыдан, Тыныштықбек Әбдікәкімұлының «Қайран» өлеңі тек көркем туынды емес, ұлт жадын жаңғыртатын, рухани және мәдени сабақтастықты дәріптейтін философиялық поэзия ретінде бағаланады. Ақын сөзі – ұлттық рухтың үні, оны түсініп зерделеу – бүгінгі ұрпақтың рухани парызы. Бұл туынды оқырманға тек эстетикалық әсер беріп қана қоймай, ұлттың рухани тарихы мен мәдени мұрасының мәнін түсініп, ұлттық сана мен құндылықтарды сақтау мен жаңғырту қажеттілігін ұғынуға мүмкіндік береді.

Әдебиеттер

1. Исмаилова Р.Н., Акатаева Ш.Б. Азаматтық лирика және ұлттық рух: қазақ поэзиясының көркемдік ерекшеліктері туралы // Қазіргі заманғы маңызды мәселелер. – 2020. – №4. – Б. 107-112.
2. Сейітова Ш.Б. Рухани құндылықтар – өмір арқауы // Әлеуметтік – гуманитарлық ғылымдар және жаңа технологиялар саласындағы қазіргі заманғы зерттеулер: Халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары. – Семей, 2016. – 27-28 сәуір. – Т. 1. – Б. 34-38.
3. Байтұрсынұлы А. Алты томдық шығарма жинағы. – Алматы: Ел-шежіре, 2013. – Т. I. – 384 б.
4. Әбдиманұлы Ө. Қазақ әдебиетіндегі ұлттық рух . – Алматы: Қазақ университеті, 2011. – 192 б.
5. Горнфельд А.А. Символистер // Брокхаус пен Эфронның энциклопедиялық сөздігі. – Санкт-Петербург, 1890-1907. – Т. 82. – Б. 82-84.
6. Байтұрсынов А. Әдебиет танытқыш. – Алматы: Атамұра, 2003. – 208 б.
7. Қабдолов З. Сөз өнері. – Алматы: Қазақ университеті, 1992. – 328 б.
8. Джонсон Г., Арп Т.Р. Литература Перрина: структура, звучание и смысл. – 3-е изд. – Boston: Cengage Learning, 2018. – С. 286-287.
9. Кеннеди К.Дж., Джойя Д. Литература: введение в художественную прозу, поэзию, драматургию и писательское мастерство. – 10-е изд. – New York: Pearson Longman, 2007. – 292 с.
10. Мореас Ж. Символизм [Электрондық ресурс]. – 2016, Wayback Machine.
11. Пратт У. The Imagist Poem: Modern Poetry in Miniature. – Ashland, OR: Story Line Press, 1963 (expanded ed. – 2001). – ISBN 1-58654-009-2.

References

1. Ismailova R.N., Akataeva Sh.B. Azamattyk lirika zhane ulttyk rukh: [kazakh poetry’s artistic features] // Kazirgi zamangy manyzdy maseleler. – 2020. – №4. – P. 107-112. (in Kazakh)
2. Seitova Sh.B. Rukhani kundylyktar – omir arkauy [Spiritual values – the basis of life] // Aleumettik-gumanitarlyk gylymdar zhane zhana tehnologiyalar salasyndagy kazirgi zamangy zertteuler: halykaralyk gylymi-praktikalyk konferentsiya materialdary. – Semey, 2016. – 27-28 April. – Vol. 1. – P. 34-38. (in Kazakh)
3. Baitursynuly A. Alty tomdyk shygarma zhinagy [Six-volume collected works]. – Almaty: El-shezhire, 2013. – Vol. I. – 384 p. (in Kazakh)
4. Abdimanuly O. Kazakh adebietindegi ulttyk rukh [National spirit in Kazakh literature]. – Almaty: Kazakh University, 2011. – 192 p. (in Kazakh)
5. Gornfeld A.A. Simvolisty [Symbolists] // Brokgauz pen Efronnyn entsiklopediyalyk sozdigi. – Saint Petersburg, 1890-1907. – Vol. 82. – P. 82-84. (in Russian)
6. Baitursynov A. Adebiet tanytkysh [Literary guide]. – Almaty: Atamura, 2003. – 208 p. (in Kazakh)
7. Kabdolov Z. Soz oneri [Art of words]. – Almaty: Kazakh University, 1992. – 328 p. (in Kazakh)
8. Johnson G., Arp T.R. Literatura Perrina: struktura, zvuchanie i smysl. – 3rd ed. – Boston: Cengage Learning, 2018. – P. 286-287.
9. Kennedy X.J., Gioia D. Literatura: vvedenie v khudozhestvennuyu prozu, poeziyu, dramaturgiyu i pisatelskoe masterstvo. – 10th ed. – New York: Pearson Longman, 2007. – 292 p.
10. Moréas J. Simvolizm [Symbolism] [Electronic resource]. – 2016. – Wayback Machine. (in French / via Russian translation context)
11. Pratt W. The Imagist Poem: Modern Poetry in Miniature. – Ashland, OR: Story Line Press, 1963 (expanded ed. 2001). – ISBN 1-58654-009-2.

А.О. Токсамбаева, Д.Д. Турсынова*
Шәкәрім университет,
071412, Республика Казахстан, г. Семей, ул. Глинки, 20 А
*ORCID: 0009-0009-4012-7683
*e-mail: dtursynova91@gmail.com

НАЦИОНАЛЬНЫЙ ДУХ В КАЗАХСКОЙ ПОЭЗИИ: СИМВОЛИЗМ В ТВОРЧЕСТВЕ ТЫНЫШТЫКБЕКА АБДИКАКИМУЛЫ

Аннотация. В статье всесторонне анализируется понятие национального духа и его отражение в современном обществе на основе творчества одного из ярких представителей современной казахской поэзии – Тыныштыкбека Абдикакимулы. Поэзия поэта рассматривается как художественный феномен, обладающий глубоким философским смыслом и направленный на сохранение национального сознания и исторической памяти. В исследуемом стихотворении автор образным языком выражает угрозу духовной сущности нации, утрату исторических корней, ослабление системы ценностей, размывание традиций и этнического кода. Через поэтическое слово поэт передаёт внутренние противоречия между человеком и обществом, цивилизацией и природой, а также состояние духовного кризиса. В статье анализируются способы символического выражения в поэтическом пространстве, семантическая нагрузка символов, система образов и мифопоэтические структуры, используемые для актуализации национального кода и традиционного мировоззрения. В процессе исследования рассматривается влияние творчества поэта на духовные ценности современного общества, его роль в формировании национального самосознания и нравственной чистоты у читателя, особенно среди молодёжи. В результате выявлено, что поэзия Тыныштыкбека Абдикакимулы обладает не только эстетической ценностью, но и служит духовным инструментом сохранения и возрождения национального наследия. Национальный дух в его поэзии выступает как прочный мост между прошлым и настоящим, а поэтический голос поэта – как ориентир духовных поисков и ценностных ориентиров современного общества.

Ключевые слова: Тыныштыкбек Абдикакимулы, национальный дух, ценности, казахская поэзия, духовный кризис, символизм, глобализация.

A.O. Toxambayeva, D.D. Tursynova*
Shakarim University,
071412, Republic of Kazakhstan, Semey, 20 A Glinka str.
*ORCID: 0009-0009-4012-7683
*e-mail: dtursynova91@gmail.com

THE NATIONAL SPIRIT IN KAZAKH POETRY: SYMBOLISM IN THE WORKS OF TYNYSHTYKBEK ABDIKAKIMULY

Abstract. This article provides a comprehensive analysis of the concept of national spirit and its manifestation in contemporary society through the lens of the works of one of the prominent representatives of modern Kazakh poetry – Tynyshtykbek Abdikakimuly. The poet's work is viewed as an artistic phenomenon imbued with deep philosophical meaning, aimed at preserving national consciousness and historical memory. In the selected poem, the author vividly depicts the threats to the spiritual essence of the nation, detachment from historical roots, the weakening of the value system, and the fading of traditions and cultural identity. Through poetic language, the poet conveys a profound sense of spiritual crisis, as well as internal conflicts between the individual and society, civilization and nature. The article analyzes the use of symbolic meanings within the poetic space and the semantic load of symbols. Special attention is given to the system of imagery and mythopoetic structures employed to revitalize the national code and convey traditional worldview. The study examines the impact of the poet's works on the spiritual values of modern society, his role in shaping national consciousness and moral clarity in the reader's mind, especially among the younger generation. The results reveal that Tynyshtykbek Abdikakimuly's poetry holds not only aesthetic value but also serves as a spiritual instrument for preserving and reviving national heritage. The national spirit in his poetry acts as an unbreakable bridge between the past and the present, while his poetic voice becomes a guiding force in the spiritual quest and value orientation of today's society.

Keywords: Tynystykbek Abdykakimuly, national spirit, values, Kazakh poetry, spiritual crisis, symbolism, globalization.

Авторлар туралы мәлімет

Токсамбаева Айман Омарқанқызы – филология ғылымдарының кандидаты, профессор. «Шәкәрім университеті» КеАҚ қазақ филологиясы кафедрасы, e-mail: aiman-63@mail.ru, ORCID: 0000-0002-8744-2615.

Турсынова Дильназ Дулатқызы*– «Шәкәрім университеті» КеАҚ «Қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімдерін даярлау» ББ магистранты, e-mail: dtursynova91@gmail.com, ORCID: 0009-0009-4012-7683.

Сведения об авторах

Токсамбаева Айман Омарқанқызы – кандидат филологических наук, профессор. Кафедра казахской филологии, НАО «Шәкәрім университет», ORCID: 0000-0002-8744-2615, e-mail: aiman-63@mail.ru.

Турсынова Дильназ Дулатқызы* – магистрант НАО «Шәкәрім университет» по образовательной программе «Подготовка учителей казахского языка и литературы», e-mail: dtursynova91@gmail.com, ORCID: 0009-0009-4012-7683.

Information about authors

Aiman Toxambayeva – candidate of philological sciences, professor. Department of Kazakh Philology, Shakarim University, e-mail: aiman-63@mail.ru, ORCID: 0000-0002-8744-2615.

Dilnaz Tursynova* – master's student at Shakarim University, Educational Program «Training of kazakh language and literature teachers», e-mail: dtursynova91@gmail.com, ORCID: 0009-0009-4012-7683.

Редакцияға енуі 04.07.2025
Өңдеуден кейін түсуі 26.07.2025
Жариялауға қабылданды 26.09.2025

https://doi.org/10.53360/3080-3861-2025-3(3)-14
GRNTI: 17.71.07

A. Güzel
Başkent Üniversitesi, Türkiye, Ankara
ORCID: 0000-0003-2896-1156
e-mail: aguzel56@gmail.com

SÜLEYMAN HAKÎM ATA BAKIRGANÎ'NİN ESERLERİNDE HİKMET GELENEĞİ

Özet. Bu çalışma, Süleyman Hakîm Ata Bakırganî'nin eserlerinde yer alan hikmet geleneğini kapsamlı biçimde incelemektedir. Araştırmada öncelikle "hikmet" kavramının tasavvufî, felsefî ve tarihî boyutları ele alınmakta, Ahmed Yesevî ile başlayan bu geleneğin düşünsel temelleri ayrıntılı biçimde ortaya konulmaktadır. Hikmetlerin, sadece bireysel bir maneviyat aktarımı değil, aynı zamanda toplumsal bilinç, ahlaki ilkeler ve değer sistemini inşa eden önemli bir işlev gördüğü özellikle vurgulanmaktadır. Bu bağlamda hikmetler, dini-tasavvufi öğretilerin halka aktarılmasında hem öğretici bir araç, hem de sosyal düzeni koruyucu bir unsur olarak değerlendirilmiştir. Ayrıca hikmetlerin, toplumun kültürel sürekliliğini sağlayan, bireyler arası iletişimi güçlendiren ve dini-sosyal kimliğin pekişmesine katkıda bulunan bir unsur olduğu da belirtilmektedir. Çalışmada nitel araştırma yöntemleri, karşılaştırmalı analiz, literatür taraması ve metin çözümleme teknikleri uygulanmış; Süleyman Hakîm Ata'nın eserleri, Yesevî geleneğinin sürekliliği bağlamında ele alınmıştır. Bulgular, hikmetlerin didaktik yönünü, dini-tasavvufi değerlerin aktarımındaki rolünü ve edebiyat tarihindeki merkezi konumunu ortaya koymaktadır. Sonuç olarak, Süleyman Hakîm Ata'nın hikmetleri yalnızca edebî ürünler değil, aynı zamanda sosyal, kültürel ve ahlaki değerlerin taşıyıcısıdır.

Anahtar Kelimeler: hikmet, Süleyman Bakırganî, Ahmed Yesevî, Tasavvuf, Türk Edebiyatı.

Giriş

Kavram Olarak Hikmet

Sözlük anlamı itibariyle Hikmet;

‘Ahmed Yesevi tarzında yazılan dini-tasavvufî manzumelerdir. Bu cümleden olarak Hikmet; Cenâb-ı Hakk’ın her şeyi yerli yerince yaratma, her şeyi lâyık olduğu yere koyma sırrı, âlemin insanlar tarafından anlaşılmayan gizli amacı; Allah’ın kulun kalbine eşyanın hakikati hakkında koyduğu, akılla elde edilemeyen kalbî ilim, eşyanın hakikatini olduğu gibi bilme; Tanrı ile kâinat, insanla âlem arasındaki bağları, âlemle ilgili gerçekleri kavrama ilmi, ledün ilmi; bir şeyin oluşumunda akıl erdirilemeyen gizli sebep, hak ve hakikate uygun, kısa ve manalı ifadeler’ [1] şeklinde özetleyebiliriz.

Istılahı anlamı itibariyle ‘Hikmet’;

‘İlâhi sırların ve gerçeklerin bilgisi, varlıkların var oluş amaçlarının kavranması, sebeplerle bunların sonuçları arasındaki ilişkilerde ilâhi iradenin rolünün keşfedilmesi’ anlamında kullanılır. İlk Sufiler de hikmeti;

‘Kalbin ilâhi sırlara vâkıf olaması, hak olanı söylemek’ şeklinde tarif etmişlerdir. Yine Sûfilere göre hikmet;

‘Kesbî, yani çabayla kazanılan, özenle korunan çok değerli gizli bir bilgidir’.

Yesevilikte ‘Hikmet’:‘Ahmed Yesevi tarzında yazılan dini-tasavvufi manzumelere verilen isim’dir. Kaynaklarda, ‘hikmet-âmiz’ sözleriyle meşhur olan Hakîm Süleyman Ata, asırlardır devam eden ününü bu ‘Hikmet kavramı/geleneği’nden almıştır. ‘Hakîm’ adı verilir [2]. Dalayışıyla bu bilgiye sahip olan kişilere ‘Hakîm’ adı verilir.

Bir rivayete göre Süleyman Bakırganî, şeyhi Hoca Ahmed Yesevî’den el aldıktan sonra Ürgenç vilâyetinde irşâda başlamıştır. Doksan beş yıl ömrü olmuş, yetmiş yıl Hızır ile sohbet ettiği ve beş bin müridi olduğu söylenmektedir [3].

Yesevilik Silsilesi’nden gelen Hakîm Ata için; zâhir-bâtın ilimlerine sahip, Merâtib-i erbâ’nın ‘Şeriat ilmi için otuz bin, Tarikat ilmi için otuz bin ve Hakikat ilmi için de otuz bin HikmetTürü’nde şiirler söylediği rivayet edilmektedir.

Materyaller ve Yöntemler

Bilindiği gibi bu Süleyman Hakîm Ata, Ahmed Yesevî’nin ‘Hikmet Geleneği’niTürkler arasında en mükemmel bir şekilde devam ettirmiştir. Şöyle ki, bu dervişler özellikle ‘lirizm, güzellik ve sanat’ endişesine kapılmadan, fakat didaktizm metoduyla bu hikmetleri bir ‘telkin vasıtası’ olarak kullanmışlardır. Bir noktada ‘telkin devri’ de diyebileceğimiz bu tasavvufi akım, bir yandan Orta Asya, Anadolu ve Harezm sahalarında hızla yayılmış, diğer yandan da daha sonraları Türk Edebiyatı’nın ilk disiplinlerinden olan ‘Dini-tasavvufi Türk Edebiyatı’ devrini açmıştır. Böylece Orta Asya’da Ahmed Yesevî ile başlayan ve Türklerin yaşadığı her coğrafyada sekiz yüz yıldan beri her Türkün ilham kaynağı haline gelen bir ‘Hikmet geleneği’ kurulmuş oluyordu [4].

Hikmet Geleneğinin Konuları

Hakîm Ata; ‘Yesevi-Hikmet Geleneği’ni Türk Dünyasında, en büyük temsilcilerinden biridir. Eserlerinde, genellikle Kur’an-ı Kerim’in itikadi ve ibâdî hükümlerini, siyer-i nebeviyi temel merkez ve kaynak olarak kullanmıştır. Bakıganî’nin Hikmet ve Kıssalar’ında adı geçen; Hz. Muhammet Mustafa (s.a.v.), Hz. Fatma, Resul, Cebrail, İbn-i Abbas, Hz. Ali, Hz. Ömer, Hz. Osman, Hz. Hz. Yusuf, Kenan, Rahman, Hz. Hızır, Hz. İlyas, Hz. Musa, Sühan, Azim, Cüneyt, Hasan, Hz. İsmail, İsrafil, Hz. İsa, Azrail, Deccal, Bibi Meryem ..vb’leri tamamen Kur’an, İncil ve diğer dinî kitapların kahramanlarıdır [5].

Bu cümleden olarak Hakîm Ata, ‘Hikmet Geleneği’nin konuları bir bütünlük içinde ‘İslâmi unsur’lardır. Edebî geleneğimizdeki şekil ve vezini da ‘milli unsur’dur. Ayrıca bu unsurları hayata geçirirken ‘telkin ve irşat metodu’nu kullanmışlardır. Görüşte belki bu hikmetlerin bir sanat değeri olmayabilir, fakat tarihi ve manevi tesiri itibariyle oldukça büyüktür. Çünkü Türkler’in İslam öncesinde var ve aynı olan bu ‘İslami inanç sistemleri’, aynı zamanda edebi mahsüllere de yansımış ve onu topluma kabullendirebilmek için ‘telkin ve irşad metodunu’ kullanmışlardır. Bu ‘irşad metodu’ ile; ilk dönemlerde halkın rağbetini kazanmakla kalmamış, göçebe Türkmenler arasında yerleşip kuvvetlenmesini, dini-tasavvufî esasları da, sufiyane duygularla yaşamasını da günümüze değin sağlamışlardır.

Hikmet geleneği'nin meydana gelmesinde en büyük etken; Hoca Ahmed Yesevî'nin büyük bir tarikat kurucusu olması ve bu tarikatın hızla geniş tüm Türk coğrafyasına yayılması ve yaşamasıdır diyebiliriz. Bu vesile ile İslam kültürü dairesine giren bu 'Sır-derya Türkleri', şeklen ve inanç itibariyle kendilerine yabancı gelmeyen 'Hikmet'lere ve bu vesile ile devam eden 'Hikmet geleneği'ne büyük değer vermişlerdir. Genel anlamda bu Hikmetler, konusu itibariyle de kendilerini çok ilgilendirdiğinden, kısa zamanda halk arasında manevi bir bağ kurulmasını sağlamıştır. Böylece 'Yesevî tarikatı'na mensup olan veya olmayanlar 'Divan-ı Hikmet'teki hikmetleri okuyup ezberlemeye başlamışlardır. Bu şahsiyetlerden bir kısmı bu tarzda şiirler söylemeye, diğer bir kısmı da bu manevi havayı yaşamaya devam etmişlerdir.

Hikmetler,'zikir meclisleri'nde okunmuş ve bu okunuşa 'kutsî ve'âyinî bir mâhiyet' verilmiştir. Bu 'hikmet geleneği', Türklerin bulunduğu her coğrafi bölgede 'dini-sufiyene gayeler'le yayılarak, halk arasında devamlı bir şekilde genişleyerek sekiz-dokuzyüz yıldan buyana hâlâ tazeliğini korumaya devam etmektedirler [6].

Bir yandan Ahmed Yesevî'nin Hikmet'leri, diğer yandan da Süleyman Hakîm Ata'nın bütün hikmetleri amaçlarına uygun olarak 'öğretici-didaktik bir özellik' taşımaktadır. Bu durum Şibâni Han'ın Risâle-i Maârif-i Şibânî'sinde çok açık bir şekilde verilmektedir. Zeki Velidi Togan, Orta Asya göçebe Türklerinin sosyal hayatından söz ederken, Süleyman Hakîm Ata'nın halkın hayatı üzerindeki etkisinden;

'Orta Asya'nın göçebe Türkleri; Özbek, Türkmen, Kazak ve Başkurtlar arasında hükümetle temasta bulunan, yahut onun tarafından nasbedilen Kadı'lar, 'ulamâ-i rüsûm'dan başka bir de halk içinde halk olup yaşayan, onun âhını dinleyen ve onu avutmağa çalışan, çok defa okuyup yazması da olmayan köylü 'demokrat işan'lar bulunur. Bunlar aşiret teşkilatını muhafaza eden Türkler arasında kabile, yahut onların şubelerinin pîrleri sayılırlar. Rahman İzler, Dükçi İşan bu gibi şeyhlerdendir. Bu İşan'ların eski pîrlerinden olan HAKÎM HOCA BAKIRGAN kendi zamanındaki Buhara ve Harezm aristokrasisi ulamasını teşkil eden 'sadr'lara ve zamanın müstebid hükümdarlarına karşı muhalefet fikirlerini telkin ediyorlardı diye bahsediyordu [7].

Hekim Ata'nın hikmetlerinde,tasavvufî öğretiler ve Allah'a olan sevgi ayan beyan ortadadır. O, Allah yolunda çektiği sıkıntıları her şeyden daha değerli görmektedir. Bu cevri cefanın merhemini de Tanrı'nın nefesinde aramaktadır.

This article offers a comprehensive study of the wisdom (hikmet) tradition in the works of Süleyman Hakîm Ata Bakırganî. The research first examines the mystical, philosophical, and historical dimensions of the concept of hikmet, emphasizing the spiritual foundations established by Ahmed Yesevî and the continuation of this tradition across centuries. Hikmets are highlighted not only as tools for individual spiritual enrichment but also as important cultural phenomena that construct collective consciousness, moral principles, and value systems. In this regard, they are evaluated as both didactic instruments for transmitting Sufi teachings and as stabilizing factors for maintaining social and ethical order. Moreover, hikmets are described as elements that ensure cultural continuity, strengthen spiritual bonds among individuals, and contribute to the consolidation of religious and social identity. The study employs qualitative methods, comparative analysis, literature review, and textual interpretation, treating Süleyman Hakîm Ata's works as an extension of the Yesevî tradition. The findings reveal the didactic function of hikmets, their role in the dissemination of religious and mystical values, and their central place in the history of literature. Ultimately, Süleyman Hakîm Ata's hikmets are characterized not only as literary heritage but also as enduring carriers of social, cultural, and moral values. beyitlerinin lirik kahramanı, maşuğunu göremediği için cefakâr duygularla mücadele ediyor. Bir baktığında feryat ü figan içerisinde, bir başka yerde, başka duygular peşinde gönül yürütmekle rahatlıyor. Yine başka bir yerde maşuğuna ulaşmanın yollarını ararken bin bir hayalle adeta ölüp diriliyor.

Hekim Ata'ya göre Müslümanlar her şeyden önce İslâm'ın, 'itikad, ibâdet, ahlakîhükümlerini' yerine getirmekle mükelleftir. Onlar da: 'Amentü'nün altı şartı, İslam'ın beş şartı ve ahlaki hükümler'dir.Yaratılan her insan, Allah'a karşı olan borçlarını, günlük beş vakit namazını kılmalı, her Ramazan ayında Oruç'unu tutmalı ve daima tövbe-istiğfaretmeli, iki günü birbirine eşit olmayacak

şekilde çalışmalı, üretmeli, Türk-İslam dünyasını dünyanın en müreffeh bir milleti haline getirmek suretiyle büyük gayeye, Allah'ın huzuruna gidilecek'Vuslat yoluna' hazırlamalıdırlar.

